1929 ж. қаңтар-ақпан айларындағы Саясибюроның отырысында олар арасында өткір пікірталас болып, Бухарин, Рыков және Томский елдегі мүшкіл экономикалық және саяси жағдайды сынға алды. Осы жылдың сәуіріндегі ВКП(б)-н ОК және ЦКК Пленумында шиеленіс ушыға түсті. Бухариннің жақтастары аз болып, Сталиннің баяндамасы дөрекілеу болды және Бухариннің саяси қызметтегі қателіктерін атады. Біз бүгінгі таңда көріп отырғанымыздай сол кездегі «оңшылдар» пікірлерінің дұрыстығын көреміз. Осы жылдың қарашасында ОК-н кезекті Пленумында Рыков өзінің Бухарин мен Томскийдің атынан «үштіктің» партияны қолдайтындығын білдірген. Бірақ бұл кеш еді. Бұл Пленумында ОК Бухаринді Саясибюро құрамынан шығарып, қалғандарына ескерту берді. «Оңшыл» оппозиция жеңілді. 1930 ж-н маусым-шілде айларындағы ВКП(б)-н съезінен кейін М. Томский мен Рыков қызметтерімен қоса Саясибюро құрамынан да шығарылды. Бухарин басқа да қызметтерді атқара берді. XVI съезден кейін олар ВКП(б) ОК-н құрамында қалдырылса да, XVII съезден кейін олар ВКП(б) ОК-н мүшелігіне кандидат ретінде ғана қалды [4, 168-180 б.б.].

Коллективтендіру басталуымен ауыл шаруашылығында да «зиянкестер» керек болды. Белгілі агроном ғалымдар А. Чапанов, Н. Кандратьев және т.б. тұтқындалды. Оларды сәл кейінірек «ұлы тазарту» жылдарында ату жазасына бұйырды.

1930 ж. Менжинскийдің басшылығымен «Весна» атты кодтық атаумен операция жүргізіліп, жалған айыптаумен Қызыл Әскер офицерлері мен генералдарының бес мыңға жуығы тұтқындалды (бір бөлігі атылып кетті). 1930-1931 ж-ры кейбір деректерге қарағанда бұрынғы императорлық офицер мен генералдың 130-ы атылған [2, 43-44, 57-58, 62-67 б.б.].

1936 ж. 23 тамыздағы жоғарғы сот Ульрихтің шешімі бойынша Зиновьев, Каменев, Смирнов бастаған айыптаушылар РСФСР-н қылмыстық заңының 58-бабы бойынша ату жазасына ұшырады [8, 150-153 б.б.]. Ал, Бухарин, Рыков, Крестинский, Ягода т.б. 1938 ж-н 13 наурызында ату жазасына бұйырылды. [4, 322, 330, 337 б.б.] Троцкийдің ізіне Сталиндік тыңшылар жұмылдырылып, 1940 ж. 20 тамызда Троцкий Мексикада жас испандық коммунист Меркадер тарапынан ауыр жарақат алып, ауруханада қаза болды. Ал Сталин Рамон Меркадерді Кеңес Одағының батыры атағымен салтанатты түрде құттықтады [4, 349-352 б.б.].

Көріп отырғанымыздай Менжинскийдің ОГПУ басшысы болып келуімен қатар бұл орган сол кезде күшейіп келе жатқан И.В. Сталиннің қолына шоғырлана бастады. Ол ақырындап ел басқаруда өз қауіпсіздік органының күшіне, басшыларына арқа сүйеді.

Лениннің қазасынан да бұрын басталған билік үшін тартыс және оның өлімінен кейінгі ішкі партиялық өзара күрес алда келе жатқан жаппай Сталиндік саяси қуғын-сүргіннің басы болатын. Ішкі партиялық әр түрлі пікірліліктен басталған билік үшін күрес кейіннен Сталин өз жауларын, қарсыластарын құрту мақсатында НКВД-н күшін пайдалануына алып келді.

Осы XX ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысынан басталған ашық түрдегі билік үшін күрес 1934 жылғы С.М. Кировтың өлімінен кейінгі елдегі жаппай репрессияға алып келді. И.В. Сталин өз қарсыластарын оппозиция ретінде атап, оларға әртүрлі айып тағып, көзін құрту мақсатында қанды қол НКВД органының күшін пайдаланды. Бұл орган болса, өз кезегінде Сталиннің барлық саясатын орындап, оның жоспарларын орындауға тырысты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зенькович Н. «Самые закрытые люди» М – 2004 г.
2. Соколов Б. «Наркомы террора» М – 2005 г.
3. Расторгуев С.В. «История России» М – 2007 г.
4. Медведев Р. «О Сталине и сталинизме» М – 1990 г.
5. Волкогонов Д. «Триумф и трагедия» М – 1989 г.
6. // «Континент» 2003 г. 12-15 март.
7. // «Вопросы истории КПСС» 1989 г. №3,
8. «Инквизитор: Сталинский прокурор Вышинский» М – 1992 г.

ӘОЖ 342.536.12 (574)

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ

А.Ә. ЖҰМАБЕКОВ

кіші ғылыми қызметкер, Назарбаев орталығы, Астана қ.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Жас Тәуелсіз мемлекеттің берік іргетасын қалау мен оның қабырғасын тұрғызу оңай болмаған.

1990-1991 жылдардағы маңызды тарихи оқиғалар елдің егемендігі мен тәуелсіздігінің негізін қалап берді. Осылайша, Қазақстан өзінің тәуелсіздігін әлемге паш етті. Елбасымыз Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы ретінде оның бас қасында жүрді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, әсіресе, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы өте ауыр еді. Өндірістік орындардың жұмысы тоқтап, тұрғындар жұмыссыз қалып, жалақыларын айлап ала алмай жүрді. Тағдырдың қалауымен еліміз көп ұлтты елге айналды.

Осындай күрделі жағдайдың алдын-алу үшін Президенттің бастамасымен елдің тұңғыш ресми құжаты қабылданды. Бұл 1992-1994 жылдарға арналған «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуы стратегиясы» деп аталады. Осы құжатта еліміздің алдағы үш жылға даму жоспары жасалынды. Оларға нақты тоқтала кететін болсақ, елді тиімді басқаратын мемлекеттік институттар құру, соның ішінде күшті президенттік басқару институтын қалыптастыру, шет мемлекеттермен қарым-қатынас орнату және әлемдік беделді ұйымдарға мүше болу, нарықтық қатынас орнату секілді мәселелер қаралды. Бұлар кейіннен Қазақстанның одан әрі қарай да дамуының негізі болып қаланды.

Елбасымыз тәуелсіздік алған жылдардан бері ұлтаралық татулық пен бірлікке үлкен көңіл бөліп келеді және оны әрбір сөзінде қайталап отырады. Осыған байланысты 1995 жылы Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы атты елімізде бірегей институт құрылды. Елбасының тікелей қолдауымен құрылған бұл институт қазіргі кезде елдегі ұлтаралық татулықты нығайтуда маңызды рөл атқаруда. Оның қызметі өзінің өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Бүгінгі таңда елімізде 130 астам ұлт пен 17 конфессия бейбіт өмір сүруде. Біздің елімізде әрбір ұлт өзінің төл мәдениетін дамытуға, ана тілін үйренуге, салт-дәстүрін ұстануына барлық жағдай жасалған.

1995 жылы 30 тамызда қазіргі қолданыстағы ата заңымыз алғаш рет халықтық референдум бойынша қабылданды. Бұл ел тарихындағы маңызды тарихи оқиғалардың бірі болып табылады. Жаңа Ата заң елдегі билік тармақтарының қызметін айқындап берді. Ата заң бойынша Қазақстан Республикасы демократиялық, унитарлық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет болып жарияланды. Қос Ата заңның қорытындысы бойынша еліміз Президенттік республика болып анықталды. Қазақстанның негізгі демократиялық қағидалары – адам құндылығы, адам құқығы мен бостандықтары саналды. Сонымен қатар жаңа заң бойынша екі палаталы парламент жүйесі енгізілді. Жаңа Ата заңды жасауда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың еңбегі зор және оның негізін қалаушы десек те болады.

Бұл уақытта Қазақстанның өз даму тәжірибесі қалыптасып, қай жағынан алып қарағанда да алға жылжудың белгілері бар еді. 1995-1996 жылдары Президент Н.Ә. Назарбаев дамудың ұзақ және қысқа мерзімді стратегиясын жасауға шешім қабылдады. Осы құжатта еліміздің болашақтағы даму жолы мен оның нақты межесі айқындалды. «Қазақстан – 2030» даму Стратегиясы 1997 жылы 10 қазанда Елбасының «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты алғашқы халыққа Жолдауында жариялады. Ондағы негізгі басымдықтар ұлттық қауіпсіздік, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған еді. Бұл сол кезеңдегі ТМД елдерінің арасында бірінші болып қабылданған стратегиялық құжат болып саналады. Еліміз үшін маңызды бұл құжатты жасауда Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың ерен еңбегі мен ерік жігерін, стратегиялық көрегендігін айта кету аса маңызды.

«Қазақстан – 2030» даму Стратегиясы 15 жылдың ішінде біздің мемлекеттілігімізді қалыптастыруда зор ықпал етті. Қай салада болмасын аз уақыттың ішінде ауыз толтырып айта алатын жетістіктерге жеттік. Ұлттық қауіпсіздікте ең бастысы еліміздің тұтастығы сақталды. Көрші елдермен 14 мың шақырым шекарамызды заңды түрде бекіттік. Стратегияда басты басымдық экономикалық өсімге берілген еді. Ұлттық экономиканың көлемі 1997 жылғы 1,7 триллион тенгеден 2011 жылы 28 триллион тенгеге өскен. ІЖӨ 16 еседен астам өсіп, бұл көрсеткіш бойынша алдыңғы қатарлы елдерді басып оздық. Жан басына шаққанда ІЖӨ 1998 жылғы 1500 доллардан 2012 жылы 12 мың долларға жетіп, 7 еседен астам өскен. Еліміздің әрбір азаматының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты жақсарды. Осы уақытқа дейін жалақы мен зейнетақы еселеп өсті. Халықтың денсаулығы жақсарып, соның нәтижесінде елімізде өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа дейін ұзарды. Мемлекеттік басқару институттары қалыптасты.

Еліміздің аса маңызды тарихи оқиғаларының бірі деп 1997 жылы астананың Алматыдан жаңа Елордамыз Астанаға ауысуын айтсақ болады. Астана – Елбасының төл туындысы. Астанамен тәуелсіз тарихымыздың жаңа беті ашылды. Астананың ауысуы дер кезінде қабылданған шешім және еліміз үшін қай-жағынан алып қарағанда да тиімділігі орасан екендігін дәлелдеді. Қазіргі кезде Астана еліміздің бүкіл әлем алдындағы мақтанышына айналды. Ол Қазақстанның қазіргі жетістіктерінің көрінісі болып табылады.

1998 жылдың өзінде ЮНЕСКО-ның ұйғаруымен Астана «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағын иеленді. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуды қоспағанда, тұрақты этникааралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жас қаласына берілген.

Өткен жылы Астанада әлемдік және дәстүрлі діндердің съезі болып өтті. Осымен төртінші рет өткізіліп отырған жиынға әлемнің 40 елінен 85 делегация келіп қатысқан. Қазіргі таңда Елордамыз Астана әртүрлі әлемдік және өңірлік беделді ұйымдардың жиынын өткізетін орталыққа айналған. Еліміз үшін ендігі жауапты міндет ол Астана ЭКСПО-2017 көрмесін лайықты түрде өткізу.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігінің 10 жылдығы қарсаңында бұрынғыдай қиын-қыстау кезеңдерді артқа тастап, дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Бұл жөнінде Президент «Қазақстан жолы» атты еңбегінде былай деп жазады: «Тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейінгі он жылдан соң, посткеңестік кеңістікте, Қазақстан көптеген салаларда көшбасшы болды. Елімізде тұрақты әлеуметтік-саяси жағдайдың сақталуы, ұлттық валютаның табысты енгізілуі, халықаралық қаржы институттарына кіруі және экономиканың әкімшіл-әміршіл принциптерінен түбегейлі бастартуы, осының нәтижесінде, халықаралық қауымдастықтың Қазақстанды мойындауы – экономика саласын реформалаудың алғашқы кезеңіндегі басты жетістіктер осындай болды».

Бұл кезде еліміз осындай жетістіктерге жете отырып, тек шикізат көзіне бай мемлекет болып қалуы жеткіліксіз еді. Тұрақты дамуымыз үшін шикізаттық емес салаларды да дамыту қажет болды. Осыған байланысты еліміз «2003-2015 жылдарға арналған Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясын» қабылдады. Бұл осы бағыттағы жұмыстың бастамасы еді. 2010 жылы Президенттің жарлығымен елді үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Ол бүгінде жалпы құны 11 триллион теңге болатын 706 жобаны біріктіріп отыр.

2004 жылы Президент Н.Ә. Назарбаев «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін», «Бәсекеге қабілетті экономика үшін», «Бәсекеге қабілетті халық үшін» деп аталатын кезекті халыққа Жолдауында: «Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі ұлттың тек материалдық қана емес, рухани баюына да әкелуі тиіс. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі – бұл оның әрбір өкілінің бәсекеге қабілеттілігі, оның әзірлік деңгейі, білімі мен жеке басының дамуы» деп бәріміздің есімізге мықтап салғанын білеміз.

Президент айтқандай ұлттың тек материалдық бай болуы жеткіліксіз, ол өзін рухани да толықтыра түсуі керек. Осыған байланысты Елбасының тікелей қолдауымен 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама еліміздегі мәдениеттің дамуына зор ықпал етті. Тарихи сананы қалыптастыруға, бай мәдени мұраларамызды жинақтап, сақтап, басқа жұртқа өзімізді кім екенімізді таныта алдық. Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Таңбалы тас, Сары-Арқаның табиғаты сияқты мәдени-табиғи жауһарларымыз ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді.

2006 жылы Елбасы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты кезекті халыққа Жолдауында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын қабылдады. Осылайша еліміз өз алдына жаңа мақсат қойды. Бұл мақсатқа жету үшін біздің жан-жақты дамуымыз керек және бізде бұған жетудің барлық мүмкіндіктері бар. Өткен жылы ғана Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-орынды иеленді.

2007-2009 жылдардағы әлемдік дағдарыс біздің экономикамызды әлсірете алмады. Өйткені біз оған дайын едік. Осы кезеңде еліміздің үкіметі дағдарысқа қарсы нақты шаралар қабылдап, мұндай өтпелі кезеңнен мемлекетімізді аман-есен алып шықты.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігінің 20 жылдығында барлық қиындықтарды артқа тастаған, барлық салаларда өзінің даму тәжірибесі қалыптасқан, дүниежүзіне өзін лайықты көрсете білген, дамудың даңғыл жолына түскен, толыққанды мемлекетке айналды.

Елбасының 2012 жылдың 10 шілдесінде Егемен Қазақстан газетіне шыққан «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы жарияланды. Мақаладағы айтылған идея еліміздің болашағы үшін аса маңызды. Бұл жөнінде Президент былай дейді: «Әр қазақстандықтың, әр қазақстандық отбасының, бүкіл Қазақстанның өркендеуінің басты әл-ауқат көзі ретінде Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру бойынша нақты міндеттер айқындалған. Осы идеяны абсолютті қолдау – біздің ұлы халқымызға лайықты ұлы мақсаттарға жетудің кепілі». Шынында да өз заманның білімі мен ғылымын игеріп, еңбек еткен халық қана басқалардан оза шабатынын тарих көрсетіп отыр.

2012 жылдың 14 желтоқсанында Президент Н.Ә. Назарбаев еліміздің болашағы үшін маңызды тарихи құжатты қабылдады. Оны «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жыл сайынғы халыққа Жолдауында жария етті. Бұл стратегия еліміз үшін тым құбылмалы тарихи жағдайда қабылданып отыр. Осы жөнінде Елбасы жолдауда былай дейді: «Жаңа сын қатерлерді лайықты қабылдау үшін ендігі жерде 2030 Стратегиясының аясы жеткілікті емес. Біз жоспарлау көкжиегін кеңейтіп, 15 жыл бұрынғыдай кезекті дүниетанымдық серпіліс жасауымыз керек. Біріншіден, Қазақстан – қазіргі заманғы мемлекет. Біздің мемлекетіміз кемелдікке жетті. Сондықтан да бүгінгі күн тәртібі мемлекеттің қалыптасуы кезеңіндегіден өзгеше. Екіншіден, «Қазақстан – 2030» Стратегиясы біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасуы кезеңі үшін жасалған болатын. Өзінің базалық өлшемі бойынша ол орындалды. Үшіншіден, біз жаңа шындық тудырған сынақтар мен қауіп-қатерлерге кезігіп отырмыз. Олар жалпылық сипат алып, барлық елдер мен өңірлерге әсерін тигізуде».

Құжатта елді 2050 жылға қарай дамытудың жеті басымдығы берілген. Олар «түгел қамтитын экономикалық прагматизм, ұлттық экономикамыздың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың

жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік, білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары, мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту, дәйекті де болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту, жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі». Бұл басымдықтар біздің елімізді әлемнің дамыған отыз елінің тізіміне кіруіне жол ашпақ. Мұнымен біз тек дамыған отыз елдің қатарына кіріп қоймай, әлемді өзіне қаратқан бейбітсүйгіш ел ретінде, азаматтары білімді, заманының озық техникасын меңгерген, қай жағынан болса да басқаларға үлгі көрсетуге лайықты елге айнала алады.

Елбасы қашанда еліміздің жастарына сенім артқан. Президентіміз бұл жолы да «Қазақстан – 2050» Стратегиясында жас буын жастарға үндеу жариялап, оларға жауапкершілігі зор сенім артып отыр. Себебі, еліміздің болашағы жастар. Олар әлемдік стандарттарға сай білім алулары керек. Бұл жағынан Елбасымыз өз қамқорлығын аямаған. «Болашақ» бағдарламасы, зияткерлік мектептер, кәсіптік-техникалық колледждер, «Назарбаев университеті» арқылы әрбір жас толыққанды білім алуларына мүмкіндіктері мол.

Қазақстан әу бастан сыртқы саясатта көп векторлы және ашық бағыт ұстанған. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап-ақ еліміз әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі ретінде таныла бастады. 1992 жылы Қазақстан Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына, Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданды.

Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде алғаш рет Еуразиялық одақ идеясын ұсынды. Елбасының бұл бастамасы қазіргі кезде тәжірибе жүзінде нақты іске асып отыр. Қазақстан Еуразиялық ықпалдастықтың бастамашысы ретінде оның қалыптасуы мен дамуына зор ықпал етті. Қазіргі кезде Еуразиялық экономикалық қауымдастық, 2010 жылдан бастап Кеден одағы жұмыс істеуде және болашақта Біртұтас экономикалық кеңістікті құру болып табылады. Сонымен қатар еліміз аймақтағы қауіпсіздікті сақтауда да зор үлес қосып отыр. Атап айтқанда Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Орта Азиялық ынтымақтастық ұйымы қызметіне белсене араласады.

2010 жылы Қазақстан Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы өзінің төрағалығын сәтті атқарды. Беделді ұйымның он жылда болмаған Саммиті Астанада өтті. Еліміз бұл ұйымға төрағалық ете отырып, өзінің батыл ұстанымдарын білдірді. 2011 жылы бүкіл мұсылман уммасын біріктірген Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына төрағалық еттік.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әлемді бейбітшілікке шақыру бастамалары әлемдік қауымдастық тарапынан қазіргі күні зор қолдауға ие болып отыр. Солардың бірі Елбасымыздың батыл қадамымен Қазақстан өз еркімен ядролық қарудан бас тартты. Бұл еліміздің әлем алдындағы беделін үстем етті. Қазақстан қазіргі кезде әлемдік тыныштықты сақтауда бәріне үлгі көрсетіп отырған ел.

Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев тарихи аз уақыттың ішінде Қазақстанды қалыптастырып қоймай, елімізді әлемдік қауымдастықтың ішінен ойып тұрып орын алатын елге айналдырды.

ӘОЖ 620.9 (574)

## ЕЛОРДАНЫҢ «БОЛАШАҚТЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ» ҚАЛАСЫНА АЙНАЛУЫНДАҒЫ ЕЛБАСЫНЫҢ РӨЛІ: МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Ж. ЖҮНИСОВА

аға ғылыми қызметкер, Назарбаев орталығы, Астана қ.

Астананы ауыстыру мемлекеттік идеологияны жасаудағы бетбұрыс кезеңі болды. Өткен уақыттағыдай әрбір кеңес адамы үшін Мәскеу идеал болса, қазір Астана да мемлекеттігіміздің қалыптасу нысанына айналды. Және де патриоттық пен азаматтық идеялар да дәл осы елорда құрылысының өнегесі арқылы толықтырылып келеді.

1997 жылы 20 қазанда Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен астана Алматыдан Ақмолаға (қазіргі Астана) көшірілді. 1997 жылдың 10 желтоқсанынан Қазақстанның астанасы болып жарияланды. 1998 жылы Астана қаласының қазақ елінің жаңа астанасы ретінде жаңа атауы берілді. Бұл шешімді қабылдаудың негізі қаланың геосаяси орналасуының, экономикалық, экологиялық маңыздылығында болса керек, атап айтқанда қаланың инфрақұрылымын дамыту үшін кең байтақ жазық даланың, өңдеуді күтіп жатқан бос жерлердің болуы. Президент сол кезден-ақ, қаланың болашақ сәулеті мен дәулетін асыруда стратегиялық бағдар, көрегендік бағыт ұстай білді.

«Біз биылғы жылы ескі Целиноградта астана салу жөніндегі үш жылдық жұмысты қорытындылаймыз», ... «Үш жылда өте зор табыстарға қол жеткіздік. Мұны баршаның да түсінгені жөн. Қыруар жұмыстар атқарылды, дегенмен, бәрін тап-тұйнақтай еттік деп тоқмейілдудің де қисыны жоқ. Көптеген кемшіліктерге де жол берілді. Өйткені, мейілінше асықтық», - дейді Президент Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласы әкімшілігінде елорда құрылысы мәселелеріне арналған арнайы кеңестегі сөйлеген сөзінде [1].

«Сәулетші де, қала құрылысын жүргізуші де іс жүзінде мен болып шығып отырмын», - деп жалғастырады ойын одан әрі бірқатар жұмыстарға көңілі толмайтынын білдірген Президент. Жаңа Астананы қалыптастыра отырып, оның құрылысы мен мәдениетін дамытуда Қазақстанды әлемге танытуда бәрін де нөлдік деңгейден



бастаған Елбасының өз мақсат-мұраттарын жүзеге асыруда жолы болды. Нұрсұлтан Әбішұлы сол кенесті қорытындылау сөзінде «Астана елдің, болашақ ұрпақтың қаласы», - деп қадап айтты [1].

Бұқара халықтың қолдауы мен Елбасының сындарлы ой-жобаларының, сәулетшілер мен құрылысшылардың ерен еңбегінің арқасында құрылыс жұмыстарының тиянақты атқарылуының нәтижесінде небары он бес жылдай уақыт ішінде Қазақстан даласында замануи, жаңғыртылған, қайталанбас ажарлы қала салуға мүмкіндік туды. Ел болып, ұрпақ болып, еңселі айбарға айналып, елордамыздың еңсесін тіктедік. Астана еліміздің әлеуетін танытып, бүкіл посткеңестік кеңістіктегі ең үлкен мегажобаға айналды. Бүгінгі күні Астана - бұл Қазақстанның жаңа тарихы жинақталған орын. Астана арқылы осы жаһандық әлемде жаңа Қазақстанды әлемнің төрт бұрышы танып келеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев жаңа астана дегеніміз не деген сұраққа: «Жаңа астана - жаңа тәуелсіз елдің жаңа күш қуаты, жаңа стратегиялық бағдарламамызды орындаудың кайнар көзі және мемлекетіміздің өсіп өркендеуінің алғашқы қадамдары болып саналады», - деп салмақты ойын жасырған жоқ. Даму жолына сеніммен қадам басқан Қазақстандағы жаңа астананың іргесінің қалануы – Елбасы Н.Назарбаевтың білгірлік басқару қасиетінің және атқарылып жатқан оң нәтижелі жетістіктердің куәсі.

Бабаларымыз ғасырлар бойы бар ерік-жігерімен, табандылығымен қорғап қалған орасан зор кеңістік - ұрпақ игілігі. Қазақ даласының әрбір территориясының әр бөлігіне деген ыстық сезім және оны сақтау әрбір қазақстандық азаматтың міндеті деп білеміз. Елбасының алға қойған белсенді бастамалары сөздің іс жүзіне асырылып, Сарыарқаның төсінде халықтардың бір-бірімен бауырласуының, рухани байланыста болуының орталығына, көпұлтты халық өкілдері үшін туған ошаққа, аталы шаңыраққа айналған бүгінде тек қана жанарудың рәмізі ретінде ғана емес, тек қана жаңа дәуірдің басталған шекарасы ретінде ғана емес, сондай-ақ қазақ елінің арманы мен тілегінің нақты жүзеге асуының белесіндей болған, нысанды қалаға айналғандығына халық куә және риза. Қала сәулетіне еуропалық келбет беру идеясын ұсынған да Президент Н.Назарбаев болатын. Бұған дәлел ретінде Астананың сәулеттік келбетінде батыс сәулетшілерінің, мысалы хай-тек стиліндегі британдық атақты сәулетші Норман Фостер үшін Астананың идеялар полигонына айналып, көркем ойларының үйлесімін табуы. Батыс мәдениетінен - прагматизмді, ал Шығыс мәдениетінен - рухани дәлділікті мұра етіп, Еуропа мен Азия мәдениеттерінің озық үлгілері мен дәстүрлерінің мәдени инфрақұрылымдағы үйлесімділігі мен тиімділігі Еуразия орталығында, ежелгі қазақ даласының дәл жүрегінде орналасқан Астана Қазақстанның жас елордасына әбден лайықты.

Елбасы үстіміздегі жылғы қазақстан халқына жолдауында «Елдің жаңа елордасы - Астананы салдық. Бұл заманауи қала біздің бойтұмарымыз бен мақтанышымызға айналды. Біз еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін пайдалана алдық. Дәл сол себептен де халықаралық қауымдастық Қазақстанды ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. Егер Астана болмаса, бұл да болмас еді. Мұндай құрмет кез келгеннің еншісіне тие бермейді. Біздің еліміз кеңестен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және ғаламдық ауқымдағы іс-шара - ЭКСПО-2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел екенін айтып та жеткілікті», - деп елордамыз үшін әрбір қазақстандық мақтана алатындығына күмән келтірмейтіндігін білдірді [2].

Мемлекетіміздің тарихын, соның ішінде елорданың одан ары өркендеуінің тағы да бір жаңа парағын ашуда жан-жақты дайындықты талап ететін тағы бір тарихи оқиғаның - «ЭКСПО-2017» көрмесінің Астанада өткізілуі еліміздің мәртебесін айғақтап, қазақстанның табиғи ресурстарына ғаламдық сұраныстың өсіп отырғандығын паш еткендей.

Тақырыпқа сай, ЭКСПО көрмесі дегеніміз не. Оның астанамыздың төрінде өтуінің қол жеткізер пайдасы неде, неге «болашақтың энергиясы» деген атауға мән берілген? Бұл турасында сарапшылардың ақпаратына сүйенсек, ЕХРО – тарихы тереңде, ол сонау 1851 жылдан бастау алған болса, Халықаралық әлемдік көрмелер бюросы 1928 жылы құрылған екен. Дүние жүзінде 63 көрме өткізіліпті. Әрине, тәжірибесі мол елдер ішінде көш бастап келе жатқан әзірге АҚШ, онда көрме 18 рет өткізілген. Бұл халықаралық ұйымға 160 ел мүше болса, соның ішінде Қазақстан 1997 жылы мүше болып қабылданыпты. Алғаш рет еліміздің туы 1998 жылы Лиссабонда өткен ЭКСПО көрмесінде көтерілген болатын. Қазақстан 2005 жылдан белсенді экспонент ретінде таныла бастаса, 2008 жылы С санатындағы ІІІ орынға ие болды [4].

Бұл өте жақсы көрсеткіштер. Енді Миланда өткізілетін ЭКСПО-2015 көрмесіне дайындық үстінде, ал одан соң «Болашақтың энергиясы» атты тақырыпта алғаш рет Орталық Азия аймағы мен ТМД елдерінде өткізілгелі отырған бәсекеден озып шыққан, 161 мемлекет өкілдерінің жасырын дауыс беруі арқылы Қазақстан өзінің ерекше келбеті және сәулетімен тартымды жас елордасы Астанада өткізу құқығына ие болды. Бұл туралы ХКБ Бас хатшысы Висенте Гонсалес Лосерталес мырза: «Біз алғаш рет Орталық Азия елінен ЭКСПО-ны өткізуге ұсыныс алдық. Алғаш рет Тәуелсіздігінің 20 жылында институционалды, халықаралық жүйесін тиімді құра алған, оны жаһанға паш еткен ел үміткер атанып отыр», - деп Республикамызға жоғары баға береді [3].

Яғни, болашақта Қазақстан Орталық Азия бойынша ең ірі көрме орталығына айналады және еліміз бен жеріміздің, оның тұрғындары халқымыздың мәдени-рухани әлеуеті мен іскерлік белсенділігі одан ары артады деген пікір қалыптасады және оның жүзеге асырылуына жүйелі жұмыстарды онтайлы әрі тиімді атқару міндеті тұр. «Астана адамдарымен асқақтайды», - деді Елбасымыз. Астананың гүлденуімен адамдар да, өмір де өзгеруде. Сондықтан, мемлекет ордасы ел экономикасын өркендетудің орталығына айналуы керек, ол тұрғыда рухани құндылықтар мен мәдени мұраларымызды сақтап, білім мен еңбекқорлық, отаншылдық пен туған елдің қамын ойлау Қазақстанды нағыз табысқа және игілікке жеткізетін қасиеттерді арттыру қажет.

Олар: елордалықтарға тән жоғары, ешкімге ұқсамайтын мәдениеттілік, талғампаздық; Бүгінде дәл осы қасиеттер керек және олар қалыптасып келеді. Осы тұрғыда Елбасының нұсқаулары мен бағыт-бағдарлары контекстінде қарастыра отырып, бұл сұрақтарға жауап ретінде елордалықтардың бойынан рухани құндылықтардың арта түсуі. Жоғарыда атап өткеніміздей, Астана дегеніміз алдымен адамдар, олардың әрқайсысы елорда келбеті үшін жеке жауапкершілігін сезініп, жан-жақты болулары тиіс.

- Біріншіден, мәдениеттілік пен жоғары талғампаздық қасиет.

- Екіншіден, тарихқа, ұлттық құндылықтарға және салт-дәстүрге құрмет, ұрпақтар сабақтастығы.

- Үшіншіден, іскерлік белсенділік және креативтілік, жаңашылдық.

Бұған дейін экологиялық қауіп мәселелері талқыланып келсе, оның сыңары ретінде энергетикалық проблема қатары маңызды мәселеге айналып отыр. Осы орайда, Қазақстан қазіргі жаһандану дәуірінде барлық адамзат үшін өзекті мәселеге және глобалды проблемаға айналып бара жатқан энергия тапшылығы мәселесін қарастыруда. Бұл туралы Президент биылғы жолдауында сын-қатерлердің бесіншісін – жаһандық энергетикалық қауіпсіздік деп атап көрсетеді [2].

«Біздің еліміз әлемдік деңгейде мұнай мен газ қорларына ие мемлекет. «Қазақстан жаһандық энергетикалық қауіпсіздіктің басты элементтерінің бірі болып саналады», - деп айтылған Елбасының халыққа жолдауында [2].

Бейресми ақпарат көздеріне жүгінсек, Жер қойнауында мұнай қорының екі триллион баррель мөлшерде бар болса, соның жартысы сарқылды деген үреймен мамандар қазба қорының дәуірі аяқталып келеді деп жар салуда. Мысалы, шамамен көмір қоры 130 жылға, мұнай қоры небары 50 жылға ғана жетеді екен [3]. Ал, электр энергиясын тұтыну өсіп келеді. Халықаралық энергетикалық агенттіктің көрсеткіші бойынша электр жарығын тұтыну болашақта арта түсетіні болжанып отыр. Ол дегеніміз жаһандық энергетикалық апаттың көрінісі. Олай болса, күн тәртібінде энергия тапшылығының таусылғанын күтпей, оның алдын алуда сол энергия қуат көздерінің балама түрлерін пайдалануға және олардың түрлерін ойлап табуға күш жұмсаудың маңыздылығын мемлекетіміздің «болашақтың энергиясы» тақырып аясында әлемдік қоғамдастық ортада талқылануының орны өте зор.

Елбасының «Қазақстан-2050» халыққа жолдауындағы «Көмірсутегі экономикасының дәуірі бірте-бірте аяқталып келе жатқаны анық. Адамзаттың өмір тіршілігі тек бір ғана мұнай мен газға емес, энергияның жаңғыртылатын көздеріне негізделетін жаңа дәуір келе жатыр», - деген сөздері көрегендікті қажет етпейді [2].

Тура бес жылдан соң осы энергетиканы дамыту саласында өз үлесін қосуға және альтернативтік энергетика саласында жобаларды топтастыру барысында әлемнің жүзден астам ел өкілдерін «Болашақтың энергиясы» тақырып аясында бас қосу еліміздің барлық дамыған елдермен қатар дамуының «жасыл» жолына көшуі. Ғалымдардың болжауынша, ХХІ ғасырдың ортасына қарай баламалы қуат көздерінің үлесі арта түспек. Осы саладағы сарапшылардың көзқарасы бойынша Қазақстанның таза және залалсыз климаттық жағдай күн, жел, теңіз және су энергияларын пайдалануға өте қолайлы, әрі мүмкіндігі мол көрінеді. Шетелдік сарапшылар Қазақстан ұсынған тақырып бүкіл адамзаттың ілгері жылжуына зор өсерін тигізетін болады деп сенім артатындықтарын білдірсе, Қазақстанның бұл бастамасын энергетика саласындағы ғалымдар мен сарапшылар да қолдап отыр.

«Бүгінде біз 2017 жылы көрмені өткізуге үміткер ретінде біздің еліміз өз мүмкіндігін көрсетіп отырғанына қуаныштымыз. Біз комиссияның оң шешімі болған жағдайда, «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу үшін дайындық жасау туралы шешімге келіп отырмыз. Оны ұлттық жоба ретінде санайтын боламыз. Біздің елімізге келген осы күндерде сіздер әртүрлі құрылымдардың өкілдерімен кездесіп, Астананың әлеуетін зерттеу мүмкіндігіне ие болдыңыздар», – деді Президент Астанада Халықаралық «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесін өткізу мүмкіндігін қарастыруға арналған кездесу барысында сөйлеген сөзінде.

«Қайта жанартылған энергия көздерін пайдалану тақырыбы Қазақстанға ауадай қажет. Негізгі энергетикалық қорлардың көнеру үдерісі жүріп жатқан аласапыран заманда оларды жаңа қазіргі заманғы технологияларға ауыстыру жолдарын ойлау керек. ...Көрменің өтуі бізге еліміздегі жағдайға жаңаша көзбен қарап, басқа елдердің тәжірибесін зерделеуге мүмкіндік береді», - деп Ұлттық архитектура академиясы директорының орынбасары Борис Маринушкин көрмеге қатысты өз пікірін білдірсе, «- Тамаша идея! ЕХРО-ның әлемге әйгілі көрмелерінің бірін Қазақстанда, оның үстіне «Болашақ энергиясы» тақырыбында өткізу, бұл республиканың техникалық өркендеуіне көмектеседі. Ел үшін үлкен пайда күтеміз», - дейді ҚР инженер-энергетиктер ассоциациясының президенті Герман Трофимов мырза [3]. Екі ғасыр бұрын көрмеге қатысқан елдер электр дәуіріне өту кезеңіне аяқ басқан болса, ал бүгінгі күні сол энергия көздерінің балама түрлерінің дамуының дәуірін аттау сатысында тұр.

Халықаралық көрменің Қазақстанда өткізілуі экономикалық аймағымыздың артып, инновациялық технологиялық және инфрақұрылымдық даму үшін ынта мен болашаққа деген сенім. Ол әдеттегі өткізілетін іс-шара ғана емес, бірнеше ел өкілдерінің бас қосуы да ғана емес, әлемдік сахнада қазақстандықтардың көне тарихын, көпұлтты мәдениеті мен дәстүрлі менталитетін насихаттап, дүниенің әр бұрышынан келуші түрлі мәдениет үндерінің алдында ұлттық архетиптерді сақтай отырып, оларды қазіргі әлемдік мәдениет құндылықтарымен үйлесімді ету міндеті тұр. Осы орайда, Президент Н. Назарбаев «Елдің дамуының «жасыл» жолына көшуіне Астанадағы алда тұрған ЭКСПО-2017 қуатты серпіліс беруі тиіс. Астанада ғылым мен техниканың үздік әлемдік жетістіктері ұсынылатын болады», - дейді [2].

Көрменің атап өтетін келесі жақсы жағы ол еліміздегі туризм мен бизнес салаларының, яғни іскерлік белсенділіктің дамуына әкелер пайдасы. Біз алдағы дайындықта, жоғарыда атап өткен қасиеттермен қатар,

іскерлік белсенділік, креативтілік, жаңашылдық азаматтар болып қалыптасуымызда. Елбасымыздың «Елорда – бизнеске мол мүмкіндік ашқан қала. Астана бизнеске қолайлы жағдай жасаудың және елдегі іскерлік белсенділікті арттырудың бірегей тұғырына айналды». ...«Нағыз іскерлік пен ұлы сенім ғана біздің рухымызды биіктете түседі. ... Менің ең басты тірегім – астаналықтар» деген сөздерінен Астананың абыройы – қазақ елінің абыройы деген қорытынды көңілімізге ұялайды.

«Елбасы елорданың бас архитекторы, ал көркем елорда бүкіл қазақстандықтардың мақтанышы», - дейді академик Әбдімәлік Нысанбаев [5]. «Мәдениеті жоғары, тарихи танымы орнықты, ойы сергек елдің рухы да биік. Рухы биік халықтың іргесі де берік, әлеуеті де қуатты, ынтымағы да жарасты болмақ...», - деген Елбасымыздың жақсы сөзімен, болашақ технологияның көпіріне айналу мақсатына жетуде бірлік пен ынтымақ, сапа мен біліктілік, белсенділік пен парасаттылық тілей отырып, қазақтың «еңбек шаһар түзетеді, еңбексіздік оны жүдетеді» деген жақсы мақалымен қорытындылай келе, жұмыс жасап, жоспарлар нәтижелі болса ғана, Астанамыздың «шынайы болашақтың энергиясы» қаласы болуы шындыққа айналады деген сеніміміз мол.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Егемен Қазақстан» газеті, 2001.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 3 Жолдауы, 2012.
4. Астана қаласының ресми сайты astana.kz.
5. «Астана ақшамы» газеті, 2012.
6. Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы» кітабы, Астана 2007.
7. «Нұрсұлтан Назарбаев және Қазақстанның қарышты қадамы» Джонатан Айткен, 2010.
8. «Егемен Қазақстан» газеті, 1997.

УДК 37.035.6

### ВОСПИТАНИЕ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА ЧЕРЕЗ ВНЕКЛАСНУЮ РАБОТУ ПО ИСТОРИИ

Р.С. ЖУСУПОВА

учитель истории и географии Потанинская средняя общеобразовательная школа,  
Павлодарская обл., Лебяжинский район, с. Черное

В нашей республике большое внимание уделяется воспитанию казахстанского патриотизма, чтобы не допустить раскола государства и общества, территориальных и этнических конфликтов. Поэтому воспитание патриотизма всегда было и будет основной государственной задачей школы. Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев особо подчеркнул: «Патриотизм, нормы морали и нравственности, межнациональное согласие и толерантность, физическое и духовное развитие, законопослушание. Эти ценности должны прививаться во всех учебных заведениях, независимо от формы собственности». Это предполагает необходимость формирования у граждан, и прежде всего у подрастающего поколения, высоких нравственных, морально-психологических и этических качеств, среди которых большое значение имеет патриотизм, гражданственность, ответственность за судьбу Отечества и готовность к его защите. Республика Казахстан - динамично развивающаяся, политически стабильная, обладающая экономическим и интеллектуальным потенциалом республика, в которой главное богатство - межнациональный и гражданский мир, межкультурное согласие. Республика Казахстан- многонациональная республика, где проживают представители более ста сорока народов.

*Объект исследования* - процесс патриотического воспитания старшеклассников во внеклассной работе.

*Предмет исследования* - содержание, формы и методы патриотического воспитания старшеклассников во внеклассной работе.

*Целью* гражданско-патриотического воспитания школьников является формирование у подрастающего поколения высоких нравственных и этических качеств, среди которых особое значение имеют патриотизм, гражданственность, ответственность за судьбу Отечества и готовность его защищать.

*Задачи:*

- Воспитание у школьников любви и уважения к родному краю.
  - Подъём духовной и нравственной культуры подрастающего поколения.
  - Создание условий для творчества детей, их гражданского становления и формирование активной жизненной позиции школьников.
  - Приобщение учащихся к изучению героической истории Отечества, краеведческой и поисково-исследовательской деятельности.
  - Изучение и пропаганда национальных традиций. Культуры.
- Направления работы:*
- Информационно-пропагандистская;

- Нравственно-гражданская;
- Военно-спортивная;
- Туристско-краеведческая;
- Политико-правовая деятельность.

Патриотизм (от греческого слова «patris» - Родина) - это осознание конкретным человеком своего особого, любовно-возвышенного, преданного отношения к Отечеству, проявляющегося в целенаправленной деятельности по его прогрессивному развитию и процветанию. *Настоящий патриот* – это человек который:

- осознаёт свою роль в жизни государства;
- любит свою Отчизну;
- предан своему народу;
- гордится историческим прошлым и настоящим Родины, заботится о её будущем;
- знает и уважает государственные символы и традиции народа;
- отличается активной гражданской позицией;
- проявляет интерес к общественным и политическим событиям, жизни республики;
- должен защищать Родину и её государственные интересы;
- знает государственный язык, русский и один из мировых языков;
- проявляет толерантность и уважение к представителям других национальностей и религий.

Учителя и ученика объединяет то, что наша Родина - Казахстан. На внеклассных мероприятиях по истории, равно как и на других, происходит воспитание человека, гражданина своего Отечества, воспитание казахстанского патриотизма, пробуждаются «души прекрасные порывы». Человек должен знать свою историю, свои корни, патриотическое воспитание осуществляется на глубоком изучении нашего исторического прошлого.

Для себя я выделила следующие направляющие в деле воспитании патриотизма: принцип воспитывающей направленности, изучение истории родного края, семьи, толерантность, формирование нравственных потенциала личности.

Внеклассная работа – это такая работа школьников, которая осуществляется на основе добровольного участия и самостоятельности, имеет своим содержанием познание исторического прошлого и современности, направляется учителем и содействует углублению знаний учащихся в области истории, развитию их разносторонних интересов и способностей. Неделя истории – это одна из многочисленных форм внеклассной работы школьников по воспитанию патриотизма.

*Главной задачей* является предоставление подростку права на самореализацию. Каждый ребёнок в процессе игры, трудовой и учебной деятельности, внеклассного мероприятия должен почувствовать внимание к себе со стороны педагога, признание своей индивидуальности, получить положительную оценку действий.

Цели и задачи проведения недели истории выражаются следующим содержанием:

- усиление интереса к истории в целом, истории нашей Родины, родного края;
- понимание закономерностей, связь их с современностью;
- сочетание различных составляющих её элементов, которые наиболее оптимально отвечают познавательным интересам, уровню подготовленности школьников и педагогическому замыслу преподавателя;
- развитие познавательного интереса, любознательности школьников.

Неделя истории способствует формированию побуждений к творческому исследовательскому труду школьников.

Они должны уметь:

- находить нужную книгу в библиотеке;
- составлять библиографию по теме;
- пользоваться справочной литературой;
- готовить рефераты по нескольким источникам;
- выступать с докладами, сообщениями перед аудиторией;
- приобщаться к исследовательской работе.

Формы проведения мероприятий могут быть самыми разнообразными:

- игры-реконструкции;
- конкурсы;
- викторины;
- литературно-исторический монтаж;
- парад военных разных эпох;
- исторический КВН;
- «круглый стол»;
- деловые игры;
- пресс-конференции.

Всё зависит от возрастных особенностей участников, их склонностей, настроения, желания. Большое значение играют современные информационные технологии, они могут оказать неоценимую помощь, как в подготовке, так и проведении недели истории.

*Примерный план проведения внеклассного мероприятия «недели истории»*

1 день Викторина «Тәуелсіз Қазақстан»

«Независимый Казахстан»

2 день КВН: Мой Казахстан

День политика: Ролевая игра: «Я голосую впервые»

Презентация: Н.Назарбаев – лидер партии Нур-Отан

3 день Музейный.

Темы для подготовки проектов на предметную неделю

Почетные граждане Павлодарской области.

Достопримечательности города Павлодара.

Фотолетопись Павлодарской области

Наши земляки в боях за Родину.

Из века в век.

Великие люди моего края.

Храним истории следы.

Рабочие династии.

День Госсимволов РК

Наурызнама

4 день День национальной валюты

5 день День юного патриота

6 день Отчетная конференция.

Приглашаются наиболее активные участники недели истории для подведения итогов, награждения победителей. Стиль конференции – празднично – деловой. Подвести итоги большого путешествия по истории. После торжественного вступления идет презентация мероприятий каждого дня с награждением победителей. В конце проводится рефлексия. Цель мероприятия – приветствовать детей, проявивших себя на неделе, показать им, что интеллектуальный труд имеет большое значение в жизни человека, позволят ему проявить себя в разных сферах, создает условия для успешности в жизни.

Роль человека благородна и вечна – любить и хранить свой большой дом, свою родную землю, хранить и строить её для всех тех, кто войдет в этот дом после нас. Время подобно течению реки. Бежит, струится вода, и в этом неукротимом, животворном беге – своя история с её далёким прошлым и сегодняшним днём. Будущее любой страны, любой нации – это подрастающее поколение. В зависимости от того, как воспитывать детей, как готовить их к взрослой жизни, зависит судьба государства и всех в нем живущих. А каким станет будущее, зависит от нас и наших учеников.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Воспитание казахстанского патриотизма «История Казахстана преподавание в школах и вузах» -2006.-№5.-стр.4-9
2. Актуальные вопросы педагогической технологии качества учебного процесса. - Алма-Ата: Рауан, 1990. - 439 с.
3. Аронов А.А. Воспитывать патриотов: Кн. для учителя. - М.: Просвещение, 1989. - 172с.

ӘОЖ 321.1 (574)

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДЕРДІ ДАМУ СЯСАТЫ

Г. ИБРАЕВА

«Назарбаев орталығының» кіші ғылыми қызметкер, Астана қ.

Ең алдымен Қазақстанның Тәуелсіздігі – бұл ғасырлардан аса тарихы бар қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы, бүгінгі жеткен жетістігі мен асқан асуы. Қазіргі таңда Еліміздің тұғыры биіктеп, егемендігіміздің іргетасы нығая түсуде. Тарихта тұңғыш рет халқымыз ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, дербес мемлекетке айналды, өзге елдермен терезесі теңесті. Тәуелсіздікті айшықтайтын белгілері - туы, елтаңбасы, әнұраны жазылып, экономикасын, мәдениетін, ғылымын, білімін басқа біреулерге жалтақтамай өз бетінше өрбітерлік еркіндікке ие болғанына көзіміз жетті. Ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді.

Ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретіндегі дамуы мен нығаюына бағытталған көптеген ресми құжаттар қабылданды. 1993 жылы және 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Жаңа Конституциясында мемлекеттік тіл-қазақ тілі» деп атап көрсетілді.

Президенттің Жарлығымен 1997 жылдың 11 шілдесінде бекітілген Тіл туралы Заңның 4 бабында «Қазақстан Республикасының тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл –мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру-Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы»,-деп, ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесінің заңдық негіздері қаланды [1; 2 б.].

Қазіргі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі-тілдерді дамыту. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімді-лігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады. Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда мемлекеттік тіл туралы оң қоғамдық көзқарас қалыптасып отыр. Қазақ жерінде өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдерінің де мемлекеттік тілді меңгеруге деген құлшынысы күннен-күнге артып келеді. Мұны ана тілімізге көрсетіліп отырған құрмет деп түсінуіміз керек. Қазақстан 130 ұлт пен ұлысты біріктіріп отырған көп ұлтты мемлекет. Осындай көп ұлтты мемлекетте мемлекеттік тілдің өз дәрежесіне сәйкес қызмет етуін қадағалау, қамтамасыз ету-өте қиын мәселе болып табылады. Бұл мәселеде ешуақытта да салғырттық пен асығыстық жасауға жол берілмеуі тиіс. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында осы тұрғысында: «Қазақ тілін дамыту саясаты одан жерінуге, тіпті қазақтардың өздерінің бойды аулағырақ ұстауына ықпал етпеуі керек. Керсінше, тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Бұл үшін тіл саясатын сауатты және дәйекті, қазақстандықтар сөйлесетін бірде-бір тілге қысым жасамай жүргізу керек», -деп тағы бір рет баса айтқан болатын [2; 15 б.].

Тіл заңын орындау барысында аса маңызды құжаттардың қабылданғанын атап өткен жөн. Олар алғаш 1998 жылы 5 қазанда Елбасының Жарлығымен бекітілген, сонан соң 2001-2010 жылдарға арналған Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Республика Үкіметі 1998 жылғы 14 тамызда қабылдаған «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы» Қаулысы мен 1999 жылғы 8 қаңтарда бекітілген «Тіл туралы» Заңның орындалуына бақылау жасаудың тәртібі туралы Ережесі. Бұл құжаттар тіл саясатын іске асыруда құқықтық негізді кеңейтіп, жұмысқа жаңа өріс ашты. Ең бастысы, мемлекеттік тілді пайдаланудың аясы кеңейіп, оның ресми құжаттық рәсімдерді атқарудағы рөлі жетілдіріле түсті. [3; 24-25 бб.].

2001 - 2010 жылдары Тілдерді қолдану мен дамытудың он жылға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында тіл құрылысы стратегиясының мынадай үш бағыты айқындалғаны белгілі: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау, Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту. Сондай-ақ осы кезеңде Мемлекет басшысының бастамасы бойынша «Тілдің үш тұғырлылығы» ұлттық мәдени жобасын іске асыру жұмысы басталған болатын. “Үш тілдің бірлігі” мәдени жобасы – үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенімен, бұның түпкі негізі, көздеген мақсаты – мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу. Үштұғырлы тіл өмірлік қажеттіліктен туындаған идея. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Мысалға, ежелгі дүниедегі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған. Сондай-ақ, бүгінгі Еуропада да көп тілді меңгерушілік жалпыға ортақ норма болып саналады. Яғни, бүгінгі таңда Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлға айналады.

Тіл саясаты саласындағы әлеуметтік зерттеу көрсеткіштері және Үкімет тарапынан іске асырылып жатқан шаралар, мәселен, іс жүргізуді кезең-кезеңімен мемлекеттік тілде жүргізуге көшіру, мемлекеттік қызметшілерге және ересек халыққа арналған қазақ тілін үйрету курстарын ұйымдастыру, қазақ тіліндегі мектептер мен балабақшалар, жоғары оқу орындарындағы қазақша оқытатын топтар санын арттыру, қазақ тіліне инновациялық технологияларды енгізу және тағы басқа да маңызды шаралар – бұл саладағы жағдайдың жақсарып келе жатқанын көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Бұл бағдарлама негізінен Қазақстанда қалыптасқан тіл құрылысын талдауға негізделген, тіл мәселелерімен айналысатын сарапшылар қауымының пікірлері мен ұсыныстары ескеріле отырып әзірленген. Бұл құжат қоғамдық өмірдің барлық саласында тілдерді дамыту мен қолдану және мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасауға байланысты өзекті проблемаларды шешудің нормативтік-ұйымдастырушылық негізі болып табылады [4; 6 б.].

Тіл – ұлттың жан дүниесі. Шындығында халқымыздың басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.

Қазақ тілінде Қазақстанның жергілікті халқынан басқа шетелдерде: Қытай Халық Республикасында, Моңғолияда, Иранда, Ауғанстанда, Түркияда, сонымен қатар ТМД мемлекеттерінде: Ресей, Өзбекстан, Қырғыстан, Түркменстанда тұрып жатқан қандастарымыз сөйлейді. Қазақ тілі-түркі тілдес тілдердің ішіндегі ең көне әрі таза, мәнді және сөздік құрамы бойынша біртұтас болғандықтан түркі тілді қауымдастық аясында жетекші орынды иемденеді. Ғалымдардың зерттеуінше қазақ тілінің екі негізгі бастауы болған, соның бірі - қазақ ауыз әдебиеті болса, енді бірі - жазу мәдениеті. Қазіргі кезде тіліміз осы қалыптасу үрдістерінің барлық кезеңінен өткен, бекіген, нығайған, ұлттық және мемлекеттік тіл болып табылады. Осы орайда, көкейімізге ең алдымен Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз тегіміздің – Түркі, дініміздің-Ислам, тіліміздің-қазақ тілі екенін ешқашан ұмытпауымыз керек!» деп ұрпаққа салмақты ұран тастаған өсиет сөзі оралады.

Дегенмен, бүгінгі таңда «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалары анық» деп сонау ертеде айтылған халық даналығы өзінің мән-маңызын күннен-күнге айғақтай түсуде. Бұлай айтуға итермелейтін нәрсе-қазақ тілінің

бүгінгі жағдайы. Кеңестік билік кезеңінде еліміз үлкен рухани құлдырауға тап болып, ата-бабадан қалған асыл мұра тілден айырылып қалу қаупі тұрды. Мемлекеттік мәртебеге ие бола тұра, қазақ тілі әлі де өзіне тиісті міндеттерін атқара алмай келеді. Өзге ұлтты қоя тұрып, өз қандастарымыз жайында айтсақ, бір бөлігі өз ана тілін толық білмейді, білуге ұмтылмайды да. Оның негізгі себебі әрине-қажеттіліктің туындамауынан. Әрине, Қазақстан бәсекелестікке ұмтылыс мақсатында, тиімді, ұтымды механизмдердің бірі ретінде «үш тұғырлы тіл» стратегиясын қолдайды. Бірақ, өкінішке орай, бұл идея саяси-бұқаралық, органдар мен қарапайым халық арасында өз мәнін толық ашпай жүр.

Жалпы тіл мәселесі әлемдегі екі жүзден аса мемлекетте бар екен, ал тілді дамыту жөніндегі жұмыстар барлық мемлекетте үздіксіз жүруде. Бұл тілді жоғалтып алмай және дамыту үшін жүргізілетін күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі ұлы даламызды мекен еткен байырғы қазақ халқы мен қазақстандық басқа да ұлт өкілдерінің тарихи тағдырын біріктірген, теңдік пен татулық мұраттарын ұстана отырып, бейбітшіл азаматтық қоғамды қалыптастыруға қол жеткізіп отырған бірден-бір ұлы рәмізі. Оған ешкім дау айта алмайды [5; 3 б.].

Қазақстандық тарихнамада қазақ диаспорасы мәселесін алғаш көтерген ғылыми зерттеу Г.М. Мендіқұлованың «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие» атты монографиясы болды. Және осы еңбектің толықтырылып, қайта өңделген «Казахская диаспора: история и современность.» атты жарияланымында автор, қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің қалыптасуы мен бүгінгі дамуындағы тарихының әртүрлі аспектілеріне талдау жасаған [3]. Атап айтсақ, шетелде тұрып жатқан қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, психологиялық және мәдени тұрмыстық жағдайы және даму болашағы мәселелерін жанжақты қарастырған.

Қытайдағы қазақтар мәселесіне арнаған өз еңбегінде зерттеуші К.Л. Сыроежкин, Қазақстаннан Қытайға көшіп барған қазақтар басқа мигранттармен салыстырғанда жаңа ортаға сіңісіп кетуге тілек білдірмеді, себебі олар, Қытайдағы өмірлерін уақытша құбылыс ретінде қабылдады, өз еліне қайтып оралуды мақсат етті деп көрсетеді. Сонымен қатар, қазақтардың Қытайға барып қоныс тебуін бірнеше кезеңмен, оқиғалармен байланыстарды:

Бірінші, XVII – XVIII ғғ. қазақ-ойрат соғыстары;

екінші, XVIII-XIX ғғ. Қазақтардың патша үкіметіне қарсы ұлт азаттық күресі;

үшінші, орыс-қытай мемлекеттік территориялық шекараны бөлу;

төртінші, 1916 ж. ұлт азаттық көтеріліс салдарынан;

бесінші, 1918-1920 жж. азамат соғысы жылдарында;

Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының салдарынан; 1930-1950 ж. Шығыс Түркістандағы үкіметке қарсы күрес; екінші дүниежүзілік соғыс.

Қазақстан экономикасының нарықтық қатынастарға көшіру барысындағы дағдарыс жылдары деп көрсете отырып, Қытайдың диаспораларға, соның ішінде қазақ диаспорасына деген саясаты, мемлекет мүдделері мен үкімет билігінің ауысуына байланысты өзгерістерге ұшырап отырды деп тұжырымдайды да, алғашқы кезеңде КСРО кезеңіндегі қазақ диаспорасына деген саясат, екінші бұл, Қазақстанның тәуелсіздік алуынан кейін бұл саясатта өзгеріс пайда болды деп көрсете отырып, Қытайдағы қазақ диаспорасының өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызудың мүмкін болмай отыруының себептерін айқындауға тырысады [4].

Батыс Сібір қазақтарының тарихына арналған З.Е. Кабулдиновтың еңбегінде, бұл аймақтағы қазақ халқының қалыптасу тарихы қысқаша қарастырылып, олардың шаруашылық даму ерекшеліктері мен Батыс Сібір қазақтарының әлеуметтік жіктелу үрдістері айқындалған. Қазақтардың қонысаударушы шаруалармен шаруашылық байланыстарының оны мен кері жақтары анықталған. Осы аймақтағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне шаруалардың қонысаудару саясатының ықпалы талданған. Қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне шаруалардың жаппай қонысаударуынан дағдарысқа ұшыруы сараланған [5].

Ресейдің Алтай өлкесі қазақтарының тарихы Р.К. Айдарбаеваның диссертациялық жұмысының өзегі болды [6]. Автор өз еңбегінде Ресейдің Алтай өлкесіндегі қазақ халқының қалыптасуының басты кезеңдерін анықтау, саны мен орналасу мәселелерін, шаруашылық түрлерінің ерекшеліктерін көптеген дереккөздер негізінде зерттеуге талпыныс жасаған. Алайда, жұмыс тек қазақстандық мұрағат қорлары негізінде ғана жазылған еңбек деп айтуға болады.

Шетелдегі қазақ диаспорасы мәселесіне байланысты қомақты еңбек, З.Қианятұлының екі кітаптан тұратын «Монғолиядағы қазақтар» монографиясы. Бұл еңбектің бірінші кітабында өткен ғасырдың соңы, яғни тәуелсіздік алғаннан кейін атамекенге бет бұрған көштің алғашқы кезеңі тарихи және социологиялық, статистикалық әр жақты зерттеулер негізінде сараланса, екінші кітапта, тәуелсіздік жылдарындағы Монғолия мен Қазақстанда болған тарихи оқиғалар қарастырылған [7].

Ресейдің қазақтар көп орналасқан, Астрахань қазақтарының тарихына арналған Н. Сармурзинаның диссертациялық жұмысында, Ресейдің Астрахань облысындағы қазақтардың Бөкей ордасы қазақтары екендігін, яғни өз атамекендерінде отырғандығын деректер арқылы негіздейді. Тарихи даму жағдайларына байланысты бұрынғы шаруашылық кәсіптері өзгерістерге ұшырағандығын, ата кәсібі – мал шаруашылығының орнына балықшылық кәсіпті және егіншілікті меңгергендігін саралай отырып, тарихи қоныстарында отырғандықтан ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтауға және ұрпақтарының өсіп-өнуіне мүдделі екендігін тұжырымдайды [8].

Қ.И. Қобландин мен Г.М. Мендіқұлованың Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және қазіргі кездегі дамуына арналған зерттеуінде қазақстандық тарихнамада алғаш рет жинақталған, жүйеленген және сарапталған мұрағат құжаттары мен статистикалық материалдар негізінде Өзбекстан Республикасында өмір сүрген қазақтардың тарихы және қазіргі кезеңдегі жағдайлары туралы мәселелер Ташкент, Хиуа, Қарақалпақстан және Ресей мұрағат деректері негізінде кешенді зерттелген [9].

Бұл еңбекте Өзбекстандағы қазақтардың тарихының әр кезеңдері қарастырылған. Атап айтсақ, бірінші кезеңде, яғни бұрын Қазақстанға қараған жерлерде, яғни екі елдің шекарасында орналасқан қазақтардың тарихы. Тауке ханның тұсында Ташкент барлық хандар үшін бір орталық ретінде болған, ал қазақ ру тайпалар оның аумағында көшіп қонып жүрген. Жоңғар шапқыншылығына байланысты қазақ ру тайпаларының бірқатары Бұхара, Ташкент, Хиуаға қоныс аударуға мәжбүр болған деп дәлелді пікір айтады.

Екінші кезең, Түркістан генерал-губернаторлығына кірген оңтүстік аймақ қазақ ру тайпалары қысымшылықтардан қазақ даласынан тыс аумаққа қоныс аударып, ол жердің халқымен сіңісіп кеткен. Үшінші кезеңге, кенес үкіметінің орнауы мен екінші дүниежүзілік соғыс аралығындағы күштеп ұжымдастырумен тәркілендіру, репрессия жылдарын алады.

Төртінші кезеңге, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Өзбекстанның халық шаруашылығын қалпына келтіру мақсатымен Оңтүстік Қазақстанның кей аудандарының Өзбекстанға қаратылуымен байланыстырады.

А.Қ. Қыстаубаеваның Франциядағы қазақ диаспорасы мәселесіне арнаған диссертациялық жұмысының басты жаңалығы Франциядағы тұрып жатқан қазақтардың тарихы мен бүгінгі дамуының көкейкесті мәселелері бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген деректер негізінде кешенді зерттелген [10]. Еңбекте Францияда қазақ диаспорасының қалыптасуын мынадай төрт кезеңдерге бөледі: Мұстафа Шоқайдың (1921-1941жж.) эмиграциядағы өмірі мен қызметі кезеңі, қазақтардың екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Франция аумағындағы соғыс қимылдарына қатысуы кезеңі (қазақ-әскери тұтқындардың фашизмге қарсы Француз Қарсыласу қозғалысына үн қосуы); қазақтардың Түркия аумағынан Франция еңбек миграциясы (70 - жылдары Түркияда саяси тұрақсыздық, жұмыссыздықтың орын алуына байланысты) және төртінші жеке бас мәселесі, экономикалық, оқу, т.б. сияқты басқада иммиграциялық себептерді көрсетеді.

Қазақ диаспорасы мен ирреденттері мәселесіне қатысты еңбектердің бірқатарына тарихнамалық талдау жасау Қазақстанның өз тәуелсіздігін алу жылдарынан бастап, бұл мәселе бойынша ұлт мүддесіне негізделген еңбектердің қатарының көбейгендігін және бұл еңбектерде Ресей, Өзбекстан аумағындағы қазақ халқының өз тарихи қонысында отырғандығын ғылыми негіздеуге тырысушылықты байқау қиын емес.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахи Китая. \\\ Казахская диаспора. – Алматы, 1992. – 217 с.
2. Г.М. Мендикулова. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие». – Алматы: Ғылым, 1997. – 261 с.
3. Г.М. Мендикулова «Казахская диаспора: история и современность.» – Алматы: Реиз, 2006. – 342 с.
4. Сыроежкин К.Л. Казахи в КНР: очерки социально экономического и культурного развития. - Алматы, 1994; -118 с.
5. Кабулдинов З.Е. Казахи Западной Сибири во второй половине XIX – нач. XX века. (Исторический аспект). Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1997.
6. Р.К. Айдарбаева. Казахи в Алтайском крае России ( XVIII-20-30 гг. XX вв.). – Автореферат дисс....канд. ист. наук. Алматы, 1998. -24 с.
7. Қианятұлы З. Монғолиядағы қазақтар. – Алматы: ДҚК, 2001. – 320 б.; Қианятұлы З. Монғолиядағы қазақтар. – Алматы: ДҚК, 2007. 2-кітап. – 256 б.
8. Н. Сармурзина. Астрахань қазақтарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тарихы (1917-1940 жж.). - Алматы, 2009 .
9. Кобландин К.И., Мендіқұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. – Алматы: ВАК, 2009. – 288 б.
10. А.К. Кистаубаева. Казахская диаспора во Франции: история и развитие». Автореферат дисс. на соиск. уч. степени канд. ист. наук. Алматы, 2010

ӘОЖ 94 (574)

#### МИССИОНЕРЛІК – ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТТЫҢ БАСТЫ ҚАРУЫ

А.К. ХАМИТОВА

бас ғылыми қызметкер, Назарбаев орталығы, Астана қ.

Қазіргі таңда республика аумағындағы діни ұйымдардың қызметінің жаңа қарқынмен жандана түсуі еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалға, қоғамдық санаға діни фактордың елеулі ықпал етіп отырғандығын аңғартады. Сондықтан да мемлекеттігіміздің мызғымастығын қамтамасыз етуде діни саланың маңыздылығын қоғамның салмақты пайыммен қабылдауы зерттеушілердің алдына діни ұйымдардың қызметін зерттеуде жаңа міндеттерді алға тартып отыр.

Отаршылдық жаулап алушылықтар кезеңінде отаршыл мемлекеттердің іргесін нығайтуға ықпал еткен кең көлемде жүргізілген идеологиялық экспансия формаларының бірі миссионерлік болып табылды. Жаулап алынған территорияларда тұрып жатқан өзге діндегі халықтар арасында христиан дінін тарату бойынша миссионерлік іс шіркеу қызметінің негізгі саласы болып табылды. Миссионерлер бір ұйымға бірігіп, алдарына ортақ мақсаттар мен міндеттер қойды. XX ғасырдың басында дүниежүзінде 331 миссионерлік қоғам болған екен [1,222]. Аталмыш мақалада орыс православиялық шіркеуінің миссионерлік әрекеттері жөнінде сөз болмақ.

Миссионерлер өздерінің үлгілі тәртібімен, биязы мінез-құлқымен ерекшеленулері тиіс болды. Олар христиан емес халықтармен достық қарым-қатынас орнатып, адамдармен тең дәрежеде сыйластықта және

қайырымды болулары тиіс еді. Сондай-ақ оларға қойылатын талаптарда: «Он должен приобщаться к культуре и общественной жизни страны, уважать ее национальные и религиозные традиции, отыскивать в них «скрытые зародыши» христианской веры» [2,338], – делінген. Миссионерлер міндетті түрде өздері православиелік уағыз жүргізетін халықтардың тілін білулері тиіс-ті, бұл турасында «О переводчиках же при миссии не должно быть и речи, это позор для миссионеров» [2,464], – деп айтылған. Дегенмен де мұндай талаптардың бәрін бірдей орындау миссионерлердің қолынан келе қойған жоқ, қайта керісінше болған кездер жиі болған.

Қазақстанда пайда болғанға дейін православиелік миссионерлер миссионерлерлік мекемелер орнату және өзге халықтарды христиандандыру бойынша басқа аймақтарда тәжірибе жинақтап алған болатын. Мысалы, Сібір мен Еділ бойы халықтарын христиандандыру зорлықпен, ат үсті жүргізілгендігі белгілі. Алғашқы болып шоқынғандар Сібірдің «бұратана»халықтары: самоед, остяк, вогул, бурят, тунгус, юкагир, чукча, коряк, камчадал, қалмақ және т.б. еді [3,1-78]. Төменгі Еділ бойында Құдай сөзі буддизмді ұстанатын қалмақтарға уағыздалды. Бір ғана 1700 жылдың өзінде Терешке өзені бойында шоқынған қалмақтардың тұтастай қонысы пайда болған [4,111].

Миссионерлік істі жақсы жолға қою және сәтті дамыту мақсатында 1863 жылы «Общество для распространения священного писания в России» деп аталатын қоғам құрылады [5,143]. Ал 1870 жылы оның орнына Православиелік миссионерлік қоғам құрылады. Бұл қоғам жергілікті бөлімшелер мен комитеттердің арасында тығыз байланыс орнатып, миссионерлік істі одан әрі қарқындата түсуге барынша күш салды. Нәтижесінде оның мүшелерінің саны елеулі түрде өсті. Егер де 1888 жылы олардың саны 9,5 мың адам болатын болса, 1900 жылға таман 14 мың адамды құрады. Бұл көрсеткіш Қоғамның төрағасының көңіліне қона қойған жоқ [6,1]. Қоғамның аса маңызды міндеті бар миссияларды барынша қолдап, жаңаларын ашу, Ресей империясындағы барлық христиан емес халықтарды православие дініне тарту болды. Еділ бойы халықтарын шоқындыру, орыстандыру ісімен 1867жылы негізі қаланған «Братство Святого Гурия» деп аталатын ұйым айналысты. Бұл ұйым самодержавиенің орыстандыру саясатының мүддесін жақтаған қатыгез инквизитор епископ Гурийдің есімімен аталған еді.

Патшалық Ресейде сонымен бірге тағы екі миссионерлік қоғам белсенді түрде жұмыс істеді. Олар: «Императорское православное палестинское общество» және «Общество восстановления православного христианства на Кавказе» деп аталды. Азиаттық Ресейдің түрлі аймақтарынан жыл сайын 5000-ға дейін пұтқа табынушылар православие дінін қабылдаған [1,220].

Қазақстанда миссионерлік істі Православиелік миссионерлік қоғамның мүшелері жүзеге асырды. Жоғары лауазымды шенеуніктер мен діни қызметкерлердің инициативасы бойынша құрылған осы бір қоғамға патша үкіметі мен жергілікті басқару аппаратының көптеген шенеуніктері кірген. Облыстардың генерал-губернаторларына Православиелік Миссионерлік қоғамның Жарғысының бір-бір данасы жіберілді. Оның бірінші тармағында былай деп жазылған: «Православное Миссионерское общество состоит под Всемилостивейшим покровительством Ее Императорского Величества Государыни Императрицы» [7,1]. Әрине, патшайымның ықпалына бөленгісі келетін әрбір жоғары лауазымды шенеунік бұл қоғамға кірмей қала алмады.

Қоғамның негізгі қаражат көзі Қоғам мүшелерінің мүшелік жарнасына байланысты болды. Сондай-ақ ерікті түрде қолдау көрсетушілер тарапынан да елеулі қаржы түсіп тұратын. Қоғамның ұйымдасу және материалдық нығайуына қарай оның православиелік миссияларға көрсететін қаржылай көмегі де ұлғая түсті. 1914 жылы арнайы басылым болып табылатын «Азиатская Россия» журналының авторлары орыс шіркеуі мен оның миссионерлерінің қызметі турасында: «в борьбе с иновением была вооружена властью, и разносторонними материальными средствами» [8,208],– деп жазған болатын.

Қазақ даласына XIX ғасырда келген орыс миссионерлігі өз ісін рухани соғысқа теңеді: «Миссионерство есть своего рода духовная война, воюющие стороны никогда не разглашают своих планов» [9 ],– деп миссионерлік саясаттың небір күйтырқы әдіс-тәсілдеріне жүгініп, ұсақ ұлттарды ассимиляциялап орыс-христиандық мәдениетке сіңіріп жіберуді көздеді.

Миссиялар орнату үшін оның жұмыс істеуіне қандай мүмкіндіктер бар екендігін барлайтын арнайы жұмыстар жүргізілді. Алдымен миссионерлер мына сияқты сұрақтар төңірегінде ізденді : 1) Қазақтар арасындағы исламның даму деңгейі қандай; 2) Ислам олардың арасына қайдан және қандай жолдар арқылы келеді; 3) Оны қандай шаралар арқылы әлсіретуге болады; 4) Қандай жағдайда олардың арасында қандай да бір толқулар туғызбайтындай етіп миссия орнатуға болады [10,772].

Қазақ даласындағы діни ахуалды біршама зерттеген миссионерлер XIX ғасырдың ортасына таман миссиялар орнатып, православие дінін уағыздау үшін бірқатар жағдайлар бар екендігін мәлімдеді. Шекаралық бекініс шептерінің Батыс Сібірдің оңтүстігіне қарай жылжи түсуіне орай және онда орыс тұрғындардың қоныстануына орай, 1837 жылы Батыс Сібірдің Бас басқармасы Тобольскіден Омбыға көшірілген кезде, Тобольскі епархиясының оңтүстігінде Ақмола және Семей облыстарында «мұсылмандыққа қарсы миссия» ашу жөнінде мәселе көтеріледі. Алайда бұған қатысты қандай да бір нақты шешім сол күйінше қабылданбай қалады.

«Мұсылмандыққа қарсы миссия» жайлы мәселе XIX ғасырдың 60-шы жылдары белгілі бір дәрежеде қайта көтерілді. Бұл істердің барысы мемлекет тарапынан бақылауға алынып, оған нақты нұсқаулар беріліп тұрды. Сібір қазақтары әскери губернаторының 1864 жылы 20 тамыздағы Батыс Сібір генерал-губернаторлығына «қазақтар арасында христиан дінін тарату жайы туралы» құпия хабарламасында Сібір қырғыздарының саны, олардың мұсылман дінінде деп есептелгенмен де бұл діннің талаптарын қатаң сақтамайтындығы, әсіресе мұндай құбылыстардың солтүстік аудандарда байқалатындығы, ал Есілдің арғы жағы мен Қарқаралы аймағында

мұсылман дінінің талаптары сақталатындығы туралы айтылған. Сондықтан да христиан дінін насихаттау саласындағы миссионерлердің жұмысы байыппен жүргізілуі керектігі ескертілген [11,501].

Христиандық шіркеуде шіркеулік-әкімшілік территориялық бірлік епархия болып табылады. Реформаға дейінгі кезеңде епархиялардың саны үнемі өсу үстінде болды: 1825 жылы – 37 епархия, 1841 жылы – 50, 1851 ж. – 55, 1861 ж. – 58 болды [12,45]. Ал 1905 жылы бұл мекемелердің саны 67 –ге жетті. Қазақстанда да жаңа епархиялар ашыла бастады.

Қазақ даласында миссиялар құрылғаннан көп бұрын православия діндарлары қазақтарды шоқындыру бойынша елеулі жұмыстар атқарған болатын. Олардың қызметі жайында Тобольск епархиясы миссионерлігінің қысқаша очеркінде мұнда арнайы миссияның жоқтығына қарамастан-ақ «с 1860 по 1865 гг. посвящено Святым крещением 149 человек» деп жазылған [13, 41].

Омбы епархиясы ашылғанға дейін Қасиетті Синодтың рұқсатымен 1881 жылы Қырғыз діни миссиясы ашылды. Оның бастамасымен 1883 жылдан бастап-ақ Қазақстанда 14 миссионерлік стан пайда болған және олардың жанынан қазақ балаларына арналған 17 миссионерлік мектеп ашылған [14,22].

Қырғыз миссиясының міндеттерінің бірі қазақтардың арасында православие дінін тарату болды. Православиелік миссиялардың алдына басқа да маңызды міндеттер қойылды: олардың қызметі мынаған бағытталуы тиіс болатын, яғни «не столько на приобретение последователей из среды коренных магометан, сколько на удержание от вероотступничества тех из них, которые однажды примкнули к христианству» [15,40]. Бастапқыда Қырғыз миссиясы Алтай миссиясының бөлімшесі ретінде епархия аумағындағы қазақтарды православиелік дінге бұруға, өзге діндегілерді христиандық рух тұрғысынан тәрбиелеуге тиіс болды, яғни Қасиетті Синодтың обер-прокурорының айтуынша: «для обращения в православие, обитающих в пределах епархии киргизов, и утверждения посещаемых иноверцев в истинах святой веры и правилах христианской нравственности» [16].

Том епархиясының қарамағында жұмыс істеген Қырғыз миссиясы Семей облысының қазақтарын шоқындырумен айналысуға тиіс еді. Жаңа миссияның бастапқы орны Өскемен қаласы болып белгіленді. Ал 1883 жылдың наурызында Қырғыз миссиясының орталығы Өскеменнен Семейге ауыстырылды. Мұның себебі, сол кезде Семей Шығыс Қазақстандағы аса ірі мәдени, экономикалық және саяси өмірдің орталығы болуына байланысты еді.

Семейде алғаш болған миссионерлердің: «В начале открытия Киргизской миссии, во время первого посещения нами города Семипалатинска местный протоиерей сообщил нам, что крещение в Семипалатинске киргизов редко» деп жазуы шоқындыру қарқынының өте төмен болғандығын көрсетеді [17,41]. Кейінірек кейбір себептерге байланысты Қырғыз миссиясы үшін жаңа орын қажет болды. Мұндай орын ретінде қазақ-орыстардың поселкесі Буконь ыңғайлы деп табылды. Буконь поселкесінен шоқынған қазақтарға 600 десятина жер бөлініп беріліп, миссионерлерге әкімшілік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілген. Том губерниясындағы Алтай және Қырғыз миссиясының 1889 жылғы есебіндегі: «Глубоко осознавал потребности удовлетворения таким путем сих интересов и незабвенный для миссии Г.А.Колпаковский, к глубокому нашему сожалению, оставивший степной край» [18,5],– деген жолдар миссияға қаншалықты көңіл бөлінгендігін білдіреді. Сондай-ақ Г.Колпаковский қалалық Думаларға өздерінің мүшелері арасында Қырғыз миссиясының пайдасына қайырымдылық қаржысын жинау үшін басылым ашуды ұсынғаны белгілі [19, 6].

Қырғыз миссиясы 1890 жылға дейін бір ғана миссионерлік причтадан тұрды, болашақта жергілікті тұрғындарды христиандандыру бойынша жауапты қызметтің дайындық жұмыстарымен айналысты. Біртіндеп, миссия дербес сипат ала бастады, Омбы епархиясы ашылғаннан кейін Қырғыз миссиясы Алтай миссиясынан мүлдем бөлініп шықты. Миссияның архимандрит дәрежесіндегі басшысы мен 11 қызметкері болды, миссия 4 станнан тұрды, бір жыл ішінде 70-ке жуық «бұратананы» православиеге мойынсұндырған [20,16]. Алайда, кейінгі жылдары миссионерлер штатының елеулі болғанына қарамастан православиеге өткендер саны азая түскен. «Речь» деп аталатын газетте тек қана Қырғыз миссиясындағы әрбір шоқынудың құны 700 рубльден асатындығы сыналған [21].

Омбы епархиясы 1895 жылы ашылды. Оның құрамына толығымен екі қазақ облысы – Ақмола және Семей облыстары кірді. Епархия Сібірге қоныс аударған орыс переселендері мен жергілікті тұрғындар арасында православие дінін уағыздау мақсатында құрылды. Шіркеу қызметкерлерінің бірі И.С. Голошубин Омбы епархиясының анықтама кітабын құрастырып, епархия құрамына кіретін елді мекендердің экономикалық сипаттамасын жазып, шіркеулерге сипаттама берген. Голошубиннің айтуынша бұрын бұл жерлерде қырғыздардың табын-табын малы жайылып жүрген болса, енді әр жерде күмбезіне крест қойылған православия храмдары бой түзеген, қазақтардың қоныстарына тұтастай орыс селенелері орналасып, дербес приходтар ашылған. Осылайша, орыс шаруаларын қоныстандыру тек саяси-экономикалық жағынан ғана маңызды болған жоқ, сонымен қоса ол «помогло скорее основаться сформироваться весьма многим новым приходам в юной нашей епархии, что в целях насаждения православия среди дикого киргизского племени, т.е. в целях чисто миссионерских, является громадным шагом вперед. То, что пришлось ждать, быть может, целое столетие, то совершилось незаметно в 15-20 лет» [22,5]. Өмір сүрген 25 жыл ішінде Омбы епархиясы өлкедегі әкімшілік-территориялық өзгерістерге орай өзінің атауын үш рет өзгерткен: Омбы-Семей (1895-1911), Омбы-Ақмола (191-1915), Омбы-Павлодар (1915-1920). 1894-1914 жылдары аралығындағы он жыл ішінде епархиядағы шіркеулердің саны 100-ге дейін жетті, соның ішінде 91 шіркеу Император III Александр атындағы қордың қаражатына салынған еді. Петропавл уезінде 14, Ақмола уезінде 10, Атбасарда 6, Көкшетауда 18 шіркеу болған. 1917 жылға таман епархияда 710 приход жұмыс істеген [22,5].



Православиені уағыздауды қарқынды түрде жүргізу мақсатында епархиялар жанынан миссионерлік стандарт ұйымдастырылған. Стан, яғни жат діндегілер тұратын елді мекендерде немесе соларға жақын жерлерде орналасқан шіркеу қызметкерлері мен миссионерлердің тірек пункті болып табылады. Миссия стандартының әрқайсысында міндетті түрде храм мен минажат ету үйі, тілек білдіргендердің бәрін қабылдай алатын миссионерлік аралас мектеп болған. Бұл мектептердегі сабақтар орыс, қазақ, татар тілдерінде, сауат ашу мектебінің бағдарламасы бойынша жүргізілген. Сондай-ақ мектеп бағдарламасына араб жазуын үйрету, ислам жөніндегі мәліметтер беру және қандай-да бір қолөнер дағдысын меңгерту сияқтылар енгізілген болатын. Станның жанынан кітапхана ашылып, жаңадан шокынғандардың жағдайы төмен кедей бөлігіне қолдау көрсететін қамқорлық кеңесі жұмыс істеді [23, 74]

1913 жылдың 1 қаңтарына таман Омбы епархиясының құрамына 8 стан кірген: Орталық, Преображенский (Буконьский), Маловладимирский, Шульбинский, Татарский, Атбасар, Знаменск әйелдер монастырі, Еленинский, Черноярский. 1912 жылы миссияның қарамағындағы шіркеулер мен минажат ету үйінің саны 13, мектептер саны 18 болған [22,857].

Шіркеу бұқараға ықпал ету тәсілдерін жетілдіре түсті, өз саясатын жүргізетін насихатшылар даярлады. Қазақстанда сондай-ақ, орыстандыру ісімен және православиені уағыздаумен «братства» деп аталатын ұйымдар да айналысты. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресейде патша ағзамның өзі бекіткен правослаиелік шіркеулік братстволар белсенді жұмыс істей бастады. Олардың жарғысында бұл ұйымдардың «для служения нуждам и пользам православной церкви... и для распространения и утверждения духовного просвещения» құрғандығы туралы айтылған. 1881-1894 жылдар аралығында империяның аса ірі қалаларында 15 осындай ұйым (братстволар) ашылған [24,37]. Қазақстанның оңтүстігінде 1869 жылдан бастап Түркістан епархиалдық Қазан-Богородич братствосы (кейіннен Жетісу братствосы болып қайта құрылды), ал солтүстігінде 1897 жылы Омбы епархиалдық братствосы құрылды [25,556; 26,23].

Бұл ұйымдардың жұмысына отаршыл әкімшілік шенеуніктері де жан-жақты қолдау көрсетіп, христиан дінін насихаттауға барынша көмек жасады. Братстволар өзге діндегілердің тіліндегі баспа материалдарымен де қамтамасыз етілді. Мысалы, Түркістан епархиалдық братствосы тарататын қазақ тіліндегі кітаптарды Верный қаласының мешандары өздерінің қол астында жұмыс істейтін қазақтарды православие дініне үйрету мақсатында сатып алатын [25,551]. Омбы епархиалдық Братствосының ағартушылық-миссионерлік қызметі орасан зор Омбы епархиясының территориясында шіркеулік, діни-адамгершілік, патриоттық (патша үкіметіне деген патриоттық), ішімдікке қарсы мазмұндағы кітаптарды, інжілдерді, шіркеуге қажетті бұйымдарды кенінен таратудан көрініс тапты [26,23]. Осылайша, братстволардың қызметі қазақтар арасында православиені таратудың мақсат-міндеттерімен тығыз байланысты болды.

Жат діндегілер арасында жұмыс істеу үшін кадрлар дайындау жөніндегі оқу орындары да миссионерлік мекемелер қатарына жатады. Діни семинариялар діни қызметкерлер дайындайтын орта оқу орны болды. Миссионерлік ашылғаннан кейін Омбы қаласында діни семинария ашу міндетті түрдегі қажеттіліктердің бірі болып саналды. Омбы епархиясының ерекшеліктері мен мүдделерін есепке ала отырып оның алдына мынадай мақсат қойылды, яғни семинарияның түлектері сектанттардың, дін бұзушылардың және мұсылмандардың арасында миссионерлік қызмет атқаруға дайын болуға міндетті болды. Қасиетті Синодтың 1909 жылдың 29 желтоқсанындағы жарлығына сәйкес Омбы қаласында ашылмақшы діни семинарияның оқу курсына мұсылмандыққа қарсы пікірталастық және қырғыз (қазақ) тілі міндетті пән ретінде енгізілуі тиіс болды [27,16-18].

Миссионерлер дайындайтын Қазан діни академиясының ағартушылық қызметі де мұсылмандыққа қарсы бағытта өрбіді. Осы оқу орнының қабырғасында жүрген кезінің өзінде-ақ студенттер мен магистранттар мұсылман дініне қарсы түру тәсілдеріне машықтанатын. Мысалы, 1872 жылы академик Е.А.Малов мұсылмандыққа қарсы миссионерлік жинақты басып шығару жөнінде Комиссия құруды ұсынады. Нәтижесінде кейбір студенттер мен магистранттардың курстық жұмыстарын жинақ түрінде басып шығару жөнінде шешім қабылданады. Сондай-ақ кейіннен бұл жинаққа академия шәкірттерінің жұмыстарынан басқа «бөгде адамдардың да миссионерлік сипаттағы ғылыми қызығушылық тудырарлық шығармалары» да енгізілетін болды [28,50]. 1892 жылға дейін 18 мұсылмандыққа қарсы миссионерлік жинақ шығып үлгерді.

Мұсылмандыққа қарсы миссионерлік жинақ Қазақстандағы отаршыл әкімшіліктің өкілдері арасында әжептәуір сұранысқа ие болды. Айталық, 1886 жылы бұл жинақтың бір-бір данасы Жетісу облысының әскери губернаторының ұсыныс-сұрауы бойынша Ташкенттегі кітапхана үшін және басқа да облыстарға жіберілген болатын [28,52].

Христиан дінін уағыздауда елеулі жетістіктерге жету үшін миссионерлік стандартдың жанынан училищелер, жетімханалар, госпитальдер салыну қажет деп саналды, бұл қазақтарды орыстардың христиан дініне бет бұрғандарға қаншалықты қайырымды екендігіне және төзімділігіне сендіруі тиіс еді.

Уақыт өткен сайын ұлғая түскен миссионерлік мекемелердің басты мақсаты патшаға шын берілген бодандар санын одан әрі арттыра түсу еді, өйткені жерді жаулап алу әлі де толық жеңіс болып саналмайтын. Тек қана жаулап алынған жерлердегі халықтардың санасы мен рухын бағындырған кезде ғана олар нағыз отарға айналатындығын патша үкіметі жақсы білді. Бұл орайда үкіметтің сенімді саяси серігінің ролін орыс православия шіркеуі тиімді атқара білді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Большая энциклопедия / Под редакцией С.Н. Южакова. – СПб., 1909 – Т.13 –262 с.
2. Ястребов И.Б. Проблема миссионерства на Соборе.– М.:Мысль,1968– 499 с

3. Ельницкий К.История Сибири и среднеазиатских владений России. Этнографические очерки. СПб., 1895, стр.2,31,34-78

4. Православная энциклопедия. Т.II Церковно-научный центр русской Православной церкви «Православная энциклопедия»,М., 2000 – с.111

5. Дамешек Л.М. Внутренняя политика царизма и народы Сибири XIX –начала XX века – Иркутск, 1986. – 165 с.

6. ЦГА РК ф. 44; оп.1., д.1507 – л.1-3 об.

7. ЦГА РК ф. 64; оп.1, д.747.- л.1-15

8. Азиатская Россия. – СПб., 1915. – 417 с.

9. Мамашұлы А. Миссионерлік өнердің құпиялары. Қазақ әдебиеті 4.05.2001

10. Сотников И. Несколько слов о возможности учреждения миссии между киргизами Средней Орды// Православное обозрение. –1872.– Май.– с. 772-790

11. Казахско-русские отношения в 18-19 веках (1771-1867). Сборник документов и материалов. А., 1964 с.501

12. Дмитриев С.С. Православная церковь и государство в предреформенный период // История СССР. – 1966.- №4. – с.41-49

13. ЦГА РК. Ф. 64; оп.1, д.595. – л.41

14. Асылбеков М.-А.Х., Жаркенова А.М. Население Казахстана в конце XIX – начале XX вв. (1897-1917 гг.) – Алматы: Оркениет, 2001. - 31 с.

15. Миссионерский противомусульманский сборник. Труды студентов миссионерского противомусульманского отделения при Казанской духовной Академии. – Казань, 1894. – Вып.20. – 315 с.

16. Всеподданнейший отчет Обер-Прокурора Святейшего Синода Победоносцева по ведомству Православного исповедания за 1886 год. – СПб.,1888. – с.115

17. ГААК ф.164, оп2., д.8., л.41

18. ГААК ф 164, оп.1., д.43.

19. ГААК ф.164., д.43., л.6

20. ГАОМО ф.16; оп.1, д.45. – л.7-16.

21. О деятельности миссионеров // Речь. – 1910. – 24 июля.

22. Голошубин И. Справочная книга Омской епархии. Омск, 1914. – 1250 с.

23. ГАОМО. Ф.16; оп.1, д.104. – л.74

24. Ипатьева А.А. Миссионерская деятельность Русской православной церкви на юге дальнего Востока во второй половине XIX – начале XX века: Автореф. Дис. Канд. Истор. Наук. – Красноярск, 1999. – 51 с.

25. ЦГА РК ф. 15; Оп.1, д.401. – л.74

26. ЦГА РК. Ф.393; оп.1, д.129.- л.18-23

27. ГАОМО. Ф.16 оп.1, д.436.- л.16-18

28. Историческая записка о состоянии Казанской духовной Академии после ее преобразования. 1870-1892 / Под ред. С.Терновского. – Казань, 1892. – 652 с.

ӘОЖ 74.263.12

#### ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

М.М. ШАРИЕВА

мұғалім, №266 мектеп-лицейі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Қазақстанның жаңа экономикалық саясаты дәлелді түрде жүзеге асырылып оң нәтижелерін бере бастады. Елде кооперативтік қозғалыс одан әрі дамыды. Жалпы өндірістік кооперацияның негізгі үш түрі болды. Олар: Коммуна - өндірісті қоғамдастыру. Жерлермен малдардың бір бөлігін ,ауылшаруашылық машиналарын, құрал – саймандарды біріктіру. ТОЗ жерлерді бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік. Шаруалар ұжымдастыру түрлерін тандағанда негізінен ТОЗ – ды қалады. 1927 жылғы қазанның 1 – іне қарай Қазақ КСР – інде кооперация шаруа қожалықтарының 23,1% - ін қамтыды. Сол уақытқа қарай 1074 тұтыну қоғамы жұмыс істеді, оның 312 – і ауылдарда болды, қазақ даласының жекелеген түпкірлерінде 140 факторий құрылды. Қазақ шаруалары 1072 ұжымдық шаруашылықта, соның ішінде 101 коммунада, 17 артельде, жерді бірлесіп өңдейтін 294 серіктестікте (ТОЗ–да) ынтымақтастық пен өзара көмек мектебінен өтті. Жаңа экономикалық саясат негізінде республикадағы мал саны 1929 жылы 10,5 млн. – ға жетті. Ауыл мен қыстақтарда орташалар шаруашылықтары көбейіп,кедейшіліктің саны кеміп, патриархат көшпелі халықтың мәдениеті артты. Алайда бұл ұзаққа созылған жоқ. Өлкелік партия ұйымының басшылығына келген Ф. И. Голощекин «ауылды кеңестендіру» ұранымен ауылда тап күресін шиеленістіру бағытын тандап алды. Шабындық және егістік жерді қайта бөлу науқаны ауылдағы жағдайды ауырлата түсті. 1926 жылғы көктемде кедейлер байлардың иелігіндегі 1,3 млн. га шабындық және 1,25 млн. га егістік жерді тартып алды. Индустрияландыру бағыты азық – түлік қорлары проблемасын күн тәртібіне қойды. 1928 жылы қаржы мен жұмыс күшін ауыл шаруашылығын

өнеркәсіпке ауыстыру жүйесін қалыптастыру процесі басталды. «Барлық формадағы кооперацияны барынша дамыту саясатын» ұжымдастыру бағытына көшіру көзделді. 1928 жылғы қаңтар – ақпан айларында И. Сталин Сібірге бағытына сапарға шықты. Осы жылы 3 ақпанда болған Омбы округтік комитетінің мәжілісінде астық дайындау барысында төтенше шаралар қолдануға рұқсат етті. Ф. Голощекин ауыл мен қоныстарға 4800 уәкіл жіберіп, 31 мың шаруа жазаға тартылды. 1928 жылғы 1 қазан – 1929 жылғы 1 желтоқсан аралығы – 277 шаруа атылды. 1928 жылғы 27 тамыз – «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды көнпескелеу және жер аудару туралы» декрет жарияланды. Декретте бай – феодалдар өздерінің мүліктік және қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге кедергі жасайды деген ұстаным негізге алынды. Сөйтіп 657 бай жер аударылып, 145 мыңы тәркіленіп, олардың ауылшаруашылық құралдары – 877 колхозға, 24. 491 жеке шаруашылыққа бөлініп берілді. Тәркілеу жұмыстары заңды бұзу арқылы жүзеге асырылды: Орташалар байлар қатарына жатқызылды. Тәркілеуге жататын нормаға дейін жеткізу үшін жекелеген отбасы шаруашылықтары әдейі біріктіріліп отырды. Қанаушы элементтермен қатар дәулетті және орташа шаруашылықтар да тәркіленді. Сөйтіп, бай – кулактар қатарына темір шатырлы үйі немесе 2 аты болғандар да енгізілді. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру (коллективизация) бағыты көзделіп, бай – кулактары тап ретінде жою міндеті алға қойылды. Ұжымдастыру бай – кулактарды тәркілеуден басталды. Осылай елде жаппай ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру болға алынды. 1927 жылы желтоқсанда болып өткен партияның XV съезі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ісінің аяқталуы 1932 жылға жоспарланды. Қазақстанның астықты аудандарында колхоз құрылысының негізгі формасы – ауыл шаруашылық артелі, ал мал шаруашылығы аудандарда жерді бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік (ТОЗ) болуға тиіс еді. 1929 жылдың екінші жартысынан бастап республикада колхоз құрылысы жедел дамып, алғашқы МТС – тер құрылып жатты. Қазақстанда көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшылыққа көшіруді 1933 жылы аяқтау көзделді. Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жаппай жүргізу үшін ауылдар мен қоныстарға 8 мың жұмысшы және 1204 «жиырма бес мыңдықшылар» жіберілді. Олар Россиядағы колхоз жобасын қайталайтын қоныстандыру үлгісін орнықтырды. Ұжымдастыру жылдары кооперативтендіру қозғалысының өз ісін ашуға мүмкіндік беру, материалдық ынта, кооперативтендіруге шаруаның бірте – бірте өтуге, еркіндік ұстамдары бұзылды. Елді жаппай ұжымдастыру кезінде төмендегідей қателіктер жіберілді:

1. Қатаң жаппай қуғындау мен террорға көшу.
2. Даярлықсыз, жергілікті жағдайлар ескерілместен жүргізілу.
3. Әкімшілік – күштеу әдістерімен жеделдете жүргізілу.

4. Шаруашылық базасын жасау, тұрғын үйлер, мәдени тұрмыстық объектілер салу жоспары аяғына дейін орындалмады. Белсенділер отырықшыландыруды жоспарлаған 3 жылдың орнына 3 күнде аяқтап «жалған колхоздар» құра бастады. Нәтижесінде: Абыралы ауданында – 70 %; Жымпиты ауданында – 60 %; Жәнібек ауданында – 95 % шаруашылық ұжымдастырылды. Шаруашылықты ұжымдастыру деңгейі үнемі өсіп отырды. Егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтың 2% - і ұжымдастырылған болса, 1930 жылғы сәуірдің 3 - інде ол 56,4 % - і, ал 1931 жылы қазан айына қарай 65 % - дай өсіп, ұжымдастырылды. Азық-түлікпен қамтамасыз етудің қиындауына байланысты 1929 жылы «Әскери коммунизм» саясаты кезіндегі салғырт енгізілді. 1931–1932 жж. Шұбартау ауданында барлық малдың 80 % - ын мемлекетке етке өткізілді. 173 мың малы бар Балқаш ауданына 297 мың малға салғырт салынды. Торғай ауданында 1 млн. мал басынан салғырт салдарынан 98 мың қалды. Торғайлықтар «асыра сілтеу болмысын, аша тұяқ қалмасын!» ұранын көтерді. Еріктілік принципі мен қарапайым заңдылықтың бұзылуы әуел бастан – ақ барлық жерге тән сипат алды. Сайлау құқықтарынан айыру, тұрып жатқан жерінен басқа ауданға жер аудару, ұзақ уақыт қамауда ұстаумен қорқыту сияқты күштеу тәсілдері мейлінше дағдылы және кең таралған тәсілдерге айналды. Колхозға кіргісі келмеген кедейлер мен орташалар «бай – кулактар» қатарына жатқызылып, қатал жазаланды. 1929 жылы 56,498 шаруа жауапқа тартылып, 34 мыңы сотталды. 1931 жылы 5500 отбасы жер аударылып, 1929 – 1933 жылдары ОГПУ (біріккен мемлекеттік саяси басқарма) үштігі – 9805 іс қарап, оның ішінде: ату жазасына – 3386 адам, 3–10 жылға концентрациялық лагерьге қамауға – 13151 адамға үкім шығарды. 1930 жылы 30 мамырда республика үкіметі жаңа лагерьлер ұжымдастыру үшін Ақмола, Қарағанды округтерінен мерзімсіз, тегін пайдалануға 110000 га жер бөлді. Жекедегі малды қоғамдастыру нәтижесінде, мал күтімінің кемдігінен, жем – шөптің жетіспеуінен мал қырылды. Осы жылдары өлкенің Одақ бойынша товарлы астық өндіруден үлес салмағы 9 % - тен 3 % - ке кеміді. Мал шаруашылығы күйзелісті шығынға ұшырап, 1930 – 1932 жылдары аштықтың алғашқы көрінісі байқалды. 1932 жылғы ақпан – колхозшы қожалықтарының 87 % - і, жекешелердің 51,8 % - і малдан түгел айырылды. Ұжымдастыру қарсаңында – 40,5 млн. мал болса, 1933 жылы 1 қаңтарда 4,5 млн. мал қалды. Бұл жағдай еліміз Қазақстанда аштық қасіретін туғызды. Соның салдарынан елде 1930 жылы – 313 мың адам; 1931 жылы – 755 мың адам; 1932 жылы – 769 мың адам қайтыс болып, 1930 – 1932 жылдарда барлығы 1 млн. 750 мың қазақ немесе халықтың 40 % - і жаппай қырылды. 1932 жылы шілде айында аштық апаты мен себептері туралы Ф. Голощекинге «Бесеудің хаты» - Ф. Мүсірепов, М. Ғатуллин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышевтар хат жолдады. Онда мынадай мәселелер көтерілген: 1. Орташа шаруаларға байлармен бірдей соққы берілді, сондықтан орташалар байлар жағына шығуда. 2. Байлар малды қырып тастауға тырысуда. 3. «Жалған колхоздарды» ұжымдастыру жалғасуда. 4. Өлкеде ашығушылар саны көбеюде деген маңызды мәселелер төңірегінде жазылған.

1933 жылы наурыз айында РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов Сталинге хат жазды. Азаматтық ерлігі жоғары және принципшіл адал Т. Рысқұлов өлкеде етек алған қасірет туралы шындықты ашып көрсетуден тайсақтамады. «Сізден осы жазбамен танысып шығып, бұл іске араласуды және сол арқылы аштан өлуге душар болған көптеген адамдардың өмірін құтқарып қалуды өтінемін» деп жазды. Одан әрі хатта көрсетілген деректер бойынша: Қазақ жерінде көршілес өлкелерге көшушілер саны артуда; Орта Волгада – 40 мың; Қырғыз жерінде – 100 мың; Батыс Сібірде – 40 мың; Орта Азияда – 30 мың; Қарақалпақ жерінде – 70 мың қазақтар бар. Көшіп кетушілер Қалмақ, Тәжік жері, Солтүстік өлке, Батыс Қытайға дейін барған. Бұл «аш адамдардың тамақ іздеп босуды еді. Өкініштісі қазақ зиялыларының өтініштеріне орталық тарапынан жауап болмады. Аштық әсерінен халық санының азаюы жалғаса берді. Ақтөбе облысында 1930 жылы – 1 млн. 12500 адам болса, 1932 жылы – 725800 адамға кеміген (71 %). Жаппай ұжымдастыру, аштық әсері халықтың көбін көшіп кетуге мәжбүр етті. 1930 жылғы қаңтар – 1931 жылғы маусым аралығы – 1 млн. 10 мың адам (281230 шаруа қожалығы). Қытай, Иран, Ауған жеріне т. б. көшті. Оның 616 мыңы қайтып оралған жоқ, 414 мыңы кейін елге оралды. 1930 – 1933 жылдары аштықтан 6,2 млн. адамның 2,1 миллионы өлді. Қазақтардың осы жылдардағы саны 40 жылдан кейін, 1969 жылы ғана қалпына келді. Зұлмат ауқымның зор болғаны сонша, 1930 – 1932 жылдардағы аштық тарихымызда «ұлы жұт», қазақ халқының аса зор қасіретті жылдары ретінде еніп қалды. Ұжымдастыру саясатына қарсы ел ішіндегі шаруалар арасында біршама толқулар болып өтті. 1929 – 1931 жылдары Қазақстан жерінде шаруалардың ұжымдастыру саясатына қарсы ұйымдастырылған қарулы қозғалысы болды. Семей округі - халық наразылығының ірі ошағы болды. 1930 жылғы ақпан – мамыр аралығында Зырянов, Өскемен, Самар, Шемонайха, Катонқарағай аудандарында толқулар болып өтті. Батпаққара көтерілісі бандиттік – басмашы қозғалысының көрінісі деп бағаланды. Оңтүстік, Орталық, Батыс Қазақстанның 5000 шаруалары біріккен Қарақұм аймағы – көтерілісшілер – заңсыз тәркіленген шаруаларды айдаудан босату және мал – мүлкін қайтару, дін бостандығы, шаруаларға үдемелі табыс салығын салу, еріктілік ұстанымын сақтау, дербес ауылдар ұйымдастыруға мүмкіндік сияқты талаптар қойды. Қарақұм көтерілісі Орынбордағы 8 – дивизия күшімен талқандалып, 75 адамды атуға, 172 адамды 2 -10 жылға соттауға, көбін Шығыс Сібірге жер аударуға үкім шығарды. Созақ көтерілісі табандылығымен және шебер ұйымдастырылуымен ерекшеленді. Көтеріліс-шілер Созақ ауданының орталығын алып, аудан басшыларын өлтірді. Көтеріліс Орта Азия әскери округі бөлімдерінің күшімен жанышталды. Күштеу әдісі мен жаппай ұжымдастыруға қарсы Сарысу, Ырғыз, Балқаш, Қастек, Қордай, Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау ауданының шаруалары көтеріліске шықты. Осындай көтерілістерге қатысқан қазақ шаруаларын аяусыз жазалап, жаншып отырды. Жазалау шараларының салдарынан 1929 – 1931 жылдары 5551 адам жауапқа тартылып, 883 – і атылды. Жаппай 100 мыңнан астам адам жазаланды. Коммунистік партия (XX ВКП) Орталық Комитеті 1932 ж. 17 қыркүйек – «Қазақстан ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығы туралы» арнаулы қаулы алды. Онда колхоз құрылысында болған асыра сілтеушілік қатты айыпталып, Ф.И. Голощекин. І. Құрамысов қызметтерінен босатылды. Кеш те болса ұжымдастыру саясатының зардаптарын жоюға кірісіп мынадай мәселелерден бастау алды.

1. Күшпен жасалған «жасанды колхоздар» тарату.
2. Астықты аудандарда коммуналар орнына, артельдер ұйымдастыру.
3. Күштеп қоғамдастырылған мал – мүліктер иелеріне қайтару.
4. Отырықшы аудандарға Кеңес үкіметі 2 млн. пұт астық және 30 млн. сом ақша бөлу.
5. 1935 жылдан ауыл шаруашылық артелінің жаңа үлгісі бекітіп, жүзеге асыру.
6. Малсыз шаруашылықтарына мал алуына көмек көрсетілу.
7. Совхоздардың біраз малын колхозшылардың жеке пайдалануына беру.
8. Ф. И. Голощекин қызметінен (1933 ж.) босатылуы болды.

Қолданылған шаралар нәтижесінде 2-бесжылдық жылдарында колхоз, совхоздар нығая түсті. Республика егістіктерінде техника көбейді. Бірінші бесжылдықта – 9 мың трактор, екінші бесжылдықта – 24 мың трактор, 8 мың комбайн жұмыс істеді. Екінші бесжылдық соңында (1933–1937 жж.) – 200 - ге жуық совхоз құрылды. Екінші бесжылдық соңында – отырықшы аудандарға 40 млн. сом қаржы бөлінді. Жалпы, феодалдық қалдықтарды жою тұрғысынан ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ісіне оң баға берілді.

УДК 008

**КУЛЬТУРА В ГЛОБАЛЬНОМ МИРЕ: ДИАЛОГ И КОНФЛИКТ**

С.Б. АМИРОВА

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Культура включает в себя, или, если быть более точным, в буквальном смысле проникает во все сферы духовной и материальной жизни общества. Именно поэтому она в полной мере вовлечена в процесс глобализации. Проблемы многих культур, возникшие вследствие этого, все больше и больше приобретают международный, и даже глобальный характер. К примеру, трудности и противоречия, порожденные усилением влияния массовой культуры, периодически возникающие кризисы духовности, повышенная апатия, чувство потерянности и неуверенности. В этой ситуации взаимодействия, диалог и взаимопонимания различных культур становятся все более и более значительными. Особую роль играют непростые отношения современной западной культуры и традиционных восточных культур. Культура коренных народов развивающихся стран Азии, Африки и Латинской Америки, отношения, построенные между христианским и исламским миром, чьи ценностные ориентации и социально-культурные модели радикально отличаются, также являются серьезным фактором международной безопасности и конфронтации к процессу глобализации культуры.

Реальное влияние глобализации на культуру можно проследить уже в эпоху Великих географических открытий, когда возникли первые культурные связи и коммуникации, хоть контакты и были ограничены между морями, торговцами и завоевателями. С этого периода появились первые признаки, если не объединения, то, по крайней мере, заимствования и распространения материальных и культурных ценностей, а также различных культурных достижений, которые, в результате увеличения мировой торговли, распространились по всему миру. Благодаря этому, лучшие научно-технические достижения отдельных стран и народов, наиболее удобные и полезные ежедневные образцы промышленных товаров, посуды и одежды, многих сельскохозяйственных культур начали активно внедряться в другие культуры.

Наряду с предметами материальной культуры, различные элементы духовной, в основном европейской культуры, были распространены по всему миру. Например, язык, в первую очередь, испанский, португальский, английский, французский, и религии (христианство, ислам, буддизм), чьи миссионеры начали проникать в неизвестные прежде регионы мира. Таким образом, в результате начавшегося процесса глобализации, который открыл принципиально новые возможности для общения и при условии, способность к распространению различных идей по всему миру, вышеперечисленные религии приобрели универсальный смысл и получили статус «мировых».

Еще больше возможностей появилось для широкого распространения материальных и духовных ценностей в конце 19 - начала 20 века, когда начали развиваться новые транспортные средства: железные дороги, автомобили, авиация, а также были изобретены современные средства массовой коммуникации: телефон, кино, радио и телевидение. В результате взаимного проникновения и взаимной ассимиляции различных культур, будучи объективным и неизбежным следствием глобализации, привели в 20 веке к формированию универсальной, планетарной культуры. Это подтверждает, к примеру, пользование уже в каждой стране новейшей бытовой техникой и различными товарами массового потребления, которые зачастую производятся в другом углу планеты.

Но культурная глобализация не ограничивается только использованием различными народами сотовых телефонов, радио, телевидением, средствами транспортировки и т.п. Она может также рассматриваться в дизайне автомобилей, авиации или бытовой техники, и быть практически неотличимыми от культуры к культуре. Их проектирование и производство уже не имеют никаких признаков национальной культуры своих стран-производителей и отличаются от своих аналогов только этикетками. То же самое касается и продукции, выпускаемой транснациональными корпорациями, имеющими свои филиалы во многих странах мира.

В принципе, в истории человечества можно найти примеры существования культур, самодостаточных и практически не контактирующих с внешним миром, но это очень редкий пример. Но на самом деле, почти в каждой культуре есть отпечаток других культур, влияющих на него, в основном это были соседние культуры, но в последнее время это - наиболее развитые страны мира, привлекательные с точки зрения обмена опытом, результатами и достижениями. Широкая экспансия и передача в другие страны идей, изобретений, научных открытий, религиозных убеждений, материальных и духовных ценностей, методов и технологий, рожденных у отдельных культур, также доказывают культурную взаимозависимость, типичную для всей мировой истории.

Однако глобализация породила не только взаимозависимость культур, но и множество межкультурных противоречий. Это подтверждают многочисленные религиозные войны в Европе или упрямая оборона Франции от давления английского языка, который уже заменил французский на международном уровне как

язык дипломатии. Истории народов других континентов говорят то же самое. В частности, тяжелый опыт налаживания сотрудничества между европейскими странами и странами Востока должен быть хорошей основой для обсуждения принципиальной возможности взаимного влияния и взаимодействия различных культур.

Острота современных межкультурных противоречий, главным образом вызвана столкновением двух тенденций - интеграционных процессов, в том числе в области культуры, и желание национальных, местных культур защищать свою самобытность и независимость.

Проблема межкультурного взаимодействия и даже противостояние, антагонизм различных культурных традиций и систем приобретает новую глубину и новые формы, интенсивно перемещая на передний план необходимость диалога и сотрудничества на основе взаимного понимания и взаимного уважения всех многочисленных культур, представляющих современное человечество.

Таким образом, можно сделать вывод, что отношения диалога и конфликтов между различными культурами являются их природными свойствами и даже необходимой формой их существования, как, например, политическая борьба и политические соглашения являются неотъемлемой частью любой политической системы.

С одной стороны, культура не может обойтись без взаимодействия, без взаимного положительного влияния, потому что связь, существующая в течение веков между странами в сфере торговли и торгового обмена, всегда способствовала широкой экспансии не только материальных ценностей, но и духовных, эстетических норм. Политические отношения также не могут быть эффективными и даже не могут быть созданы без диалога и взаимопонимания между договаривающимися сторонами, независимо от их культуры. С этой точки зрения, современная ситуация в мире заслуживает особого внимания. Она характеризуется усиливающейся глобализацией, и главным образом исправлением самой идеи диалога и формы его существования.

В этой связи диалог как форма отношений между людьми, общинами и группами людей, между народами, государствами и, более широко, между культурами (например, Западом и Востоком, исламом и христианством) становится не только объективной потребностью, но абсолютной необходимостью.

Сегодня, когда существует значительное число стран, имеющих ядерное, химическое и бактериологическое оружие, диалог между этими странами является единственным возможным способом разрешения противоречий, чтобы избежать катастрофических последствий для обеих конфликтующих сторон и для человечества в целом, так как увеличение интенсивности процессов глобализации просто не оставляет другого выбора для людей.

УДК 101

**ФИЛОСОФСКОЕ ПОНЯТИЕ ДРУГОГО В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ МУЛЬТИКУЛЬТУРНОГО ОБЩЕСТВА**

А.О. БЕКТЕМИСОВА

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Обращение к различным периодам времени убедительно демонстрирует, что внутри культуры или культур существует постоянная пульсация центристических и центробежных сил, находящихся в единстве и противоборстве. Это движение к центру и от центра, к объединению и к разъединению, к выявлению общего и отличного, видимо, началось еще на заре цивилизации. Тогда же начали формироваться и стереотипы восприятия иного человека, чужого. Для обитателей Древнего Египта он был не человеком. Тому, в чьих жилах текла варварская кровь, трудно было добиться славы в Древней Греции. Значительно позднее возникает представление о том, что иное, непривычное, чужое не менее очеловечено, чем привычное, свое. В философии концепции Другого также сформировались не сразу.

Условия для подлинного понимания категории Другого появляются в постклассической европейской философии. Как пишет М. Бубер: "Когда разум перестает быть всемогущим и самодовлеющим, охватывающим мир системами своих отвлеченных концептов, когда на смену декартовскому «я мыслю» приходит «я существую» или «мы существуем», тогда Другой через intersубъективность, через отношение двух субъектов предстает во всей "неповторимой уникальности единичности".

Свой талант сал и сері направляли против засилья русских колонизаторов, выступали защитниками родной земли, подвергали осмыслению человеческие пороки, утверждая общечеловеческие ценности.

Сал и сері обладали даром поэтической импровизации, красивым голосом, были виртуозами-домбристами, композиторами. В певческой школе сал и сері была своя программа: каждый из них создавал песни с взаимосвязанными устойчивыми напевами и словами, то есть, каждая песня имела свою тему и определенный сюжет.

Алия Муканова, кандидат искусствоведения, отмечает, в частности, что творческую деятельность сал и сері определяет синкретизм поэтической, композиторской и исполнительской составляющих, а также тесная связь сочинений с обстоятельствами жизни творцов.

Так, автобиографические мотивы и природные зарисовки в песнях Иманжусупа, который, как отмечает А. Муканова, занимает особое место в ряду представителей исконной музыкальной традиции, так как его творчество сохраняет в неприкосновенности ее основополагающие принципы (10, С.4), является главным сюжетным стержнем всех его песен, всего творческого наследия.

Одна из ранних песен Иманжусупа – «Сейфіл-Мәлік» – это посвящение любимой. Мы предполагаем, что девушка, к которой обращается Иманжусуп, это его будущая жена Зейнеп, мать его шестерых детей.

Сері говорит о своей любви и представляет ее эталон – любовь Сейфіл-Мәліка к Бәдігүл-Жамал. Царь-отец дарит принцу золотую шубу и кольцо Соломона. На подкладке шубы принц обнаруживает портрет красавицы. Больше десяти лет он ищет свою возлюбленную и находит. Иманжусуп формулирует в песне этический принцип – человек должен отстаивать свое право на выбор пути на достижение своей цели. Песня наполнена глубоким философским содержанием. Сущность человека Иманжусуп определяет стремлением любить, замечать прекрасное и быть достойным счастья. В песнях более зрелого периода основная тема – тема свободы, протест против насильственной передачи исконно казахских земель русским переселенцам, любовь к родной земле, готовность защитить ее от посягательств.

Автобиографические мотивы, природные зарисовки, обращение к родным местам, личные переживания находятся в неразрывном единстве с философскими обобщениями. Эта взаимосвязь, на наш взгляд, является одной из специфических черт поэтики сері и отражает закономерные взаимоотношения с действительностью, определяет систему ценностно-смысловых, личностных отношений Иманжусупа к миру.

Иманжусуп как и другие сал и сері осознавая свою неповторимость и значимость широко использовал в своих песнях самопредставление: «Әкем Құтпан болғанда, ағам Шоңай Адамзаттан жан тұмас мендей құмай» (Отец мой Кутпан, брат Шоңай. Не родится на свете человек резвее меня. – Подст.пер.) (11, С.18).

Человек есть не только сам в себе, но еще существует и для себя, что проявляется в обращении к себе. То есть, он осознает себя как личность. Это глубокое и остро осознание им своих действий, чувств, мыслей, мотивов поведения, интересов, своего положения в обществе было глубоко присуще сал и сері.

Самосознание сал и сері, будучи адекватным осмыслением всего происходящего, реализуется в практической деятельности, в духовной сфере, в их творчестве. Духовность проявляется в свободном, углубленном, порой ожесточенном полете прекрасного смысла жизни, справедливости, чести, высоких идеалов, и является неотъемлемой частью культуры, сложной категорией, имеющей глубокую философскую основу.

Таким образом, феномен сал и сері можно рассматривать, на наш взгляд, как духовно-нравственный компонент национального самосознания, как один из этапов истории казахской философии.

## ЛИТЕРАТУРА

1. А.Нысанбаев. Философия взаимопонимания. С.161., 103.
2. Р.Абдильдина. Эволюция человека, его свободы и индивидуальности в контексте культурно-исторического процесса. Автореферат докт.диссертации. 2004. С.1.
3. Ж.Артыкбаев. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий. Санкт-Петербург, 2005. С.23.
4. Н.Г.Михайлова. Народная культура как целостный феномен культурологического подхода. // Традиционная культура. Москва, 2002. С.10.
5. М.Ауэзов. Иппокрена. Алматы «Жибек жолы», 1997. С.19.
6. В.В.Радлов. Из Сибири. Страницы дневника. С.249.
7. М.Абдильдин. Время и культура. Алматы. С.147.
8. А.Затаевич. Тысяча песен казахского народа. Москва «Музгиз», 1963. С.486.
9. Г.Муканова. Акыны и сері, и их роль в казахском обществе. //Евразия. 2003. №7. С.92.
10. А.Муканова. Казахские традиции музыкальной культуры. Автореферат канд.диссертации. Алматы, 2005. С.4.
11. Р.Кошенова. Мен калайша жалғанда тұрақтайын. Алматы «Арыс», 2000. 18 б.

ӘОЖ 316.62

## ТОЛЕРАНТТЫҚ ЖӘНЕ СҰХБАТТАСТЫҚ

Б.Ә. КҮЛЕНОВ, С.С. АУБАКИРОВА

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

XXI ғасырда адамзат күрделі процесстерді басынан кешіріп жатыр. Қандай болмасын қоғамдағы әлеуметтік-этникалық төзімсіздіктің өшуі жаппай жаһандану үдерісімен тығыз байланысты екені баршамазға белгілі. Әлеуметтік, экономикалық саяси-мәдени өзгерістер келешектеде этникалық, діни конфессиялық көптірлікті үдете түсетініне және оның келеңсіз салдарына соқтыратына көзіміз жетіп отыр. Осыған байланысты елеміздің азаматтарының өмірінің барлық салаларына ықпалын азайту үшін алдын алып реттеу мәселесі шығады. Ондай реттеу толеранттық принципіне, ұлттардың өзара сыйластығына, діни құндылықтарды құрметтеуге негізделген саясат арқылы жүзеге асады. Толеранттық мәмілеге келудің, жанжолдарды реттеудің маңызды этикалық доктринасы бола алады деген сенім қалыптасу үстінде. Сондықтан, этностараралық толеранттық зерттеуші ғалымдардың ғана емес, сонымен қатар саясатшылардың, түрлі ұйымдардың, бұқралаық ақпарат құралдарының назарынан шыққан емес. Толеранттыққа қатысты бірнеше халықаралық құжаттар қабылданды. 1995 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Толеранттық бостандық, жендік ынтымақтастықпен қатар барлық халықтарға ортақ негізгі құндылық деп аталған. Онда мәдениеттердің, тілдердің және діндердің өртүрлілігіне қарамастан адамдар бір-бірін сыйлап, құрметтеуі керек. Дүниежүзілік мәдениетті, барлық өркениеттер арасындағы сұқбаттастықты қолдау қажет: Отандық зерттеушілердің бірі «Қоғамдағы орнықтылық және тұрақтылықты сақтауды ойласақ, онда әрбір азаматқа төзімділік, сабырлылық, толеранттық сияқты қасиеттердің қажеттігі туындайды» десе, екіншісі «біздің социумның мүшелері толеранттықтың ең жоғарғы дәрежесіне көтерілді деп билік басындағы адамдарға осындай қазақ халқына « құдай берген қасиетті» сақтап бағалауға кеңес береді. Көптеген мақалаларда толеранттық ұлттың құндылық ретінде қарастырылады. Шындығында солай ма? Толеранттық дегеніміз не? Осы идеяны біздер қалай түсініп жүрміз? Осы сұрақтарға жауап іздер көрелік.

Толеранттық (латын тілінде – төзімділік) – бөгде адамның пікіріне, нанымна, діни сеніміне төзімділік. Төзімділіктің қазақ тіліндегі синонимдік қатарына шыдамшылықты, көнбістікті жатқызуға болады. Толеранттық идеясының шығуы XVIII ғасырда француз ағартушыларының қызметімен тығыз байланыста. Олар еуропада діни соғыстардан әбден қалжыраған конфессиялардың араларын келістіру үшін төзімділікті идеялық негіз ретінде қолданып насихаттайды. Алғашқы мағынасы діни төзімділік. Кейіннен либерализмнің негізгі идеологиясы ретінде ұғымның мазмұны өзгереді. Толеранттылықтың мазмұны зерттеушілердің пайымдауына қайшылыққа толы, ұғымның шегі айқын емес, қолдану аясы анықталмаған.

Жоғарыда айтылған «декларацияда» толеранттыққа төмендегідей анықтама берілген. Төзімділік дегеніміз сыйлау, дүниенің көптірлі мәдениетін дұрыс түсініп қабылдау. Төзімділік – көптірліліктің бірлігі.

Басқа зерттеулерде толеранттықты – еріксіз көну, іштей қабылдамағандықтан амал жоқтықтан төзу деп түсіндіреді. Толеранттықты тым қарапайым төзімділік деп түсінсек онда күтер нәтиже ұзаққа созылып кеткен болар еді. Шындығында, өртүрлі пікірлер, құндылықтар жүйесі арасын тең емсе. Егер менің ұстанған пікірімнің қарсыласымның пікірінен артықшылығы болмаса мен ондай пікірді ұстанбаған болар едім. Мен пікірімді, көзқарасымды немесе менің мәдениетімнің құндылықтарын басқа мәдениетке күшпен кірзіге алмаймын. Мен қарсыласымның әлсіздігін көре тұра онымен келісе алмаймын, өткені төзуге мәжбүрмін. Егер осылай түсінген жағдайда толеранттық мәдениеттер арасындағы қатынасқа теріс ықпалын тигізіп болар еді, немесе өзімшілдікке, менсінбеушілікке, немқұрайдылыққа соқтырған болар еді. Толеранттықты осылай түсінумен келісу қиын. Әрине, өртүрлі көзқарастар, дәстүрлер жүйесі өзара тең бола тұрып, бір-бірімен байланыспаған жағдайда тоқырау басталады. Толеранттық күрделі құбылыс этносаралық, конфессиялар аралық толеранттық жалпы

толерантықтың маңызды элементтері ғана. Одан басқа, гендерлік, географиялық (тұрғындардың орналасуымен байланысты), саяси, біліммен байланысты айырмашылыққа негізделген және т.б. толеранттылықтың сфераларын бөлуге болады. Этникалық толеранттықты қарастырғанда төзімділікпен шектеуге болмайды. Қарапайым, жай ғана төзімділікті басқадай мәдениетпен өзара түсінісуге мүдделі болатындай, ықылас танытатын қатынас дәрежесіне көтерітіндей ұғым керек.

Ондай ұғым – диалог немес сұхбатқа құрылған өзара түсінушілік. Ададмадар, жалпы мәдениеттер алмасуын қамтамасыз ететін сұхбаттың күдіреттілігін алғашқы аңғарған философ Сократ болды. Диалог толеранттылықтан көлемді ұғым. Диалогқа түскен пікірлер, көзқарастар өзара сынға түседі, сыналады. Өзара сынның нәтижесінде ұстанған позиция өзгеруі мүмкін. Менің көзқарасымнан басқадай көзқараспен қатынаста болу менің көзқарасымның дамуының қажетті шарты. Өзімен шектелген мәдениеттің келешегі күмәнді. Сондықтан қайшылықтарды толерантты принципке негізделген сұхбат- диалог мәдениетін қалыптастыру арқылы өркениетті тұрғыдан менің күн тәртібіндегі өзекті мәселелер екені күмән келтірмейді.

ӨОЖ 008

## КӨНЕ ДӘСТҮР ОЗЫҒЫН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТСАҚ

М. А. САРСЕМБИНОВА

мәдениеттану мамандығының магистранты, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шешендік өнер - Ұлы даланың тіршілігінен өмірге келген табиғи туындысы, сол ортаның мұрасы, ұлттық рухымыздың биігі деп санаған дұрыс.

Қазақ руларының, ауылдарының жұрт жаңартып, малына жайылым қуып үнемі көшіп жүруі неғұрлым қонысы шалғай, атасы алыс рулармен қыз алысып, қыз берісіп қарым-қатынас жасауы, алыс-жақын демей бірін-бірі жиынға ас-тойларға шақырысып тұруы - осының барлығы, сайып келгенде бірін-бірі халық тілінің, ауыз әдебиетінің, өзінің мәдениетінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасалған. Ауыл мен ауыл, ру мен ру және азаматтар арасындағы дау-жанжалдарды шешетін жұрт көп жиналатын ас-тойлар, жәрмеңке-базарлар, «күнде кеңес құратын Күлтөбелер» билер мен шешендер мектебі. Шешен-билерге халықтың көрсететін құрметі мен беретін сыйы да дарынды, талантты жастарды сөз өнерін үйренуге, игеруге ынталандырған, итермелеген, сөз қасиетін құрмет тұтқан. Осыдан келіп талапты жастардың оқу білімі кенжелегенмен, сана-ілімнен кенже қалмаған, бүкіл елдің, қоғамның қарым-қатынасы ауыз-екі жүргізілген, барлық іс, дау-дамайы қолма-қол, бетпе-бет шешілген.

Шын өнер иесіне оны қоршап, қолдап, сүрінсе сүйеп, жаңылса түзеп отыратын қамқор қауым керек. «Қар қылаумен, бала сылаумен» өсетіні сияқты өнер иесіне де білгір сын керек.

Билік-шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне, қажетті жағдай-еркіндік, ешкімнен қысылмай, қымсынбай еркін сөйлеуге бостандық қажет. Сөз бостандығы болған жерде халық тағдыры шешіледі, сол халықтың ойы да, жігері де биік болады. Билер мен шешендер – халық үні, оны ел басшысына жеткізу – сөз бостандығы емес пе?! Ертедегі тілімізде «би», «шешен» деген ұғым бір-ақ мағынаны білдірген. Бірақ би-шешен ең алдымен елінің тарихын, салт-дәстүрін, шежіресін, ұлылы-кішілі ел басынан өткен уақиғаларды, тарихи қайраткерлерді, әсіресе дау-дамай, соғыс-бітім мәселерін реттеп, халықтың әдет-ғұрпын жетік білуге тиіс болатын. Нағыз би-шешендер ел басшының қаһарынан сескенбей, халық қамын ойлаған, өз құлқын ойламаған, параға сатылмаған батыл да, адал болуы шарт.

Осындай рухы биік халықтың ұрпағының да ұраны биік болуы – табиғи құбылыс.

Шешендіктің тәлім-тәрбиелік мәнінің де мол екендігін айтпасақ болмайды. Өйткені, ол терең ойдың түкпірінен еленіп, екшеліп шыққаннан кейін, жалаң, жасық түрде туындамайды. Сомдалып, сұрыпталған сөздің бойынан адамгершілікті, әділдікті, ақиқатты аңғарамыз. Мәселен, Қаздауысты Қазыбектің Қоңтәжіге айтқан сөзінің негізгі түйіні екі елдің арасындағы бітімділікте жатқанымен, мазмұнының қаншама тағылымға тұнып тұрғанын көріп қайран қаласыз. Ал, Ағыбайдың әр түрлі өмірлік жағдайларда айтқан сөздері кішігірім поэзия.

Жақсының жайсаңы болып табылатын батыр-билер өз заманындағы тұлғалы тұстарынан жоғары тұрған, ақиқатты аялап, әділдікті әлдилеген еңселі ер, әрі ірі тарихи бейне.

Сол дәуірдің дарабоздарымен дос-жаран болуы, қаһарынан қалың ел қорыққан хан-сұлтандардың өздерінің қаймығып, мойынсұнуы, айтқан сөздері мен жүргізген биліктеріне таңырқап тандай қағып, шығарған үкімдерін халықтың қалтқысыз орындауы, билердің сол кездегі қазақтан шыққан саңлақтарының көш басында тұрғаны хақ.

Би – көпті көрген, қазақ қолын бастап, неше түрлі қиындықтарды басынан өткізіп, көре-көре көсем болған, сөйлей-сөйлей шешен болған, ойы орамды, көнені ғана біліп қоймай, болашақты да тап басып, байламды болжам жасай алатын, әрдайым халық көңілінен шыққан жан болған.

Сонымен, би дегеніміз ел жұртының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, шежі-ресін, тарихын, қоғамның даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың сан-алуан қасиеттері мен құпияларын білетін, адамдардың көкірек-көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мінез-құлықтарды айтқызбай-ақ тап басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беретін қасиеті бар бір тума жандар.

Би – дипломат, әрі мәмілегер. Басында билердің Жәнібек пен Керей бастаған Қазақ хандарының барлық елшіліктеріне қатысқаны, кейіннен Абылай, Кенесары хандарының Ресей, Қытай, Қоқан елшіліктеріне қатысқаны соның айғағы. Хандар өте жауапты деген руаралық келіссөздерге билерді жіберіп отырған. «Жауластырмақ – жаушыдан, елдестірмақ – елшіден»,- дегендей, Қаз дауысты Қазыбек, Төле би, Әйтеке би, Ағыбай және тағы басқа да билер бастап барған келіссөздер дұрыс шешіліп, әрқашан да олардың жолы болып отырған. Сондықтан, ол жеке адамдар, ру-тайпа, ұлыс аралығындағы жанжалдарды ғана емес, ел мен ел арасындағы даулы істерді өз билігімен әділ шешіп отырған.

Билердің батырлығы – қолына қару алып, жауға шабуында емес, қылышынан қан тамған қаһарлы хан-сұлтан немесе етектен кесіп жең болмайтыны секілді елдесуден кеткен ежелгі дұшпан алдында тұр екем деп именбей, керекті жерінде алдаспаннан да өткір тілімен турап түсетін әділет сөзін айтуында деп санаған. Билердің әділ де, өткір сөздері еттен өтіп, сүйекке жеткеннің өзінде де, Жәнібек пен Керейден бастап, Абылай мен Кенесары заманында, кейіннен отарлау аппаратына сенген аға сұлтандардың, ата жауларының өзі де оларға қарсы қылыш көтеріп, қарсы дау айтпаған. Оның дәлелі, олардың сан рет Жәнібек-Керейден бастап, Абылай, Кенесары алдарында «Хан кеңесінде» тайсалмай өз ойларын айтуы. Би - саясаткер, қоғам қайраткері. Би тек қана батыр болып қана қоймай, ол ел мен ел арасындағы қоғамдық мәні зор саяси мәселелерді шешуге де ат салысқан.

Хан қаншама қаһарлы болғанымен, бидің айтқан кеңестеріне құлақ асып отырған. Хан барлық күрделі мәселелерді тек «Хан кеңесінің» мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдап отырған. Кеңестің басым көпшілігі би-батырлар болатын. Ал, Қазақ хандығы, әскери мемлекет болғандықтан, билер ханның тек қана әскери кеңесшісі ғана емес, ол өмірдің барлық саласындағы ақылшысы болған. Оған мысал, Жиренше шешеннің, Бұқар жыраудың, Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбектің, Әйтеке бидің, Ақжолтай Ағыбай батырдың әрқашан да хан алдында халықтың атынан, халықтың қамқоршысы ретінде сөйлеуі. Хан өте ауыр шешім қабылдаудың алдында билерді шақырып алып, екеуара мәселені жан-жақты талқылап барып қана шешім қабылдаған.

Би – ағартушы, әрі тәрбиеші. Олар кейіннен, Ресей империясымен соғысып жеңе алмайтынын түсінген соң, игі іс – ағартушылықпен шұғылданған. Ел арасында медіресе ашып, бала оқытқан. Мүмкіндігінше, сол балалардың ішіндегі, көкірегінде сәулесі, көзінде оты бар жастарды, қыран шалар қия биіктен көріп, тәрбиелеп, баулап баққан. Олар өзінен кейінгі ұрпақтардың да, ел ұйтқысы боларлықтай азаматтар жетілуін, ешқашан да қаперінен шығармаған. Болашақта, билерге ұқсап, ел мүддесін көздесем-ау дейтіндей талантты жастар, атақты билерді өздері іздеп барып бата алған. Билер үміт етіп, сенім артқан ондай жастарға батасын берумен бірге, өмір бойы өздерінің жинақтаған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін санасына құюдан жалықпаған.

Сар саналы, дана ойлы, тәрбиеші, ұстаз билердің есімі халық жадында мәңгі сақталып қалған. Ағыбай батырдың алдына барып, кейіннен, Алашорда мемлекетінің басшысы болған жас Әлихан Бөкейхановтың, тағы басқа да сол кездегі алдыңғы қатарлы, болашағынан халқы үміт күткен бірнеше жас қазақ азаматтарының, келіп бата алуы осының айғағы.

Сол ғалым Ә. Бөкейханов оқу, білім туралы: «Адам баласы өзге хайуаннан айырылғанда бұлардан ақылды болып, қолы шебер болып айырылады. Байлық түбі ақыл, һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай, адам баласы қазығына жарымайды. Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды. Оқу-білім бір, оқу ұлғая білім болады. Дүниедегі жер билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады. Бұл тіршілік үлкен талас, бір бәйге: жүйрік алады, шабан қалады. Жүйріктік, ақыл, ұсталық, жаһитшілікте. Еріншек – езге жол, бәйге, сыбаға, мүше жок», - деп тұжырым жасайды.

Халық арасында билер ой түйіп, сөз ұстап, әділ төрелік айтумен бірге бүкіл бір халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеуде де теңдесіз қызмет атқаруымен қадірменді болған.

Осы ретте билердің жүргізген биліктерін тарихи-құқылық талдаудың айырықша маңызы бар. Тарихи материалдар мен фактілердің негізінде жасалған ғылыми талдау қазақ қауымдастығында өзіндік орны бар саяси-әлеуметтік тұлғалар – батырлар, билер мен шешендердің атқаратын рөлімен жан-жақты танысуға мүмкіндік беріп, олардың бүгінгі және келешек ұрпақтар өтеміне де жарайтын ұлағатты сөздерінің қадір-қасиетін саралауға жол ашады.

Сонымен, қазақтың халық болып, біртұтас елге айналуына, өсіп-өркендеуіне әрі батыр, әрі көсем билеріміздің де айырықша үлес қосқанын айту, тәуелсіз мемлекетке қолымыздың жетуі арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Дүние жүзінде, қазақ елі түрме салмаған, шыңырау зындан қазбаған бірден-бір ел. Бұл шындық, ойлап қарасақ, әлемге әйгілеуге тұрарлық құбылыс. Осы қазақ қоғамында үлгілі тәртіптің болуына атақты билер көп еңбек сіңірген. Қалай болғанда да, сан ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып, оның ел басқару жүйесінде айрықша қоғамдық маңыз атқарып келген билердің тарихын зерттеп, шығарған үкімдерін үлгі ету керек.

Қазақ би-батырларының қазақ әскерін басқаруы, шешендігі мен биліктері әлі күнге дейін тарихи-құқықтық тұрғыдан арнайы зерттелмегендігі – бұл тақырыпты өз алдына дербес зертеу объектісі етіп алуымыздың негізгі себебі болып отыр. Зерттеу барысында билердің жер дауы, жесір дауы, барымта таластарында айтқан биліктері тарихи-құқылық материалдар негізінде қаралып, алғаш рет аталған салада жан-жақты зерттеліп, құқылық тұжырым жасалуы керек.

Қазақ қауымының елі тәуелсіз болған кездегі негізгі парызының бірі – елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу, ата-баба салт-дәстүрлерін, ұлтжандық патриотизмді бойына жас кезінен дарыту. Халықымыздың ата дәстүрі – елін, туған жерін көзін қарашығындай қорғау дәстүрі. Бұл киелі ата-баба мұрасы, оның ұрпақтарға айтып кеткен өсиеті.

Қазақ қауымы ғасырлар бойы сыртқы жауларымен соғысып, одан кейін отаршылдық саясаттан, кейінгі жылы кеңестік жүйенің әсерінен әбден езіліп-жаншылған халық. Оның ең асылдары әр түрлі себептермен үзбей қырылып келді. Халықтың тұқымдық қоры әлсіреді. Асылдары кетіп, ұрпақтары жасып қалды. Ендеше осы халыққа бір сәт әл, күш-қуат жинайтын, ой-санасын, сән-салтын, оқу-білімін, тәлім-тәрбиесін, тарихи-мәдениетін жаңаша ойлап, тұжырым жасауға уақыт келді. Жаңа ұрпақ тоталитарлық кезеңде өмір сүрді, көбінің санасында дүбәралық, мөңгүрттік ұялаған, ұлтжандық, отаншылдық түсінік те көп жылғы саясаттан басылып қалған. Ұлтын, отанын сүйген адамды ұлтшыл, рушыл (националист, трайболист) деген қара күйе жаға салу әлі де тыйылмаған. Халықтың басым көпшілігі ата тарихынан қол ұзып қалған, ал ана тілін мүлде білмейтіні, шала білетіні қаншама!

Мықты тірегіміздің бірі – халқымыздың геосаяси жағдайына байланысты басқа халықтармен, көршілес елдермен, ұлыстармен қоян-қолтық, аралас-құралас, өмір сүру қарекетін жасау дәстүрі. Қай көршісінің қылбұрау, қай көршісінің кең тұсау екендігін пайымдау дәстүрі, оның кенпейілдік, қайырымдылық, қонақжайлық тірлігі, кең болса, кем болмайтынын білген дана-ойшыл болмысы.

Бізге тірек болып, болашақ батыр ұрпақ өсіруге көмектесер бір фактор – халықтық педагогикалық ұрпақ тәрбиелеу дәстүрі. Баланы қалай тәрбиелеуде біздің ата-бабаларымыз үлкен даналық көрсеткен. 13-те ұлын, 15-те қызын ұландық санатқа жеткізген. 16-да орда бұзып, қазақ қауымындағы жоғарғы орган хан кеңесіне кірген. «Отызынса орда бұзбаған, қыркында қамал алмайды» деп, алмас қылышса қайрап, хан кезінен өмір деген дамылсыз күрес екенін санаға құйып, соған дайындаған. Болар баланы болмысынан таныған. Жетімін жылтатпай, жесірін қорлатпай, құдасын құдайдай сыйлап, қариясын дана деп, анасын алтын қазық деп құрметтеп, үлкенді аға деп, кішіні іні деп қамқорлыққа алып, ат жалын тартып мінген перзентті азамат деп таныған.

Халқымыздың пейілі, даламыз қандай кең болса сондай кең, жер қой-науы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай.

Сонымен бірге халқымыз батыр халық. Ол еңкейгенге еңкейеді, шалқайғанға шалқаяды. Сөйлесе, Қорқыт пен Бұқардай даналығы, Төле, Әйтеке, Қаз-дауысты Қазыбек бидей шешендігі, Кенесары, Әз Тәуке, Абылайдай көсемдігі, айтысса, дауласа қалса, Жәнібекше өрлігі, Бөгенбайдай ірілігі, Шоқан мен Абайдай білімділігі, қиыннан қиыстырып жол табар ерлігі мен тірлігі бар Ақжолтай Ағыбайдай батыры, кең-байтақ жері мен дана елі бар.

Қазақ билерінің адамдық болмысы, ерлік істері, шешендігі мен жүргізген биліктері ертелі-кеш дүниеге келген рухани мұралар түбегейлі зерттеліп, саяси-құқықтық біртұтас ғылыми еңбекке арқау бола қойған жоқ. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, аталған олқылықтың орнын аз да болса толықтырмақ болған ниет-талпынысымыз бұл тақырыптың көкейтестілігі мен өзектілігін көрсетсе керек. Өйткені елінің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін алысқан ерлердің жау жүрек батырлығын, өсиет етіп айтып кеткен сөздерін, әділ биліктерін бүгінгі және болашақтағы ұрпаққа насихаттау, елдің ертеңіне аманат етіп тапсыру жастардың арасында патриотизмді қалыптастыруға қомақты үлес қосып, Қазақстанның саяси-құқықтық тарихына елеулі, әрі игі әсер етеді деп ойлаймыз. Егемендік алуымызға орай мүмкіндік: көп нәрсеге жаңаша көзқарас білдіріп, пікір айтып және ғылыми түрде тұжырым жасау.

Қосымша айта кететін ұсыныстар – бүгінгі кездегі нарықпен бірге тәртіпсіздік, қоғамдық тәртіп бұзушылық өріс алып, күннен күнге, әсіресе жасөспірім мен жастар арасында қылмыс жасау, жезөкшелік, маскүнемдік пен нашақорлық көбейіп, отбасы және неке тұрақтамай, айырылысу кең етек жая бастағанда, далалық демократияның көрнекті институты «билер соттарын» жергілікті жерлерде қоғамдық ұйымға жатқызып ұйымдастыру керек. Біз – қабат-қабат түрме салмаған, шыңырау зындан қазбаған, ешқандай да өз халқымызды жазалау әскерін ұстамаған халықпыз. Бұл шындық, әлемге үлгі қыларлық құбылыс. Ендеше, бүгінгідей жеңіл әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды бірден соттап, түрмеге жабу дұрыс емес. Олай болса ауылдық жерлерде, аудандық, қалалық әкімшіліктерде бұрын сот, прокуратура, басқа да құқық қорғау, атқару органдарында, білім беру, мәдениет салаларында жұмыс істеген адамдарды, ел арасында сыйлы, абыройы зор азаматтарды «билер сотына» жұмысқа тарту керек. Ауылдық жерлерде бұрынғы учаскелік инспектор болып жұмыс істеген, басқа да құқық қорғау органдарында, білім беру саласында жұмыс істеп, қазіргі уақытта «жас зейнеткерлер» атанған азаматтар баршылық.

Екінші жағынан олар ауылдардағы жалғыз учаскелік инспектордың көмекшісі, әрі қорғаушысы болар еді. Жергілікті учаскелік инспектордың уақыты тек әр түрлі арыздар және жоғарыда аталған жеңіл құқық бұзушылықтарды қараумен, оларды аудан орталығына жеткізуге кетіп, қазіргі жаппай болып жатқан мал ұрлығына, басқа да ауыр қылмыстармен толық қанды шұғылданыуына кедергі жасайды. Екіншіден оның уақыты мен мұршасы келмейді, сондықтан көптеген ауыр қылмыстар ашылмай қалып, нағыз қылмыскерлер заңды жауапкершіліктен босап кетеді. Ал, сот органдарының қарайтын жұмыстарының басым көпшілігі азаматтық істер мен жеңіл құқық бұзушылыққа жатады, сондықтан да олар күрделі қылмыстық істер қаралғанда жан-жақты, терең, сапалы шешім қабылдай алмайды. Жергілікті жердегі әр түрлі жеңіл қылмыстар, ұсақ түрдегі ұрлық, жеңіл-желпі бұзақылық, отбасы арасындағы жанжалдарды осы «билер сотына» салып, билер өз шешімін шығарса, егер осыдан кейін жоғарыда көрсетілген жеңіл қылмыстар бірнеше қайталанған кейін ғана құқық қорғау органдарына берілсе қоғамға көп пайда келуші еді. Билер институты үлкен қоғамдық тәрбиелік қызметтер атқарып, қылмыстың алдын алудың бірнеше проблемаларын шешеді, сот, прокуратура және ішкі істер органдарының жұмыс-тарын жеңілдетіп, мемлекеттік органдарға берілетін қаржыны үнемдеуге септігін тигізеді.

Әр жыл қорытындысы бойынша әрбір облыстан бір үздік сот қызметкері ұсынылып, республикалық Жоғарғы сот кеңесінің ұйғарымымен «Қазақстанның халық биі» деген құрметті атақ берілсе, басқа құқық органдарына берілетін «генерал» атағына пара-пар болатын еді.

Халқымыздың «Елге бай емес, би күт» деген көрегендік өнеге-өсиетінде терең мағына жатыр. Зерттеу нәтижелерін Қазақстанның саяси-құқық қағидалары мен нормаларын дайындауда, арнайы және жоғарғы оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда, сондай-ақ заң факультеттерінде, арнайы және әскери оқу орнындарында арнайы курстар мен семинарлар жүргізуде кеңінен пайдалануға болады.

Тәуелсіз мемлекет саяси-құқықтық ғылыми саланы дамыту барысында, қара қылды қақ жарған билерді, жүрек жұтқан батырларымыз бен кемеңгер хандарымыздың кім болғанын, олардың әрқайсысының қоғамдағы, тарихтағы атқарған, тындырған істері мен орны туралы әділет көзімен жан-жақты зерттеп, бүгінгі жас ұрпаққа ұғындырып бағу – біздің азаматтық парызымыз.

Ел арасынан суырылып шаққан сұңғыла шешен-билерге әділ баға беру, олардың осы күнге шейін халық жадында ұмытылмай келе жатқан әділ биліктерін, айтылған өнегелі сөздерін саяси-құқықтық тұрғыда талдауға, егемендік алуымызға орай туындаған мүмкіндік көп нәрсеге жаңаша көзқарас жасап, пікір айтуға жағдай жасалып отырғандықтан, ғылыми түрде қорытынды жасауды талап етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.З. Зиманов. Состояние и задачи разработки обычного права казахов. Алма-Ата. 1989.
2. С.З. Зиманов. Несколько слов о «Жеты Жарғы». Известия АН КазССР. 1975.
3. С.З. Зиманов. Жеті жарғы жайлы. Алматы. 1989.
4. І. Есенберлин. Көшпенділер. Алматы. 1998.
5. Е. Бекмаханов. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы. 1994.
6. Ахмет Кенесарин. Султаны Кенесары и Сыздық. Алма-Ата. 1992.
7. Ж. Алтайбай Ағыбай батыр. Алматы. 1977.
8. Назарбаев Н. Қазақстан халқына үндеуі. Ақиқат журналы. №1. 2000.
9. Ш. Уәлиханов. 5 томдық шығармалар жинағы. Алматы. 1961.
10. Ж. Шөженев. Ақжолтай Ағыбай батыр. Қарағанды. 2002.
11. Ж.С. Ақылбаев. Ер есімі ел есінде (Ақжолтай Ағыбай батырдың 200 жылдық торқалы тойына арналған «Арқаның ардақты тұлғалар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы), Қарағанды, 2002.
12. А. Бөкейханов. Сайлау. «Қазақ» газеті, №17, 1913.

УДК 55(588)

#### РОЛЬ ФИЛОСОФИИ В КУЛЬТУРЕ ДРЕВНИХ ГРЕКОВ: КЛАССИЧЕСКИЙ ПЕРИОД

А.К. ШАМАНБАЕВ  
студент, ПГУ имени С. Т. орайгырова, г. Павлодар  
С.Х. АЛЬМУХАНОВ  
к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Т. орайгырова, г. Павлодар

Наука для древних греков — это всегда практика, поэтому они не отличали ремесло и искусство от науки, включая в культуру все виды материальной и духовной деятельности. Ещё одной особенностью древнегреческого мировоззрения является внеличностный характер свойственного ему космологизма. В качестве абсолюта выступает сама природа, прекрасная и красиво организованная в космическом теле [1].

Отсюда и характерные для древнегреческого мировоззрения два подхода к трактовке возникновения и развития материальной культуры. Согласно первому (Протагор), упорядоченным развитием общественной жизни люди обязаны богам. У греков боги — человекоподобны не только по внешнему облику, но и по их поведению.

Второй подход (Демокрит) творцом культуры считает человека, который создает её, подражая природе. Таким было первоначальное понимание культуры как целенаправленное воздействие человека на природу, а также воспитание и обучение его самого. Поэтому древние греки различали в культуре два противостоящих друг другу начала: природное и нравственное.

С возникновением рабовладельческого строя происходил переход от образного мышления к понятийному. Космогония (наука, изучающая происхождение космических объектов и систем), являвшаяся тогда началом научного исследования, все чаще вступала в противоречие с мифологическим истолкованием природы.

Первыми представителями прогрессирующего отмежевания от мифологии стали сторонники ранней философской школы Древней Греции, а вместе с тем и Европы, — милетской школы, основанной Фалесом в г. Милете. Стихийно материалистический и диалектический взгляд на природу, развитый милетскими мыслителями — Фалесом (624—547 гг. до н. э.), Анаксимандром (610—548 гг. до н. э.) и Анаксименом (вторая половина IV в. до н. э.), заключается в том, что первичное всего существующего они искали в реальной действительности. Фалес видел эту первооснову или «архе» всех природных вещей в воде, из которой все происходит и в которую в конце концов все превращается. Анаксимандр объявил в качестве «архе», из чего

все возникает и во что все разрешается, «апейрон», то есть «беспредельное» — нечто среднее между воздухом и водой. Третий представитель милетской школы (Анаксимен) считал основой всех явлений воздух, который, разряжаясь, переходит в огонь, а по мере сгущения — в воду и землю. Здесь впервые возникает проблема начала, которое они ищут не за пределами материальной действительности, а в ней самой [2].

Роль представителей милетской школы в становлении и развитии древнегреческой культуры не ограничивается областью чистой философии, а распространяется одновременно и на естественнонаучные знания. Так, Фалес определил продолжительность года в 365 дней, предсказал солнечное затмение. Анаксимандр изготовил солнечные часы, карту суши и моря. Анаксимен занимался изучением астрономии. Таким образом, их философские знания аккумулировали в себе, в определенной степени, и естественнонаучные.

В противовес материализму милетцев выступила математическая школа Пифагора (580—500 гг. до н. э.). Пифагорейцы правильно подметили, что все вещи обладают количественной характеристикой. Абсолютизовав это положение, они пришли к неверному выводу, что вещи и числа — это одно и то же, и даже объявили, что вещи подражают числам. В конце концов, пифагорейцы впали в мистику чисел, придавая им (числам) сверхъестественный религиозно-мистический характер [3].

Продолжателем милетской школы выступил великий диалектик античности Гераклит (544—484 гг. до н. э.). Учение Гераклита — это первый сознательный переход от чувственного воззрения на мир к понятийно-категориальному восприятию его. Введенное им понятие «логоса» как мировой закономерности — ведущая категория его философии. Сутью его сочинений является утверждение борьбы, царящей в природе и общественной жизни в виде постоянного движения, изменения и превращения друг в друга противоположностей. Гераклит по праву считается одним из основоположников диалектики.

Особое место в культуре Древней Греции принадлежит софистам, наиболее известными среди которых были Протагор (490—420 гг. до н. э.) и Горгий (около 480 — около 380 гг. до н. э.). Софистов не без основания считают представителями греческого Просвещения за распространение и популяризацию знаний среди широкого круга учеников. В основе философских взглядов этой школы лежали представления об отсутствии абсолютных истин и объективных ценностей. Отсюда вывод: блага — это то, что доставляет человеку удовольствие, а зло — то, что причиняет страдания. При таком подходе основное внимание уделялось психологическим сторонам личности. Об этом свидетельствует и сформулированный Протагором исходный принцип софистов: «Человек есть мера всех вещей: существующих, что они существуют, и не существующих, что они не существуют».

Важную роль в философской культуре Древней Греции сыграла атомистическая теория Демокрита и Эпикура (наиболее развитая форма античного атомизма), которая давала последовательно материалистическую картину мира, смело утверждая, что весь мир состоит из совокупности атомов (атом — неделимый) — мельчайших неделимых частиц и пустоты, в которой движутся эти атомы. Атомы вечны, неуничтожимы и неизменны. Различные соединения атомов образуют различные вещи. Отсюда — возникновение и разрушение вещей. Мир же представляет собой бесконечное множество вечно движущихся в бесконечной пустоте атомов.

Мир, согласно Демокриту, — не хаос случайных явлений, все в нём причинно обусловлено. Впервые введя в древнегреческую философию понятие причины и развив систему материалистического детерминизма, Демокрит отрицал случайность, отождествляя её с беспричинностью.

Материалистическая линия атомистов, особенно в лице её главного представителя Демокрита, встретила ярко выраженную отрицательную реакцию со стороны идеалистов, прежде всего Платона и его школы.

В формировании философских взглядов Платона огромную роль играл его учитель Сократ (около 470—399 гг. до н. э.). По своему облику Сократ скорее был народным мудрецом, целью которого являлась борьба с абсолютным скептицизмом софистов (Протагора и Горгия). Поворотным пунктом в философии здесь стало то, что сократовское учение заключало в себе обоснование необходимости понятийного знания.

Сократ совершил поворот в древнегреческой философии от Космоса к Человеку, считая главными проблемами вопросы человеческой жизни и смерти, смысла существования, предназначения человека.

Новым в учении Сократа являлось то, что диалектику он понимал как искусство ведения такого рода беседы, диалога, при котором собеседники достигают истины, обнаруживая противоречия в рассуждениях друг друга, сталкивая противоположные мнения и преодолевая соответствующие противоречия. Этот момент диалектики был, безусловно, шагом вперед.

Основные философские положения Сократа нашли логическое продолжение в трудах Платона (427—347 гг. до н. э.), учение которого — первая в истории философии форма объективного идеализма.

Для Платона подлинное бытие принадлежит вечному миру духовных сущностей — миру идей. Материальная действительность является отражением мира идей, а не наоборот. Частичкой такого вечного является и душа человека, которая, по мнению Платона, и составляет главную суть человеческого существа.

С учением о человеке и душе тесно связана теория государства Платона. Его этика была ориентирована на совершенствование человеческого рода, на создание совершенного общества, а отсюда и идеального государства. Платон делил людей на три типа в зависимости от преобладающей в них части души: разумной, аффективной (эмоциональной) или вожделеющей (чувственной). Преобладание разумной части души свойственно мудрецам или философам. Они привержены правде, справедливости, умеренности во всем, и им Платоном отводилась роль правителей в идеальном государстве. Преобладание аффективной части души наделяет человека благородными страстями: храбростью, мужеством, подчинением долгу. Это — качества воинов или «стражей» безопасности

государства. Люди же вожделеющего типа должны заниматься физическим трудом, обеспечивая материальную сторону жизни общества и государства. Это крестьяне и ремесленники. Общей же добродетелью для всех Платон считал «меру», а высшим из всего, что может существовать на Земле, — справедливое и совершенное государство. Поэтому у Платона человек живёт ради государства, а не государство ради человека, то есть ярко выражено господство всеобщего над индивидуальным [4].

С критикой платоновского объективного идеализма выступил его ученик Аристотель (384—322 гг. до н. э.). Вечные идеи Платона он считал пустыми абстракциями, которые не могут отразить сущность предметов, не могут быть причиной их возникновения и уничтожения, а также познания вообще. Аристотель критикует положение Платона о существовании идей независимо от чувственных вещей. По мнению Аристотеля, едва ли может существовать что-либо помимо единичных вещей. Он правильно указал на слабость идеалистической аргументации Платона. Однако в учении о материи и форме сам приходит к идеалистическому выводу, полагая, что Бог заключен в каждом предмете как мысль этого предмета.

В области социально-философской проблематики Аристотель, подобно Платону, признавал законность и необходимость рабовладения, изначального природного неравенства людей, а также стремление к справедливому государству с соблюдением хороших, совершенствующих человека законов; ибо человек, по мнению Аристотеля, по самой своей природе предназначен к жизни сообща, будучи общественным существом, способным только в общении формироваться и воспитываться как нравственная личность, обладающая такими добродетелями, как благоразумие, благожелательность, великодушие, самоограничение, храбрость, щедрость, правдивость. Венчает же все добродетели, согласно Аристотелю, справедливость. Отсюда и стремление его к справедливому государству.

С распадом империи Александра Македонского, учителем которого был Аристотель, кончается эпоха расцвета рабовладельческой античной Греции и наступает новая эпоха — эпоха эллинизма во главе с Римской империей, так называемый римский эллинизм, охватывающий период с I века до н. э. по V век н. э. Основными философскими направлениями в культуре этого периода были: стоицизм, скептицизм, эпикуреизм и неоплатонизм.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Культура Древней Греции - <http://ru.wikipedia.org/>
2. Философия Древнего мира: Философские книги и учебники -> Философия - Учебно-практическое пособие 1 - Борисова Е.М.
3. Религиозные представления древних греков - <http://do.gendocs.ru>
4. Философия: учебник для вузов – Миронов В.В.



ӘОЖ 74.213.55

**ТҰЛҒАНЫҢ ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

С.К. АЯЗБАЕВА

аға оқытушысы, Астана Медицина университеті, Астана қ.

Адам ортада өзінің даралық өзгешелігімен ерекшеленеді. Бұл орайда адамдар мінез-құлық әрекетімен ажыратылады. Психологияда «мінез» (грекше характер – із қалдыру) бұл дербестік мағынасы бар барша адамға байланысты ұғым деп саналады. Әрбір адамның мінезі жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттерден көрінеді. Мінездің қасиеттері мен ерекшеліктері әркімде әрқилы болып келеді. Адам мінезінің көріністері әртүрлі оқиғаларға да байланысты. Ол сол кездегі адамның іс – әрекетіне, ерік – жігеріне, көңіл – күйіне, ақыл – ойына да байланысты болады. Адам мінезінің белгілі түрде қалыптасуы оның қоршаған дүниеге қатынасына байланысты.

Қазақ халқының түркі тектес халықтардан ерекшеленіп тұратын өзіндік сипаттық қасиеттерін Ы.Алтынсарин еңбектерінен көреміз. Оның айтуынша «қазақ халқына қарапайымдылық пен кішіпейілділік, ашық жарқын көңіл мен кеңпейілділік, өзге нәсілді адамдарға деген достық және сыйластық көзқарас, қонақжайлылық пен пайымшылық сияқты қасиеттер тән» - дейді. Қазақтардың өз жері мен Отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығымен айналысуға икемділігі, иман достығы мен балажандылығы, өмірдің қиыншылықтары мен әділетсіз істерге төзімділігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеті, еңбек сүйгіштігі мен шыдамдылығы олардың жалпы ұлттық қасиеттері болып табылады.

Педагог Р.М.Қоянбаевтың: «мінез- құлық тәрбиесі – шәкірттердің саналы тәртібі, пайымды мінезі туралы түсінігін қалыптастыру, оған сәйкес сезімі мен сенімін тәрбиелеу үшін тәрбиешінің мақсатқа бағытталған іс әрекеті», - деген.

Ж. Аймауытов «Тәрбие» мақаласында «адам мінезінің, ақыл қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі түрлі болуынан...» деп, алдымен бала тәрбиесіне көңіл бөлуге шақырады.

Тәрбие дегеніміз- ол ұзақ та, күрделі процесс болып табылады. Сондықтан, адамзат дамуының қай кезеңінде де тәрбиені жетілдіріп отыру қажет деп саналады. Біз тәрбиенің ең басты шартын мемлекет мүмкіндігінен туындайтын қажеттіліктен бастауымыз керек.

Швейцарияның демократ- педагогы Иоганн Генрих Песталоццидің пікірінше: «тәрбиенің негізгі мақсаты – адамды қалыптастырумен қатар, баланы қоғамға араластырып, жаттықтыру арқылы дұрыс мінез құлыққа тәрбиелеуге болады» деген көзқарасынан тұлғаның адамгершілік санасын, сезімін, еркін, мінез-құлқын тәрбиелеуге мүмкіндіктер бар екенін көреміз.

Мысалға: жыраулар поэзиясының көшбасшысы, ХҮ- ғасыр әдебиетінің өкілі Асан Қайғының толғауын алып қаралық:

Еділ бол да, Жайық бол  
Ешкімменен ұрыспа.  
Ердің құны болса да  
Алдына келіп қалған соң,  
Қол қусырып барған соң,  
Аса кеш те қоя бер,  
Бұрынғыны қуыспа.  
Мінезі жаман адамға,  
Енді қайтып жуыспа.  
Тәуір көрер жақсыңмен  
Жалған айтып суыспа.  
Өлетұғын тай үшін  
Көшетұғын сай үшін  
Желке терің құрысып  
Ешкімменен ұрыспа.  
Ашу – дұшпан, артынан  
Түсіп кетсең қайтесің  
Түбі терең қуысқа?

Бұл шумақтан адамның кең пейілді болу керектігі, кешірімді болуға жетелеу, жағымсыз мінезді адамнан аулақ болып, тәуір көретін адаммен суыспау керектігін ұғынамыз. Мұнда өмірдің жалған екендігі сондықтан адамдардың ұсақ түйек мінез - құлықтан дүниенің тірлігі үшін өкінішке ұрындыратын іс - әрекеттен аулақ болуға меңзейді, уағыздайды, тәрбиелейді, яғни ерік, жігер, қайрат, ұстамдылық қасиеттерінің дамуына көмектесу көзделінеді.

Тұлға ретінде адамдардың мінез - құлық тұжырымдамасын әлеуметтанушы Э.Дюркгеймнің «аномия – заңсыздық» теориясынан да көруімізге болады, ал Р. Мертонға жүгінсек мінез - құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді.

Ауытқымалы мінез-құлықтың сыртқы физикалық жағдайларына климаттық, геофизикалық, экологиялық факторларды енгіземіз. Мысалы: шу, геомагниттік өзгеріс, таршылық жағдайлары үрей туғызып агрессивті, қажетсіз мінез - құлықтың көрінуіне әкеліп соғады.

Сонымен бірге әлеуметтік орта әсерлері де өз ықпалын тигізеді.

Оларға: экономикалық жағдай, мемлекеттік саясат, салт дәстүр, бұқаралық ақпарат құралдары, этикалық құрылым, әлеуметтік мәртебе, референтті топ, отбасының өмір стилі, денгейлері, отбасындағы өзара қарым - қатынас, отбасындағы тәрбие, достары, басқа да маңызды адамдар жатады.

Ауытқыған мінез - құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан шығу, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкогольизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез құлық, суицид жатады. Олар жалпы қоғамға, айналадағы адамдарға және ең бірінші өздеріне үлкен зиян келтіреді.

Адамның мінез - құлықның ауытқуы жасөспірім шақта, күйзелгенде, жұмыстан кеткен жағдайда, алданған жағдайда, күйінген, ренжіген жағдайда болуы мүмкін. Сол үшін балалардың ауытқымалы мінез - құлық мәселелерін шешуге ата аналардың өздерінің қызығушылығы және әлеуметтік белсенділігі үлкен рөл атқарады.

Балаларға әлеуметтік қолдау тез, әрі тиімді болу, отбасында әлеуметтік психологиялық қызметтің болуы, баланың қатал күн тәртібін орнату қажет. Оған балалар – жасөспірімдер клубын, мектептен тыс және мектеп ішіндегі үйірмелерді, белсенді сыныптарды, қоғамдық ұйымдарды қажетінше көбейту керек деген пікірдеміз.

Қорыта келгенде, әлеуметтік мінез - құлықтың түбегейлі қалыптасуын әрбір тұлғаның қоғам талаптарына мейлінше тиімді бейімделуіне және қауіпсіздік пен өзін-өзі қорғаудағы сана-сезімін нығайтудың мүмкіндігінде деп бағаланылады. Ол үшін әрбір адам, әрбір отбасы жұмыла жұмыс жасаулары тиіс. Сонда ғана өзіміз өмір сүріп отырған қоғамда келеңсіз оқиғалар белең алмайтындығына сенімдімін. Пайғамбарымыз с.ғ.с: «Қиямет күні мүминнің таразысында көркем мінез құлықтан салмақты нәрсе болмайды» - деп айтқан. Сондықтан, ерік – жігерді сабыр сақтауға жұмсап, мейлінше салқынқандылықпен әрекет жасауға тырысқан абзал. Бұл біздің қолымыздан келетін іс.

ӘОЖ 94 (574) (075.8)

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ  
ЖЕТІСТІКТЕРІ – ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ СЫНДАРЛЫ  
САЯСАТЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ**

Т.М. ӘМИНОВ

т.ғ.к, доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі,  
Астана Медицина университеті, Астана қ.

Қазақстан халқы осыдан үш-ақ ай бұрын, яғни 2012 жылғы 16 желтоқсанда, ел тәуелсіздігінің 21 жылдығын үлкен экономикалық және саяси өрлеу жағдайында атап өткені баршаға мәлім. Адам өмірі үшін елеулі, ал мемлекет тарихы үшін қас-қағымғана сәт болып саналатын бұл мерзім өткенімізді саралап, келешегімізге көз жіберіп алатын аса маңызды белес екені анық.

Осыған орай, ел Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: «Біздің республикамыз бен халқымыз тәуелсіздік алғанға дейін қиын да қайғылы жолдан өтті. Сталинизм жылдарында Қазақстанда концентрациялық лагерьлер орналасып, оған кейбір халықтар тұтасымен жер аударылды, атом сынақтары жасалды. Сырттан 2 миллион адам күштеп көшірілгендіктен, көп ұлтты елге айналдық. Тағы да 2 миллиондай адам тың көтеруге жіберілді. Бұл – әрине демографиялық естен тану еді» – деп жазған болатын.

Отандық тарихқа жүгінсек, сонау он сегізінші ғасырдан бастап, Қазақтың ұлан-ғайыр ұлы даласын Патшалық Ресей мен КСРО-ның тоталитарлық билік жүйесі жүздеген мың орыс казактары мен шаруаларын қоныстандыратын, миллиондаған «сенімсіздерді» жер аударатын, немесе «еңбек лагерлеріндегі» жұмысқа жіберетін, немесе ел ішіндегі «тентектерді» түзеуге жіберетін аймаққа айналдырды. Бұл ретте адамдарды мал таситын вагондарға тиеп алып, ұлан-ғайыр даладағы елсіз аймақтарға апару жиі қолданатын шараға айналған еді.

Немістер, поляктар, корейлер, чешендер және басқа көптеген этностар еріксіз өздерінің тарихи отандарынан қол үзіп, алыс аймақта ешбір үмітсіз жағдайда қалғандай еді. Кейінірек 1950 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру желеуімен Қазақстанның орталық және солтүстік бөліктеріне миллиондаған орыстар, беларусьтар және украиндар қоныстандырылды.

Міне, осындай шаралардың салдарынан 1991 жылы Қазақстан 130-дан астам этнос үшін екінші отанына айналды. Ал өз атамекеніндегі қазақтар өткен ғасырдың екінші жартысында сан жағынан азшылыққа тап болды. Көпшіліктің есебінше, осы айтылғандардың бәрі елдің құлдырауға ұшырауына жеткілікті жағдай еді.

Бұған қосымша, Қазақстанға КСРО-дан мұраға қуаты жағынан әлемдегі төртінші ядролық арсенал қалды. Оның қуаты британдық, француздық және қытайлық ядролық арсеналдардың көлемін қосып есептегеннен де күшті еді. Ал мемлекеттің шекарасы халықаралық құқықтар бойынша әлі бекітілмеген болатын.

Осындай жағдайда Елбасының басшылығымен сыртқы саясаттағы шеберлікпен қол жеткізілген жетістіктер елдің ішкі саяси ахуалындағы міндеттерді ойдағыдай шешуге ықпал етті.

Н.Ә. Назарбаевтың Президент ретінде алғаш қабылдаған шешімдерінің бірі жоғарыда аталған ядролық арсеналдан үзілді-кесілді бас тартып, қасіретімен аты шыққан Семей полигонын жабуы еді. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бұл шешімнің жаһандық дәрежедегі орасан зор маңызын атап көрсете келіп, Семей полигонын жабу туралы қол қойылған күн – 29 тамызды халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялады.

Мұндай тарихи шешім Қазақстанның әлемдегі барлық мемлекеттермен өзара тиімді байланыс жасай алатын бейбітшіліксүйгіш, ашық та зайырлы мемлекет мәртебесін бекітті. Кейіннен бұл жағдай мемлекетке рекордтық тікелей шетел инвестициясы құйылуының нәтижесінде елдің экономикалық дамуының орасан зор жетістіктерге жетуіне ықпал жасады.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев көпвекторлы сыртқы саясат деп аталатын көрегендік саясатын қолдана отырып, Батыстағы да, шығыстағы да халықаралық әріптестерімен берік және өзара тиімді қарым-қатынас жасауға барлық күш жігерін салды. Қазақстан Ресеймен, Қытаймен және басқа мемлекеттермен мемлекеттік шекара мәселесін реттеп қана қойған жоқ, сонымен бірге, 1993 жылдан бері 150 миллиард АҚШ долларынан астам тікелей шетел инвестициясын тартуға қол жеткізді. Бұл бүкіл Орталық Азия аймағының экономикасына салынған инвестицияның 80 пайызын құрайды.

Қазақстан Республикасы – өзінің сыртқы саясатында Ресей, АҚШ, Қытай, Орталық Азия елдері, ТМД, Еуропа Одағы, Түркия, күллі мұсылман әлемімен саяси және экономикалық ықпалдасу мен сенімнің биік деңгейінде болуын мақсат етті. Осы елдердің қаржы компанияларының Қазақстан экономикасына инвестиция салуы ынтымақтастықтың өте маңызды жетістігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының басты идеясы интеграциялық мәселелер болды. Алғашқы кезеңде ұсынылған Еуразия одағы туралы идея осы заманғы көптеген көкейкесті саяси мәселелердегі ұстанымдарды жақындатуға алып келгені ақиқат. Еуразиялық интеграция идеясын жүзеге асыру барысында, ғалымдар мен зиялылардың еуразиялық клубын құру ұсынысы мақұлданып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен 2008 жылы Астанада өткен «Жаһандану жағдайындағы экономикалық дамудың қазіргі заманғы қырлары» атты ғалымдардың Еуразиялық экономикалық форумында еліміздің экономикалық дәрежесіне ерекше мән берілді.

Еліміздің сыртқы саяси мүдделерін кең ауқымды қамтуы мен ұлттық мүдделерін қорғауы барысында маңызды ұсыныстарының ішінен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесін құру туралы бастамасы да тарихи маңыздылығы зор шешімдер қатарынан табылады. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес – жалпы алғанда 3 миллиард халқы бар, 18 мемлекетті біріктірген, дүниежүзілік ішкі жалпы өнімнің үштен бірі тиесілі, Еуразия континентіндегі қауіпсіздікті нығайтуға өзінің қомақты үлесін қоса алған беделді халықаралық ұйым.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының басты бағыты халықаралық экономикалық одақтармен қауымдастықтарға қатысу арқылы жаһандық экономикаға кіру болды. Осы мақсатта Біртұтас экономикалық кеңістік, ЕурАзЭҚ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Орта Азиялық ынтымақтастық шеңберіндегі жұмыстарды белсенді түрде атқаруда. Қазақстанның Азия Даму банкі, Бүкіләлемдік банк, Еуропа қайта құру және даму банкі, Еуропа инвестициялық қоры, Еуропа инвестициялық банкі одақтарындағы өзінің орнын нығайтуы еліміздің экономикалық даму кеңістігін әлемдік деңгейге көтерді.

Қазақстан Республикасында мемлекетті демократияландыру процестері үнемі халықаралық деңгейге сәйкес дамып келеді. Осы саладағы жаңа жетістіктердің бірі 2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар арқылы Қазақстанның президенттік республика нысанының президенттік – парламенттік республика нысанына көше бастауы.

Жаңа мемлекетіміз Қазақстан Республикасының бірінші күндерінен бастап дамудың басты басымдығы экономика саласы болды. Мақсаты: біріншіден, экономиканы барынша ырықтандырып, оның ашықтығына қол жеткізу, екінші жағынан – тиісті инфрақұрылым жасау және маңызды салаларды дамыту арқылы жеке меншік секторын жандандыру болды.

Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуі 1991-1992 жылдары қажетті заңдар мен нормативтік актілер қабылдаудан басталды. Олардың ішінде «Қазақстан Республикасындағы меншік туралы», «Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті дамыту, шаруашылықтағы қызмет бостандығы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі» және т.б. заңдар.

Нарықтық экономиканың дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігін жекелешендіру жоспары жасалды. Сыртқы экономикалық байланысты дамыту үшін «Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвесторлар туралы» Заң қабылданды.

Қазіргі күні дүние жүзіндегі барлық өркениетті мемлекеттер Қазақстан экономикасына өз инвестициясын салуда ынталылық көрсетуде. Шетел инвесторларының Қазақстан экономикасына қаржы салуға қызығушылығы – біздің еліміздегі заңдардың тұрақтылығы мен оларға кепілдеме берілуіне байланысты.

Қазақстан Республикасы бүгінде халық өмірінің жоғары үлгісіне сәйкес, демократия мен азаматтық қоғам дамытуға бағдарланған тұрақты да серпінді өсу үстіндегі экономикасы бар өңірлік мемлекет ретінде танылады. Еліміз дүниежүзілік қоғамдастыққа өтіп, өркениетті даму жолына түсті.

Тәуелсіздік жолын бастаған, жаңа Қазақстан бірінші күндерден-ақ өзін ықпалдасу мен көп қырлы ынтымақтастықты табанды жақтаушы ретінде көрсетті. Осындай парасатты саяси бастамалар жауапты да айрықша маңызды жағдайларда Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық тұрғыдан пайымдай білуінің жемісі болды. Елбасының Қазақстанның әлемдегі ең күшті ядролық арсеналдарының бірінен ерікті түрде бас тартуы туралы шешімі осы қатарға жатады. Сол кезде Қазақстанның «ядролық алғашқы мұсылман державасы» болуына қызыққан саясаткерлер мен оларды қолпаштаушы шетелдік күштер де аз болған жоқ. Бірақ қазіргі уақыт осындай дана әрі батыл шешімнің өміршеңдігін дәлелдеп отыр.

Елбасының саяси таңдауы негізінде Қазақстанның дамуындағы аса маңызды жетістіктер: Қазақтардың Дүниежүзілік Құрылтайлары өтуі, 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы, бұл мәртебелі қоғамдық ұйымның Мәжілістің құрамына 9 депутатын сайлайтын Конституциялық заңға жетуі, біздің еліміздің Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің орталығына айналуы. Осындай бірегей форумдар түрлі халықтар арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікке қызмет ететінін барша әлем қолдап отыр.

Қазақстанның егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, әлемдік қоғамдастықтың беделді мүшесі деңгейіне жетуіне басты негіз болған – нақты іс жүзіне асырылған ішкі саясаты. Оның бірінші орынға қойылған басымдықтары: экономика, әлеуметтік саясат, мемлекеттің рөлін арттыру және т.б.

Тәуелсіздіктің алғашқы 20 жылында Қазақстанда адам басына шаққандағы ІЖӨ мөлшері 1994 жылғы 700 доллардан 2012 жылы 12000 долларға жетті. Бұл алдын-ала болжалынған мерзімнен 5 жыл бұрын және әлемдегі кез-келген мемлекеттегі көрсеткіштерден де жылдам жүзеге асты. Әрине, бұған бір жағынан елдегі мұнай, газ, табиғи уранның орасан зор қоры да ықпал етті. Алайда, мұндай жетістіктерге жету үшін, ең алдымен, батыл экономикалық реформалардың және саяси тұрақтылықтың барынша мүмкіндік бергендігі ақиқат. Елбасымыздың 2012 жылы Чехияға барған ресми сапары кезінде айтқанындай, соның арқасында «Қазақстанның даму динамикасы «дағдарыстық кезең» делінетін 2008-2009 жылдары да сақталып отырды. Өткен жылды елімізДЖӨ-нің 7,5пайыздық өсімімен аяқтады. ҚР Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес 2015 жылға қарай біз дамуды 2008 жылмен салыстырғанда 50 пайызға арттырып, шикізаттық емес экспорттың үлесін экспорттың жалпы аумағының кем дегенде 40 пайызына өсірмекпіз». Жай ғана санамаланып шыққан бұл көрсеткіштердің астарында қандайлық жүйелі жұмыс, жанқиярлық еңбек жатқанын айтудың өзі артық.

1997 жылғы желтоқсанда ел астанасын Алматы қаласынан Астанаға көшіру жас мемлекет үшін шын мәніндегі бетбұрыс кезең болды. Бар болғаны 280 мың ғана халқы бар, жете дамымаған провинциялық Ақмола қаласына ел астанасын көшірген кезде Қазақстан әлі де үлкен экономикалық қиындықтар құрсауында тұрған болатын. Өткен 15 жыл мерзімі ішінде ел астанасы ұлттың жедел дамып келе жатқан қуатты орталығына, қазірдің өзінде 800 мыңға жуық халқы бар сәулетті де салтанатты қалаға айналды.

Қоғамда қалыптасқан этникалық және діни әртараптылық жағдайында егер Қазақстан бейбітшілік, түсіністік және татулық ахуалын сақтай алмаған болса, реформаларды жүргізу, мемлекеттегі тұрақтылық пен дамуды қалыптастыру мүмкін емес еді. Қазақстан қақтығыстар мен жаулыққа қарсы тұратын ынтымақтастық пен достық рухын сақтай білді. Елдегі қалыптасқан этносаралық және конфессияаралық татулық моделін қазірдің өзінде шетелдердің сарапшылар жан-жақты зерттеу үстінде. Қазақстан сонымен бірге өзара түсіністік идеясын халықаралық сахнада да дамытып келеді. Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес және Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің съезі сияқты беделді де нәтижелі ұйымдарды құра отырып, халықаралық дәрежеде зор табыстарға жетуде.

Келесі бағдар – осы заманғы әлеуметтік саясат. Елбасы өзін «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты еңбегінде халықты әлеуметтік қорғау және бейімдеу жүйесін дамыту жөнінде нақты міндеттер қойды. Қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығын арттыру, демек – зейнет жасындағы, бірақ еңбекке қабілетті жастағы адамдар санын арттыру денсаулық сақтауды дамытудың нақты нәтижесі болып табылады. Бұл жұмыстың негізгі негізгі бағыттары: халықтың неғұрлым «тұрмысы төмен» топтарына қолдау көрсету, тұрғын үй құрылысы мен жылжымайтын мүлік рыногін дамыту мәселелері, денсаулық сақтау саласын ұйымдастыруда осы заманғы стандарттарға көшу, халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып отыр. Осындай халыққа әлеуметтік көмек көрсету саясаты мемлекеттік, қоғамдық игілігімізді арттыра түсуде.

Қазақстанның ішкі саясатындағы келесі басымдылық – қоғамдағы мемлекеттік қызметтің рөлін күшейту. Мемлекеттік басқару сапасын арттырып отыру еліміздің алға жылжуына басты негіз болды. Мемлекеттік қызметтің рөлін көтеру шеңберіндегі әкімшілік реформалар дәйектілікпен жүргізіліп отырды.

Қазақстан берік те тұрақты президенттік-парламенттік демократиялық жүйе құрды және оның шеңберінде БАҚ және үкіметтік емес ұйымдар қоғамдық ынтымақтастық қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. 2011 жылы Н. Назарбаев өзінің өкілеттілігін 2020 жылға дейін ұзарту туралы референдум өткізу жөніндегі дауыс беру құқығы бар азаматтардың жартысынан астамы қуаттаған ұсынысты қолдамай тастады. Оның орнына Президент өзінің демократиялық қағидаттарға адалдығын дәлелдей отырып, мерзімінен бұрын сайлау өткізу жөнінде бастама көтерді және осы сайлауда зор басымдықпен жеңіске жетті.

Ұлттық шеңбердегі даму жетістіктері халықаралық сахнада да өзінің тиісті жалғасын тапты. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға ойдағыдай және тиімді төрағалық етті. Сол жылы ел астанасы ІІ жыл үзілістен кейін алғаш рет ЕҚЫҰ Саммитін ұйымдастырды. Саммит қорытындысында мерейтойлық Астана декларациясы қабылданды. Сол бас қосуда Еуропадан, Америкадан және Еуразиядан келген 56 қатысушы-мемлекетер өздерінің Ұйым шеңберіндегі ынтымақтастығын нығайтуға мүдделі екендіктерін дәлелдеді.

2011 жылы Қазақстан өзінің Шанхай ынтымақтастық ұйымы төрағалығының шеңберінде он алты мүшесі арасындағы көпқырлы ынтымақтастықты жаңа сапалы деңгейге шығару мақсатындағы жұмысын жүргізді. Сол жылдың маусым айынан бастап Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымындағы (ИЫҰ) бір жылдық төрағалық міндетін абыроймен атқарды. Әлемнің 57 мемлекеті кіретін осы ұйымда бейбітшілік, ынтымақтастық және даму қағидаттары жемісті жүзеге асырыла бастады.

Әрине, еліміздің дамуында алда тұрған проблемалар әлі де аз емес, себебі қандай мәселе болмасын жетілдірудің ешқашанда шегі болмайды. Осы қағидаға Елбасымыздың 2008 жылы журналистерге сұхбат берген сәттегі айтқан сөздері үндес келеді: «Біз осы мемлекетті көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Біз өз мемлекетіміздің жас екенін, буыны бекіп, бұғанасы жаңа қатып келе жатқан елге төнетін қатер де кездесуі мүмкін екендігін естен екі елі шығармауға тиіспіз. Босаңсымауға тиіспіз». Осы сөздер өз елінің болашағын ойлайтын әрбір Қазақстан азаматының жадында сақталуы тиіс.

Президентіміз «Қазақстан-2050» Стратегиясында айтқанындай: «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру. Қазақстан ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс. Біздің жетістіктеріміз бен қазақстандық даму үлгісі Жаңа саяси бағыттың негізі болуға тиіс».

Жалпы алғанда, бүгінгі күні Қазақстан Республикасы халық өмірінің жоғары стандартына, демократия мен азаматтық қоғам орнатуға бағдарланған тұрақты да серпінді өсу үстіндегі экономикасы бар өңірлік дамушы мемлекет ретінде танылады.

ХХІ ғасырдың басында белсенді сыртқы саясат жүргізуінің арқасында Қазақстан әлемдік қоғамдастықтан өз орнын алды, жас мемлекетке шетелдік тәжірибе мен инвестициялар тартылды. Қазір Қазақстан басқаларға реформалау тәжірибесін үйренетін, ал өзі басқа елдерге капитал инвестициялап отырған елге айналды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. Алматы. «Өнер». 1996
2. Н.Ә. Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы, «Атамұра», 1999
3. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. Астана, 2012
4. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан.

ӘОЖ 316.3

### ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК МОДЕЛЬДЕРІ

А. КАРАМАНОВ

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әлеуметтанушы ғалымдардың тұжырымы бойынша ежелгі кезеңнен бері өмір сүрген мемлекеттердің барлығында сол кезеңдердің дамуына тән әлеуметтік саясат жүргізілген. Қазіргі кезде әлеуметтік саясат мәселелері халық үшін де, саясаткерлер мен ғалымдар үшін де аса өзекті проблемаға айналып отыр. Тәуелсіз Қазақстан жүзеге асырып отырған түбегейлі экономикалық реформалар бұл өзгерістерге жауап бере алатын және соған сәйкес келетін мемлекеттік әлеуметтік саясатты қалыптастыруды талап етеді. Өйткені, «елдің экономикасын сауықтыруға бағытталған экономикалық реформаның күшті әлеуметтік саясатпен қамтамасыз етілуі өте маңызды, ал олай болмаған жағдайда бір реформа екіншісіне қауіп төндіре бастайды» [1, 89 б.].

Әлеуметтік мемлекеттің қайнар көзі – әлеуметтік саясаттан басталады. Мәселен, дамыған Еуропа елдерінде әлеуметтік саясаттың екі үлгісі кеңінен қолданылады. Біріншісі «бисмарктық» әлеуметтік саясат үлгісі (неміс канцлері Бисмарктың есіміне байланысты аталған, өйткені ол осы үлгінің негізін салған болатын), екіншісі «беверидждік» үлгі.

«Бисмарктық» әлеуметтік саясат үлгісі бойынша әлеуметтік көмек пен белсенді еңбек қызметі арасында тығыз байланыс орнатылады. Жеке адам өзінің белсенді еңбек қызметі барысында келісім - шарт негізінде әлеуметтік қорға мөлшерлі аудармаларын жасап отырады. Кейін бұл аудармалардан сақтандырушы қорлар құрылып, одан әртүрлі әлеуметтік көмек көрсетіліп отырады. Мұндай қорларға мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінбейді. Ал, еңбек белсенділігі төмен отбасылар үшін ұлттық ынтымақтастық ұстанымы бойынша мемлекеттік органдар арқылы әлеуметтік көмек көрсетіледі [2, 291 б.].

«Беверидждік» әлеуметтік саясат үлгісі бойынша кез келген қоғам мүшесі әл - ауқаты мен экономикалық белсенділігінің деңгейіне қарамастан денсаулық сақтау, зейнеткерлік белгілер бойынша мемлекеттен минималды әлеуметтік көмек алуға құқылы. Бұл үлгіні ұстанатын елдердегі (Ұлыбритания, Швеция) зейнетақы жүйесінде зейнетақы алатын жасқа жеткен әрбір азаматқа белгіленген зейнетақы төленеді, ал денсаулық сақтау саласы бойынша әрбір азамат медициналық сақтандыру жүйесіне автоматты түрде тіркеледі. Бұл үлгіде де ұлттық ынтымақтастық ұстанымы негізінде ұлттық байлықты әділетті бөлудің тұжырымдамасы қолданылады. Ал Қазақстанның өзіндік әлеуметтік саясатының үлгісі мен тұжырымдамасы қалыптасу үстінде екенін ескерсек, онда бұл екі үлгінің басты жетістіктері мен тиімді тетіктері нысанаға алынып отырғандығына көз жеткізуге болады.

Әлеуметтік мемлекеттің басты тұжырымдамасының негізі - өте ертеде пайда болған әлеуметтік саясатқа келіп тіреледі. Ертеде көптеген билеушілер, мысалы, Рим цезарлары жағдайы өте төмен адамдарға нан тарату мен ойын сауықтар ұйымдастыру арқылы қамқорлық жасаған. 20 ғасырдың екінші екі жартысында «әлеуметтік мемлекет» ұғымын ең алғаш ұсынған неміс ғалымы Лоренц Фон Штайнер болды. Ол «әлеуметтік мемлекет өз азаматтарын экономикалық және қоғамдық дамуға дағдаландырып, үйретуге міндетті, өйткені, бірінің дамуы - екіншісінің дамуына шарт болуы қажет, әлеуметтік мемлекеттің негізгі мәні де осы болып табылады» деп көрсеткен. «Әлеуметтік мемлекет» деген ұғымның пайда болуы «полициялық» мемлекеттен әлеуметтік функцияларды жүзеге асырушы мемлекетке өтуін көрсетеді.

1930 жылы неміс ғалымы Герман Геллер әлеуметтік - саяси әдебиетке әлеуметтік құқықтық мемлекет ұғымын ендірі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бірқатар Батыс Еуропалық мемлекеттердің Конституциясында әлеуметтік мемлекет формуласы жазылған еді. 20 ғасырдың 60 жылдары шамасында алғашқы әлеуметтік мемлекеттер, мысалы, Францияда, Германияда, швейцарияда, Англияда және т. б. елдерде құрыла бастады. Олардың негізгі өмір сүру шарты - қоғамдағы жағдайын нашар топтарды қолдау үшін халықтық табыстың белгілі бір бөлігін бөле алатын экономикалық дамудың ең жоғарғы деңгейі болып табылады [3, 82 б.].

Әлеуметтік мемлекеттің мәнін терең түсіну үшін оның белгілерін ажырата білу қажет. Бірінші белгісіне – әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы құқықтық табиғаты, мемлекеттің әлеуметтік процесстерді бақылау және бағыттау міндеті жатады, екінші – әлеуметтік сақтандыру жүйесінің жасақталуын айтуға болады, үшінші – бюджеттік - әлеуметтік төлемдер, төртінші – әлеуметтік қамсыздандыруды, жұмыспен және мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйенің болуы саяды, бесінші – қоғамның әрбір мүшесіне мемлекеттің әлеуметтік қолдау көрсетуі жатады, алтыншы – өз азаматтарының әл - ауқатының жоғары деңгейі үшін, жауапкершілігін арттырумен сабақтасқан.

Әлеуметтік мемлекеттің пайда болуы – құқықтық мемлекет құру принциптерінің ролін төмендеткен жоқ. Жеке тұлғаның азаматтық құқығы мен бостандығының басымдылығы – демократиялық мемлекеттің де әлеуметтік мемлекеттің де өмір сүруінің негізі болып қала береді. Дегенмен, әлеуметтік мемлекет өзінің өркендеу жолында, қоғамның әрбір мүшесінің тіршілік етуіне лайықты жағдай жасауы үшін заңды түпде жарияланған азаматтық құқық пен бостандық мазмұнының шынайы кенеюіне ұмтылады.

Ерекше айтатын жағдай, халықтың тіршілік ету деңгейінің жоғары болуы әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген жағдайда адам құқығы мен бостандығының құрылымы өзгереді, адамдардың саяси белсенділігінің төмендейді, мемлекетке сенімсіздік пайда болады, саясатқа селқостығы ұлғаяды, құқық пен бостандық заңды кепілдіктері әрқашан мүмкін емес деген ұғым қалыптасады. Әлеуметтік мемлекеттің өмір сүруі құқықтық мемлекетпен бірлікте екенін атап көрсету қажет. Өйткені, әрі құқықтық, әрі әлеуметтік мемлекет те жеке тұлғаның дамуы мен игілігі үшін тиімді жағдайлар жасауға тырысады. Сонымен құқықтық мемлекеттің тұжырымдамасы негізгі құрал болғандықтан тиімсіз құқықтар санын мейлінше азайтып, мемлекеттің жеке тұлға өміріне қол сұғуына заңды түрде шектеу қойып, нақты ережелер белгіленуі қажет. Әлеуметтік мемлекет болса, бөрінен бұрын адамдарды заңдастырылған құқықтармен, адам дамуына қажетті материалдық жағдаймен, ұлттық табыстың әділ және ұтымды бөлінуін қалыптастырумен қамтамасыз етуге ұмтылады. Нақты айтқанда, тұлғаның жеке өмірін қорғауға және қолдауға тырысу – әлеуметтік және құқықтық принциптердің тұтастығының негізін құрайды. Солай десек те, құқықтық мемлекет тұжырымдамасы мемлекеттік органдардың ұлттық табысты, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқада игіліктерді бөлу процесіне қатыспауын да мойындайды. Бірақ әлеуметтік мемлекет әр адамды материалдық жағынан қамтамасыз етуге, нақты айтқанда, ұлттық табысты бөлумен айналысуға міндетті, осы процесті ұтымды түрде жүзеге асыру арқылы қоғамда пайда болатын теңсіздіктерді болдырмауға тырысады.

Әлеуметтік мемлекеттің мәні мен мақсаты – қоғамдағы бейбітшілік пен татулық үшін жағдай жасау, әлеуметтік серіктестік институттарын дамыту, еңбекшілерге әділетті де лайықты еңбекақы төлеу құқығына және қауіп қатерден қорғауға кепілдеме беру. Осындай мемлекетті құрудың міндетті шарты - саяси және экономикалық билік бөлісі болып табылады. Бұл меншік түрінің әр алуандығына байланысты. Әрбір адам нақты қандай да болсын кәсіпорын қызметін пайдалануға ерікті: мемлекеттік, кооперативтік немесе жеке меншіктік [4, 476 б.].

Қазіргі кезеңде демократиялық мемлекет бәсекелестікті шектеу мен оны қайта қалпына келтіру арасындағы тәсілді ұстануға, өз әрекеттерінде құқылық және әлеуметтік принциптердің тиімді мөлшерін табуға ұмтылуда. Кез келген қоғам тіршілік құрылымының ғылыми тұрғыда дәлелденген үлгісіне, нақты белгіленген мақсатқа сүйене отырып, дами алады.

Әлеуметтік саясат жүргізудің әлемдік тәжірибесі. Әлем елдері тарихында өзін әлеуметтік мемлекет ретінде ең алғаш 1949 жылы Германия, 1958 жылы Франция, 1978 жылы Испания, 1990 жылы КСРО (Кенес Социалистік

Республикалар Одағы), 1995 жылы Әзербайжан, Грузия, Түркіменстан, Қазақстан жариялады. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты әлеуметтік қамсыздандыруға және әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған қызметті қамтылаған мемлекеттің бағдарламасы арқылы жүзеге асады. Классикалық үлгіде әлеуметтік қамсыздандыруға әлеуметтік сақтандыру мен қоғам мүшелерінің әлжуаз топтарына қолдау, көмек көрсетуге деген әлеуметтік жауапкершілігі арқылы көрініс тауып жүр. Әлеуметтік қызметтер жүйесіне денсаулық сақтау, білім беру, кәсіби даярлау, еңбекпен қамтамасыз ету және мемлекет қамтамасыз ететін басқа қызмет түрлері жатады. Әлемдік тәжірибеде бұдан да басқа халықты әлеуметтік қорғаудың қалыптасқан үлгілері көп. Әлеуметтік саясат жүргізу үлгілерін өртүрлі классификациялайды. Олардың көпшілігі әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда мемлекеттің, азаматтық қоғам институттарының және жекелей азаматтардың қатысу деңгейі мен алатын роліне байланысты принциптерге негізделген. Геосаяси аспектіде қарастыратын болсақ, скандинавиялық, континенталды және американдық – британдық әлеуметтік саясат үлгілерін көрсетуге болады [5, 376 б.].

Скандинавиялық үлгіні – социал - демократиялық, континенталдыны – социал - нарықтық, ал американдық – британдықты – либералды үлгі деп атайды.

Бұл үлгілердің ерекшелігі мемлекеттің әлеуметтік қорғау жүйесіне қандай формада қатысуына байланысты байқалады. Мәселен Скандинавия мен континенталды үлгіні ұстанған Европа мемлекеттерінде әлеуметтік қорғау жүйесі мемлекет тарапынан, ал Оңтүстік Европа елдерінде үкіметтік емес ұйымдар мен агенттіктер, шіркеулер, кәсіподақтар, әр түрлі әлеуметтік топтарды қосатын мүдделі ұйымдар мен қайырымдылық қорлары арқылы ұсынылады. Католиктік елдерде мемлекеттің көпшілік әлеуметтік міндеттерін шіркеулер өз мойнына алады [6, 136 б.].

Халықты әлеуметтік қорғаудың скандинавиялық үлгісі. Әлеуметтік саясат жүргізудің бұл типінде әлеуметтік қажеттіліктерге деген қаражаттың көп бөлігін мемлекет өз мойнына алып, оны әлеуметтік қамсыздандыруға бөлу мен таратуды көзі тікелей бюджет болып саналады. Мемлекет өзінің азаматтарының әл - ауқатын, жағдайын жасап, негізгі әлеуметтік қызметтерді де көрсетуге жауапты болады. Скандинавиялық үлгі Швеция, Финляндия, Дания, Норвегия сынды мемлекеттердің саясатында кең көрініс табады. Осы елдердің ішінде Швецияның әлеуметтік саясат жүргізу үлгісі әлемдік тәжірибеде ерекше орны бар. «Швециялық үлгі» 60 жылдардың соңында Швеция дамыған әлеуметтік, экономикалық қатынастар орнаған ел ретінде статус алғаннан кейін пайда болды. Дәл осы Швецияда «толыққанды жұмысбастылық саясат», пен жалақы төлеудің мәртебелі жүйесі» ұғымдары шыққан болатын.

Елдің әлеуметтік саясатының негізгі мақсаты толыққанды жұмысбастылық пен табысты теңестіру саясаты болатын. Елдің бұл мақсаты табысты теңестіріп қайта бөлу мен арнайы мемлекеттік немесе мемлекеттік емес институттар жүзеге асыратын салық және трансференттік саясат арқылы іске асады. Швециялық үлгінің универсалдылығы жалпыға арналғаны және бәріне бірдей қолжетімділігінен көрінеді. Әлеуметтік қамсыздандыру жоғарғы деңгейде және жұмыссыздық бойынша, балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы түрлері бар. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы жұмыстан айрылып қалған жағдайда азаматтардың қалыпты күн кешуіне арналған. Ал балалар ата - анасының табысына қарамай 18 жасқа толғанша ай сайын жәрдемақы алып отырады. Әлеуметтік қызметтердің ішіндегі білім беру саласы халықтың бар бөлігінің сауаттылығын қамтамасыз етуде. Орта және жоғары білім ақысыз болып табылады және көптеген қайта даярлау оқыту орталықтары мен білім беру бағдарламалары жұмыс істейді. Квалификациялы мамандарды дайындау мен қайта даярлау жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, мемлекеттің халықтың толыққанды жұмысбастылығына бағытталған әлеуметтік саясатын көрсетеді. Швеция заңнамасында оқу демалысына қаржы төленеді делінген, жалпы Швеция білімге ЖІӨ - нің (жалпы ішкі өнімнің) көп мөлшерін жұмсайды. Сонымен Швецияның әлеуметтік саясаты әлеуметтік солидарность пен әлеуметтік әділеттілікке негізделген [7, 536 б.].

Халықты әлеуметтік қорғаудың континенталды үлгісі. Әлеуметтік саясат жүргізудің континенталды үлгісінде мемлекет тек қана әлеуметтік төлемдер төлеумен ғана айналысатын, ал әлеуметтік қызметтерді ұйымдастырмайды. Мұнда мемлекет бюджетінен және жұмысшылар мен жұмыс берушілердің әлеуметтік шараларға бөлетін қаражаты бірдей мөлшерде, және негізгі қаражат көзі мемлекеттік және жеке әлеуметтік сақтандыру қорлары болып табылады. Бұл үлгіні ұстанатындар – Германия, Франция, Австрия, Бельгия. Осы елдердің ішінде Германияның әлеуметтік саясатына тоқталып өтсек, ең алдымен Германияда 1946 Альфред Мюллер - Армак жылы «нарық еркіндігі» мен «әлеуметтік теңестіру» принциптерін біріктіретін және экономикалық саясатты анықтайтын «әлеуметтік нарықтық қатынас» ұғымын енгізді. Мұндай саясаттың мақсаты экономикалық сферада қоғамның әрбір мүшесінің өзін өзі жетілдіруіне жағдай жасайтын әлеуметтік саясат болып табылады. Бұл үшін индивидтердің шаруашылық қызметін реттейтін институционалды жағдайлар керек. Бірінші кезекте табысты бюджет арқылы қайта бөлу немесе шведиялық үлгідегідей тегін әлеуметтік қызметтер емес, ал әлеуметтік қорғау бағытталған еңбекке қабілетті халыққа экономикалық жағдай жасау түр. Сонымен қатар Германияда әлеуметтік сақтандырудың төрт түрі бар: зейнетақылық, медициналық, жұмыссыздыққа және күтілмеген жағдайға қатысты. Әлеуметтік сақтандыру жұмыс беруші мен жұмысқа түруші есебінен қаржыландырып, қызмет түріне байланысты дифференциацияланып төленеді. Әлеуметтік сақтандыру принципі белгілі бір қорларына төлемдер төлеген болса, онда төлеген адамға қызметтер алуына құқық береді. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мемлекет есебінен төленетін балаларға жәрдемақы (бала туылғанда берілетін, күнкөрісі төмен және көп балалы отбасыларға), босқындарға көмек, білім алуға жәрдемақы, жастарға көмек, емделуге жәрдемақы, зейнеткерлік субсидиялары, соғыс құрбандарына көмек, мүгедектер мен қоғамның басқа да кедей, әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Германияның мемлекеттік әлеуметтік саясатының аясында денсаулық сақтау жүйесінде міндетті медициналық сақтандыру жүйесі орындалады. Нәтижесінде халықтың 90 пайызы міндетті сақтандырумен, 8 пайызы жекеменшік, ал 2 пайыз халықтың бөлігіне мемлекет өзі төлейді. 1990 жылдары Германия өзінің экономикалық әлеуметтік даму бағытының шыңына жетті, уақыт және нарық өзгеріп отырғандықтан Германияның халықты әлеуметтік қорғау жүйесі модернизацияны талап етеді [8, 178 б.].

Халықты әлеуметтік қорғаудың американдық - британдық үлгісі. Американдық - британдық үлгі әлеуметтік сферада мемлекеттің минималды түрде қатысуымен сипатталады. Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру тетігі мемлекеттік бюджет емес, жеке салымдар мен сақтандыру болып табылады. Мемлекет өз мойнына тек барлық азаматтардың минималды кірістерін сақтауды және халықтың аса көмекке мұқтаж табын қорғауды алады. Бұл үлгіні негізгі ұстанатын мемлекеттер: АҚШ (Америка Құрама Штаттары), Англия, Ирландия. Әлеуметтік бағдарламалар қатаң индивидуализацияланған: барлық топтардың тең мүмкіндіктері орнына халықтың жекеленген категорияларына іріктелген көмек көрсету принципі сақталады. Оның ішінде зейнеткерлер, мүгедектер, ауру жандар, аз қамтамасыз етілген отбасылар, толық емес отбасыларға мемлекеттік жекелей қолдаулар бар.

Жерорта теңізі елдерінің әлеуметтік саясат жүргізудің өзіндік үлгісі бар. Ол мемлекеттерге Испания, Португалия, Греция, Италия, Ирландия елдері жатады. Бұл елдерде әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі мазмұны мемлекет немесе Үкіметтік емес ұйымдардың ұсынған әлеуметтік сақтандырумен түсіндіріледі. Жерорта теңізі елдері үлгісінде әлеуметтік салаға көп қаражат бөлінгенімен, ол халықтың басым бөлігін қамти алмайды.

Демек, әр мемлекеттің әлеуметтік саясат жүргізу ерекшелігі елдің экономикалық потенциалымен санасады. Осыған сәйкес әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған әдістер жүйесі бар. Бірнеше елдердің топтамасында немесе жекелей мемлекеттердің өздеріне тән әлеуметтік жүйесін кездестіруге болады. Бір елдің белгілі бір топқа жіктелуін қарастырғанда өзіндік ерекшеліктер мен талаптарды ескерген дұрыс:

- әлеуметтік саясаттың көздеп отырған түпкі мақсаты: берілген жүйе минималды ауқаттылық пен кепілдендіруді ұсынумен шектелуі, мемлекетте жалпы табыстың қоғам мүшелеріне қайта бөлінуі;
- әлеуметтік саясаттың экономикалық саясатпен байланыстылығы;
- әлеуметтік қорғау жүйесінің басымдылық типі: белсенді, конструктивті.

Жалпы алғанда әр үлгінің мемлекетте әлеуметтік саясат жүргізу мен халықтың әлжуаз бөлігін қорғап отыруда өзіндік артықшылығы мен кемшіліктері бар. Бірақ әлем мемлекеттер қоғам түрленіп, дамыған сайын әлеуметтік саясат жүргізу әдістерін жетілдіріп отырады, бір - бірімен тәжірибе алмасу үрдісі тоқтамайды [9, 19 б.].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Джон Локк. Басқару туралы екі трактат / Алматы : Ратитет. – 2004.
2. Сарсенова Ж. Н. Әлеуметтік жұмыс. / Алматы. – 2004.
3. Чепуренко А. Ю. Социальное рыночное хозяйство в Германии : Истоки, концепция, практика / – М. : «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЕН). – 2001.
4. Волгин Н. А., Гриценко Н. Н., Шарков Ф. И. Социальное государство / М. : Дашков и К., – 2003.
5. Гриценко. Н. Н. Концепция социального государства Российской Федерации / М. : АТИСО. – 2004.
6. Социальное государство. Краткий словарь - справочник. Академия труда и социальных отношений / М. – 2002.
7. Калашников С. В. Функциональная теория социального государства / М. : « Экономик». – 2002.
8. Самиров С. Н., Сидорова Т. Ю. Социальная политика : учебное пособие. – М. : «ГУ ВШЭ». – 2004.
9. Ламперт Х. Социальная рыночная экономика. Германский путь / М. –1994.

УДК 742.316.6

#### СИСТЕМА СОЦИАЛЬНОГО КОНТРОЛЯ КАК ВАЖНЕЙШИЙ ФАКТОР ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

А.Е. НУРГОЖИНА

учитель истории, магистрант ИнЕУ, средняя общеобразовательная школа №6, г. Павлодар)

В современных условиях вряд ли может существовать общество, в котором все его члены вели бы себя в соответствии с общими нормативными требованиями. Когда подросток нарушает нормы, правила поведения, законы, то его поведение в зависимости от характера нарушения называется девиантным, отклоняющимся, криминальным, уголовным и т. п. Такие отклонения отличаются большим разнообразием: от пропусков школьных занятий до кражи, разбоя, убийства.

Социальный опыт свидетельствует, что общество самое эффективное, устойчивое и динамичное развитие получает на основе хорошо отлаженной системы социального контроля за поведением и деятельностью различных социальных групп и субъектов. Жизнеспособность этой концепции еще более подтверждается в условиях нарастания нестабильности, неустойчивости и неопределенности факторов внешней и внутренней



среды. Нынешнее состояние Казахстана полностью вписывается в те экономические, социально-экономические и культурные характеристики, которые требуют незамедлительной разработки концептуальных основ социального управления и контроля в новых условиях.

Как быть в отношении тех девиантов, которые уже стали алкоголиками, наркоманами, заразились венерическими болезнями, страдают болезнями в форме сексуальных расстройств? Очевидно, что использование уголовного наказания в отношении гомосексуалистов, проституток и пьяниц теряет смысл, так как большинство из них больные люди и нуждаются в медицинской, психологической и социальной помощи.

Девиантное поведение вначале всегда бывает немотивированным. Подросток, как правило, хочет соответствовать требованиям общества, но в силу социальных условий, неумения правильно определить свои социальные роли, незнания способов социальной адаптации, нищенского уровня жизни, он не может этого сделать. Наличие девиантной группы облегчает совершение противоправных и аморальных действий, обеспечивает психологический комфорт за участие в подобных действиях, уменьшает эффективность способов социального контроля.

К основным факторам социального контроля можно отнести следующие.

1. Методы и средства социального контроля должны быть адекватны конкретным видам девиантного поведения. Основным средством социального контроля должно стать удовлетворение различных потребностей и интересов лиц, склонных к «ненормальному» поведению. Так, научное, техническое и другие виды творчества могут служить серьезной альтернативой разным формам противоправного и аморального поведения. Эффективность предупреждения правонарушений достигается не столько временным подавлением девиантного поведения, сколько его постоянным вытеснением социально одобряемым и полезным поведением.

2. Существенное сужение репрессивных мер воздействия. Лишение свободы приводит личность к социальной и нравственной деградации и может использоваться лишь как крайняя мера воздействия.

3. Создание гибкой и разветвленной системы социальной помощи, включающей государственные, общественные, благотворительные и иные структурные звенья. Неплохо зарекомендовали себя общественные организации по принципу «самопомощи».

4. Нравственное возрождение и духовное развитие подростков на принципах общечеловеческой морали и духовных ценностей, свободы совести и слова, индивидуального поиска смысла жизни (кризис духа или утрата смысла жизни — важный фактор девиантного поведения).

5. Жесткий контроль за потоком видеозаписей, содержащих сцены насилия, жестокости и откровенного секса. Ориентация подростков на продукцию черного рынка, где проповедуется культ насилия, формирует криминальные установки и ущербное самосознание.

6. Изменение менталитета казахстанских граждан, выросших в условиях тоталитаризма. Формирование средствами массовой информации, учебными и просветительскими организациями более терпимого отношения к инакомыслию и инакодействующим (сексуальным меньшинствам и пр.).

7. Подготовка и переподготовка кадров, которые были бы способны работать с представителями социального «дна»: работников правоохранительных органов, особенно специализирующихся на работе с молодыми правонарушителями в местах лишения свободы;

В настоящее время индивидуальной профилактикой отклоняющегося поведения несовершеннолетних занимаются органы ювенальной полиции, которые осуществляют профилактический учет лиц, склонных к отклоняющемуся поведению, и работу с неблагополучными семьями и т.п. В предупреждении отклоняющегося поведения как социального явления необходим широкий комплекс экономических, социальных, культурных, нравственно-воспитательных, правовых и других мероприятий, направленных прежде всего на улучшение условий жизни большинства граждан, развитие их духовной культуры и качества образа жизни. Проблемы подобного характера могут быть решены только в процессе совершенствования всего механизма регулирования и управления социальными процессами и выступать в качестве социальной политики предупреждения отклоняющегося поведения. При этом важно обеспечить повышение общего материального и социального неравенства и социальной напряженности, развитие духовно-культурного единства и солидарности в обществе, уровня духовной культуры населения, прямо или косвенно воздействуя тем самым на общесоциальные детерминанты отклоняющегося поведения.

Отсюда становится очевидным, что все социальные программы нуждаются в социологической и криминологической экспертизе, которую необходимо проводить комплексно с привлечением практических работников и ученых.

## ПРАКТИКА РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ХИМИИ

О.А. ОВЧИННИКОВА

учитель химии, Назарбаевская интеллектуальная школа химико-биологического направления,  
г. Усть-Каменогорск

Современному человеку необходимо соответствовать требованиями XXI века – быть компетентной, конкурентоспособной на мировом уровне личностью. А потому всюду, в Соединенных Штатах Америки и Казахстане, в Лондоне и Сингапуре школьные учителя и университетские профессора стремятся привить своим ученикам способность мыслить критически.

Изучая на курсах «Развитие критического мышления через чтение и письмо» как одну из педагогических технологий, мне, как учителю химии, сложно было адаптировать её к своему предмету. Но, я видела, как успешно она применяется коллегами на гуманитарных предметах, и какой дает результат.

Для себя сделала вывод, что критическое мышление нужно рассматривать не как педагогическую технологию, а, наверно, тип мыслительного процесса.

И все-таки, что такое критическое мышление?

Психолог Дайана Халперн (англ. Diane F. Halpern) рассматривает критическое мышление как использование когнитивных техник или стратегий, которые увеличивают вероятность получения желаемого конечного результата. Это определение характеризует мышление как нечто отличающееся контролируемостью, обоснованностью и целенаправленностью, — такой тип мышления, к которому прибегают при решении задач, формулировании выводов, вероятностной оценке и принятии решений. При этом думающий использует навыки, которые обоснованы и эффективны для конкретной ситуации и типа решаемой задачи [1]. Она дополнительно указывает, что для критического мышления характерно построение логических умозаключений, создание согласованных между собой логических моделей и принятие обоснованных решений, касающихся того, отклонить какое-либо суждение, согласиться с ним или временно отложить его рассмотрение. Все эти определения подразумевают психическую активность, которая должна быть направлена на решение конкретной когнитивной задачи.

На современном этапе это понятие оказывается очень актуальным для преподавания и обучения в казахстанских школах. Еще в 2004 году Александер поставил под сомнение традиционную модель обучения. По мнению исследователя, при таком обучении преобладают запоминание и понимание, что, безусловно, является важнейшими мыслительными операциями, проверяющимися на экзаменах, и без которых невозможен учебный процесс. Но, как правило, мнение учащегося при этом не принимается во внимание, а, следовательно, критическим мыслителем он пока не является [2]. А критическое мышление происходит, когда новые, уже понятые идеи проверяются, оцениваются, развиваются и применяются.

Тони Рян утверждает, что критическое и креативное мышление это ключевые умения, которые могут преподаваться ученикам, используя 20 карточек «ключей мудреца» в контексте обучения. В своей статье в 1990 году, «Ключи Мудреца для детей» Т. Рян выделяет важность предоставления ученикам возможностей для развития своих аналитических, критических и креативных мыслительных способностей. Он настаивает, что качество обучения повышается при использовании таких мыслительных способностей, поэтому это должно быть не желательным, а обязательным [3].

Как же, в таком случае, определить критическое мышление?

Предлагаемое Дэвидом Кластером определение состоит из пяти пунктов.

Во-первых, критическое мышление есть мышление самостоятельное. Когда занятие строится на принципах критического мышления, каждый формулирует свои идеи, оценки и убеждения независимо от остальных. Никто не может думать критически за нас, мы делаем это исключительно для самих себя. Следовательно, мышление может быть критическим только тогда, когда оно носит индивидуальный характер. Ученики должны иметь достаточно свободы, чтобы думать собственной головой и самостоятельно решать даже самые сложные вопросы [4].

При всех достоинствах стратегий для развития критического мышления в качестве примера хочу остановиться на «Ключах мышления» Тони Ряна.

На уроке объяснения нового материала по теме «Альдегиды» мною был применен один из ключей «Что если?». Учащимся были розданы наборы шаростержневых моделей и молекулярная формула вещества, и задан вопрос: что особенного в строение вещества Вы будете наблюдать, если для составления модели молекулы используется только определенный набор модели? Каждому ученику пришлось самому предлагать свою формулу вещества. Появилась необходимость обретать новые навыки: самостоятельно составлять молекулу вещества и формировать о ней собственное мнение, а не принимать готовую информацию о строении от учителя. Критическое мышление – это не обязано быть совершенно оригинальным: мы вправе принять идею или убеждение другого человека как свои собственные. Критически мыслящий человек не так уж редко разделяет чью-то точку зрения. Когда ученики обсудили свои предположения в группе,

оказалось, что их мнение иногда совпадало с мнением других участников группы. Но главное – каждый при этом сам решал, что ему думать. Самостоятельность, таким образом, есть первая и, возможно, важнейшая характеристика критического мышления.

Во-вторых, информация является отправным, а отнюдь не конечным пунктом критического мышления. Знание создает мотивировку, без которой человек не может мыслить критически [4]. На основе знаний о строении органических веществ мои ученики получили два разных по строению вещества, что вызвало у них много вопросов и эмоций. «Как такое может быть? Ведь у каждой группы были одинаковые наборы моделей?» - вопросы, которые хором задавали ученики. Совместно мы восстанавливали осто́в знаний, постепенно углубляясь в фактический материал, шли от старого – к новому, иначе пользы от их критических умений будет немного. В своей познавательной деятельности ученики подвергают каждый новый факт критическому обдумыванию.

Именно благодаря критическому мышлению традиционный процесс познания обретает индивидуальность и становится осмысленным, непрерывным и продуктивным.

В-третьих, критическое мышление начинается с постановки вопросов и уяснения проблем, которые нужно решить.

Американский философ и педагог Джон Дьюи считает, что критическое мышление возникает тогда, когда ученики начинают заниматься конкретной проблемой. «Главный вопрос, который должен быть задан по поводу ситуации или явления, взятого за отправную точку процесса обучения, есть вопрос о том, какого рода проблемы это явление порождает». По мнению Дьюи, фокусирование на проблемах стимулирует природную любознательность учеников и побуждает их к критическому мышлению. «Только сражаясь с конкретной проблемой, отыскивая собственный выход из сложной ситуации, ученик действительно думает». «Думать критически означает проявлять любознательность и использовать исследовательские методы: ставить перед собой вопросы и осуществлять планомерный поиск ответов»[2]. Решая проблему, образования веществ разного строения, ученики самостоятельно пришли к выводу, что они получили изомеры.

Из этого следует, что при подготовке к занятиям учитель должен определить круг стоящих перед учениками проблем, а в дальнейшем, когда ученики будут к этому готовы, помочь им сформулировать эти проблемы самостоятельно. Благодаря критическому мышлению учение из рутинной “школярской” работы превращается в целенаправленную, содержательную деятельность, в ходе которой ученики проделывают реальную интеллектуальную работу и приходят к решению реальных жизненных проблем. Собирая данные, анализируя тексты, сопоставляя альтернативные точки зрения и используя возможности коллективного обсуждения, они ищут и находят ответы на волнующие их вопросы.

В-четвертых, критическое мышление стремится к убедительной аргументации. Критически мыслящий человек находит собственное решение проблемы и подкрепляет это решение разумными, обоснованными доводами.

В ходе работы учащиеся осознали, что возможны иные решения той же проблемы, и постарались доказать, что выбранное ими решение логичнее и рациональнее прочих.

В-пятых, критическое мышление есть мышление социальное. Всякая мысль проверяется и оттачивается, когда ею делятся с другими. Когда мы спорим, читаем, обсуждаем, возражаем и обмениваемся мнениями с другими людьми, мы уточняем и углубляем свою собственную позицию [4]. Это подтвердилось на моих уроках. Хорошо срабатывает установленное в классе правило, в соответствии с которым каждому ученику необходимо высказать, по меньшей мере, по одной версии или одному предположению. Это позволяет учащимся свободно и открыто думать по поводу какой-либо темы, стимулирует появление новых идей. По окончании работы каждая группа афиширует свой продукт: обосновывают свой результат, выслушивают версии других, отмечают сходства и различия, углубляют собственную версию.

Конечно, мой опыт применения «Ключей мудреца» не ограничивается лишь ключом «Что если?». Их известно более ста двадцати, и каждый из ключей направлен на развитие навыков анализа, синтеза, построения логической цепочки событий. На одном уроке возможно применение трех, четырех ключей.

Как правило, педагоги, работающие в русле критического мышления, всегда стараются использовать на своих занятиях всевозможные виды парной и групповой работы, включая проведение дебатов и дискуссий. Любой критический мыслитель работает в некоем сообществе и решает более широкие задачи, нежели только конструирование собственной личности[4]. Поэтому учителя, работающие в русле критического мышления, уделяют большое внимание выработке качеств, необходимых для продуктивного обмена мнениями: терпимости, умению слушать других, ответственности за собственную точку зрения.

Таким образом, педагогам удается значительно приблизить учебный процесс к реальной жизни, протекающей за стенами классной комнаты. Любая педагогическая деятельность в итоге направлена на построение идеального общества, и в этом смысле даже один школьный класс, обученный основам критического мышления, есть шаг к достижению больших целей.

Обучение критическому мышлению - нелёгкая задача. Но с практикой в школе, постоянной рефлексией собственных действий приходит понимание, что осознанное использование предложенных программой новых подходов в обучении и преподавании, выводит на новый уровень и учителя, и его учеников. Самым простым тому подтверждением являются отзывы моих учеников: «Отличный урок! Не заметил, как он пролетел!», «Давайте всегда работать с «Ключами», это так здорово!», «Спасибо за интересный урок! У нас такого никогда не было!».

Моё стремление перейти от традиционного обучения “по программе”, к педагогике прогрессивной,

удовлетворяющей потребностям моих учеников и моего общества подтвердила Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан, третьего (базового) уровня и, на сегодняшний день ограничивается лишь проблемой внедрения критического мышления в ежедневную практику. Поэтому нужно всегда искать новые пути для проведения нестандартных уроков. Обучение критическому мышлению – это лишь часть многогранной работы преподавателя.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Халперн Д. Психология критического мышления.— СПб.: Питер, 2000.— 512с.
2. Руководство для учителя. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан, Третий (базовый) уровень./ центр педагогического мастерства АОО НИИШ и факультет образования университета Кембридж, www/ cpm.kz -2012
3. Thinkers keys <http://ryanthinkerskeys.wikispaces.com/Classroom+use+and+ICT+support> (17.10.2012г)
4. Клустер Д. Что такое критическое мышление? // Русский язык.- 2002.-№29.

UDC 504.12(100)

#### THE ISSUE OF TRANSBOUNDARY RIVERS IN THE CONTEXT OF THE NATIONAL SECURITY OF KAZAKHSTAN

A.K. SAKHARIEVA

graduate student, Institute of Diplomacy, Academy of public administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana c.

John F. Kennedy once remarked that whoever manages to solve the water problem in the world should be awarded with two Nobel Prizes – one would be for science and the other for peace [1]. Indeed more and more scholars predict the escalation of the water issue in the future, anticipating that the major future conflicts would be for this scarce resource. Nevertheless, the problem of water resources is often undermined in the national security discourse, and threat of this issue has been continuously underestimated. There is no need to explain the importance of this vital resource for human beings and states, so in this context water issue is more than relevant for independent Kazakhstan nowadays. As President Nazarbayev noted in his book “Critical Decade”: the water scarcity will continue to be relevant in the long-term [2]. Taking into consideration the fact that all major rivers in Central Asia are transboundary, inability of state leaders to find a solution to the use of transboundary water resources could become the reason for increased tensions posing serious threats to regional security in the near future. This article will consider the problem of transboundary rivers of Kazakhstan and China and the obstacles on the way to problem resolution.

According to statistics 7 out of 8 main rivers in Kazakhstan are transboundary rivers, and 40% of annual renewable water resources originate in our neighbouring states [3]. As we know 90% of Kazakhstan’s vast territory belongs to the arid zone, characterized by low humidity and scarce water resources. This imposes a significant constraint for the future development of the leading country in Central Asia with enormous natural resources. The total average of annual water resources of all the rivers in Kazakhstan constitute 100,5 km<sup>3</sup>, with only 56,5 km<sup>3</sup> that form in Kazakhstan and 44 km<sup>3</sup> come from neighbouring countries: 18,9 km<sup>3</sup> from China, 14,6 km<sup>3</sup> from Uzbekistan, 7,5 km<sup>3</sup> from Russian Federation and 3.0 km<sup>3</sup> from Kyrgyzstan [4]. So, China and Uzbekistan are the major suppliers of water resources to Kazakhstan.

Since the first years of independence Kazakhstan managed to solve its border issues, however the question of transboundary rivers remains unresolved. 24 transboundary rivers running through the territory of Kazakhstan originate in China, six of them refer to Irtysh river basin, seven to Ili basin, 3 to Emel river basin and eight to the rivers of Barlyk [5]. The solution of water problem with PRC is very important for Kazakhstan’s economical and environment security. The key objectives for Kazakhstan in this direction are preservation of water balance in the rivers, elaboration of a common position on joint use and protection of water resources of transboundary rivers and prevention of water pollution and further exhaustion. The question of transboundary rivers is the most painful issue in relations between Kazakhstan and China. The question is now discussed not only on the political level, but preoccupies common citizens of our country. Until recently both sides used the resources of common rivers without taking into consideration each other’s interests.

In the 1990s Beijing claimed its intentions to start a rapid development of the Western China, this development programme includes construction of a water chanel Cherniy Irtysh-Karamai in Xinjiang Uyghur Autonomous Region (XUAR) [6]. The strategy of the development of Western territories of the People’s Republic of China requires modernisation of industrial, transportation, manufacturing potential primarily of XUAR, bordering with Kazakhstan. This inevitably leads to an increase in the water consumption and Chinese Government developed several irrigation projects, some of which have already been implemented. As the result half of the water from Irtysh would be transferred to Karamai to meet its industrial and agricultural needs. The prospects of XUAR intense development and the planned extraction of water from transboundary rivers will lead to severe consequences for Kazakhstan economy and environment.

Nowadays there are 2,5 million people who live in major industrial cities such as Ust-Kamenogorsk, Semey and Pavlodar, which are situated in the river Irtysh basin. Moreover, water from Irtysh is supplied to Central Kazakhstan, including Astana through the Irtysh-Karaganda Chanel [7].

Таблица 2 - Динамика продукционно-деструкционного процесса ковыльно-белопопынной ассоциации степного комплекса Каргалинского района Актюбинской области за 2012год ( в ц/га /год).

Приросты соответствующих блоков	Май-Июнь	Июнь-Июль	Июль-Август	Август-Сентябрь	Сентябрь-Октябрь	Среднее за вегетационный период
Фр	0	108,35	0	34,65	0	28,6
Вр	29,85	36	37,1	28,25	46,7	35,38
Пр	42,45	32,2	23,7	23,6	40,9	32,37
Мр	70,8	0	26,2	0	73,9	34,18
Рр	0	3,5	4,65	0	0	1,63
Vp	18,5	0	1,65	5,7	2,9	5,75
Wp	41	4,8	0	8,45	6	12,15

Как показано в гистограмме № 2, ритмика процессов отмирания и разложения связаны и с ритмом развития, слагающих ассоциацию и с погодными условиями.

Максимальное нарастание фитомассы наблюдается в июне-июле 108,35 ц/га/год. Усиленное нарастание ветоши начинается к осени 46,7 ц/га/год. В июле отмечено прибавка (Вр), в сравнении с маем, так как в это время высокая температура воздуха в травостое +35 °С. В начале осени (сентябрь) величина (Вр) резко уменьшается в связи с иссушением.


Разложение подстилки Мр идёт наиболее интенсивно идет весной, и максимального значения достигает поздней осенью – 73,9 ц/га/год.

Максимальное значение Vr приходится на май 18,5 ц/га/год, затем идёт медленное затухание этого процесса, затем наблюдается скачек прироста мертвых корней в сентябре и далее идет спад к концу осени.

В мае минерализация мёртвых корней была наибольшей, в июне и июле она идет на спад, а в сентябре возрастает, очевидно из-за иссушения почвы и высокой температуры воздуха в травостое.



ц/га/год



Гистограмма 2

**Выводы.**

1. Продукционный процесс тесно связан с климатическими и микроклиматическими условиями.
2. Результаты исследований проведенных, в степной зоне Каргалинского района, убедительно показывают неразрывную связь продукционного и почвообразовательного процессов.

**ЛИТЕРАТУРА**

1. Базилевич Н.И., Шатохина Н.Т. Опыт определения продукции подземной массы в фитоценозе луговой степи. - В кн.: Структура, функционирование и эволюция системы биогеоценозов Барабы, т.2, Новосибирск: Наука, 1976, с.300-303.
2. Титлянова А.А. Оптимальная оценка интенсивностей процессов образования и разложения растительной органической массы. - В кн.: Методы, изучения биологического круговорота в различных природных зонах. - М.: Мысль; 1978, с. 150-157.
3. Волобуев В.Р. Изменение продуктивности растительности в связи с гидротермическими условиями. Изд-во АН СССР, сер биологическая, 1970г., № 3.

ӘОЖ 74.264.5

**ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ**

Н.Ш. ДОСЖАНОВ

география пәнінің мұғалімі, № 93 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Жер шарындағы барлық халықтардың табиғат ресурстарын пайдалану және қорғау туралы өзіндік ой-пікірлері мен қалыптасқан салт-дәстүрлері бар. Үндістандықтар сиырды пір тұтып қадірлесе, ал кейбір халықтар аққу, дегелектерді қастерлейді. Жалпы, түркілер, соның ішінде қазақ халқы қоршаған ортаны қасиетті санап, ұрпақтарын оларды қорғай білуге тәрбиелеген. Ұлттық санамыздың ерекше қасиеттерінің бірі-табиғатқа деген зор сүйіспеншілігі. Қазақ даласында болған саяхатшы жат-жұрттық ғалымдар өз еңбектерінде қазақ халқының табиғат сырын, құпиясын бақылай білу қабілетін, оған деген қамқорлығын ерекше атап өткен. Мысалы, белгілі орыс ғалымы А.Н. Формозов өз еңбегінде: « Қазақтардың байқағыш көзі табиғаттағы тіршілік атаулыны үнемі бақылай отырып, табиғат туралы қызықты деректер мен тұжырымдарды жинақтаған», - деп аса жоғары бағалаған.

Негізінде экология ғылымының ең басты ерекшелігі - өзінің барлық зерттеу нысандарын басқа ғылымдар секілді біржақты қарамай кешенді түрде жан-жақты қарастырады. Қазіргі кездегі экология ғылымының зерттеу аясы өте кең. Демек, экологияны « табиғаттағы барлық өзгерістер мен қарым-қатынастарды айнала қоршаған ортамен және адамның іс-әрекетімен байланыстырып зерттейтін ғылым» деуге үлкен негіз бар. Қоршаған орта табиғат пен адамның өзара қатынасындағы атмосфералық ауаны, суды, жер мен оның қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің тағы да басқа табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, сауықтыру, сапасын жақсарту болып табылады. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі мен ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы адам мен қоғамның қоршаған ортамен қатынасын күрделендіріп жіберді. Осыған сәйкес, жас ұрпаққа табиғаттың қыры мен сырын оқытып, экологиялық тәрбие-білім беру заман талабы. Экологиялық география-экожүйелердің географиялық таралуы туралы ілім. География пәні бойынша жердің әрбір қабатының құрылысы мен қызметі және оның қасиетін ұғындыра отырып, оны қорғау әрбір азаматтың міндеті екендігін жастар бойына сіңіре білу басты парызымыз.

Литосфера – бүкіл тіршіліктің қолайлы ортасы, жердің беткі қабаты. Қалалар, өнеркәсіп орындары салынады, ал оның қойнауынан пайдалы қазбалар өндіріледі. Жердің беткі қабатын адамзат баласы өзінің

тіршілігіне пайдаланып келеді. Ол желдің, судың, жауын-шашынның, температураның ең соңында адамның іс-әрекетінен өзгеріске ұшырап отырады. Пайдалы қазбаларды ашық әдіспен өндіргенде, зауыт-фабрикалардың шығарған қалдық коқыстарын төккенде, жердің есепсіз жырттылуында, құрылыстар мен жолдар салғанда жердің беткі қабатына орасан зор зиян келтіріледі.

Мұндай жұмыстар жүргізер алдында, олардың тигізер пайдасы мен зиянды жақтарын ойластырып, жер бедерінің бүлінуіне жол берілмеуі керек екендігін балаларға ұғындырып, пікір таластыра отырып тәрбие беремін.

Соңғы жылдарда дүниежүзілік климаттың да өзгеруі Жер шарындағы барлық экожүйелерге кері әсерін тигізіп отыр. Климаттың өзгеруі құрлық және су тіршілік қабатын өзгертіп, ондағы тірі ағзаларға жаңа экологиялық проблемалар әкелуде. Мысалы: «Озон қабатының тесілуі», «Қышқыл жауындар», «Жылыжай эффектісі», «Шөлге айналу», «Су тапшылығы».

Атмосфера- бұл қабатта жер мен аспан әлемінде зат алмасуы жүреді. Ғарыштан шаң-тозандармен бірге түскен метеориттер атмосферада сутек, гелий секілді жеңіл газдарға ыдырайды. Атмосфера арқылы жерге күн радиациясы еркін өтіп, жылу режимін реттейді.

Атмосфера қабатының ішінде «озон» қабатының рөлі ерекше.

Оның негізгі атқаратын қызметі-ғарыштан жер бетіне түсетін ультракүлгін сәулелерді сіңіру немесе кейін шағылыстыру. Ал радиациялық сәулелердің жер бетіне шамадан тыс өтіп кетуі тіршілік үшін өте қауіпті.

Атмосфераны ластағыш заттардың негізгі көздері өнеркәсіп, автокөліктер, зауыт, жылу энергетикасы, соғыс қаруларын сынау, ғарыш кемелері мен ұшақтар болып саналады. Атмосфера кеңістігіндегі тағы бір өзекті проблемаларының бірі-қышқыл жауындар.

Қышқыл жауындар- жауын-шашын құрамында азот пен күкірт қышқылының көбейіп кетуінен болады. Осындай жан-жақты дәлелдермен жеткізе отырып, өзіндік жұмыстар жасатқызып, ойларын оятамын.

Гидросфера-барлық заттар суда еріген күйінде болып, онда үлкен және кіші су айналымы арқылы зат алмасу процесі тұрақты жүреді. Дүниежүзілік су қорының ластануына бүкіл адамзат қауымын алаңдатып отыр. Бұл мәселе Қазақстанға да тән. Оған дәлел республикамыздағы Арал теңізі, Іле-Балқаш алабы, Каспий теңізі суларының жылдан – жылға бүлінуі жатады.

Су айдындарының ластануы былайша топталады:

- биологиялық ластану: өсімдік, жануар, микроорганизмдер және бүлінуге бейім заттар;
- химиялық ластану: уытты және су ортасының табиғи құрамын бұзатын заттар;
- физикалық ластану: жылу-қызу, электромагнитті өріс, радиоактивті заттар;

Гидросфераның ластануының негізгі себептері-тазартылмаған ағын сулар және өндірістік қалдық сулар, мұнай қалдықтарының су айдындарына жіберілуі. Мұхиттарда мұнай тасымалдайтын кемелер мен танкерлердің көбеюі, атом қаруларын сынау, өндіріс пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің қалдықтары, радиоактивті қалдықтардың тасталуы, тіршілік ырғағын төмендетуде.

Осындай деректерді бере отырып, оларға туған жер, Арал теңізі, Байқоңыр космодромы туралы рефераттар жаздырып, талдап, ойларын жинақтаймын.

Жер ресурстары- еліміздегі бай ресурс болып табылады. Қазақстанның барлық жер аумағы 2724,9 мың км<sup>2</sup>. Жерді дұрыс игермеу салдарынан топырақ деградацияға ұшырап, құнарсыздану, тақырларға айналу жағдайлары күшейе түсуде. Еліміздегі табиғи факторлар мен жел, су эрозиясы сияқты климаттық жағдайлар топырақ сапасының нашарлауына себепші тигізеді. Эрозияға ұшыраған жер көлемі бүгінде 87,6 млн. га оның 22,1 млн. га егістік жерді, 38,7 млн. га сор жерді, 69 млн. га сортаң жерді, 8,4 млн. га құрғап кеткен жерді және 2,1 млн. га батпаққа айналған жерді құрайды. Әлемдік климаттың өзгеруі Қазақстанның шөл-шөлейтті аймақтарына әсерін тигізіп, ондағы егіс алқаптарының сапасын төмендету үстінде. Көрсетілген факторлардың бәрі топырақтың физикалық, химиялық және биоорганикалық құрамын өзгертіп, олардың жарамсыздануына себепші болады. Мұны бір сөзбен айтқанда топырақтың тозуы дейміз. Оның бірнеше себебі бар.

- топырақ эрозиясы, яғни жердің құнарлы қабатының су мен жел арқылы бүлінуі;
- топырақтың беткі қабатының шөлге айналуы, су режимінің бұзылуы салдарынан топырақтың ылғалынан біржола айырылуы;
- токсификация-топырақтың әртүрлі зиянды заттармен ластануы (тұздану, пестицидтердің көбеюі)
- жердің басқа мақсатқа пайдаланылуы, яғни құнарлы жердің ауыр өнеркәсіп, қала, құрылыс жол салу нәтижесінде бүлінуі.

Жер шарында өсімдіктің 500 млн-нан астам түрі бар. Жыл сайын ғылымға жаңа түрлер еніп отырады. Өсімдіксіз тіршілік атаулыны елестетуге болмайды. Соның ішінде басты байлығымыз – орман. Орман қоры да жыл сайын қысқарып бара жатыр. Оны қорғау – біздің міндетімізге жатады. Адам мен жалпы биосфера үшін орманның маңызы өте зор. Мамандардың есебі бойынша, 1 га орман жылына 10 т шамасындағы көмірқышқыл газын сіңіреді және ылғал сақтаудағы рөлі ерекше. Топырақтағы ылғалды сақтай отырып, су теңгерімін тұрақтандырады. Республикамызда орман қоры 21,8 млн. га жерді алып жатыр, олардың да жағдайы нашар дерлік. Негізгі себеп-антропогендік факторлар, өрт, ауа райының өзгеруі мен қоршаған ортаның ластануы. Ну ормандар- ауаны тазартып, тіршілікке нәр береді. Демалыс орындарын, курорт пен сауықтыру кешендерін, адам денсаулығын сақтау мекемелерінің керемет орманды жерлерге салынуы тегіннен-тегін емес. Еліміздің байлығын айтып түсіндіре отырып, адамгершілік, эстетикалық тәрбиеге баулимын.

Жануарлар әлемі - кең таралған табиғат туындысы. Олардың ерекшелігі-қолға тез үйренеді және адамның материалдық игілігі үшін пайдаланылады. Жануарларды сақтап қалудың ең басты жолы - адам баласының саналы жауапкершілігі, экологиялық білімі мен мәдениеті. Әрбір азамат туған өлкесі мен оның байлығының иесі ретінде сезіне отырып, табиғатты қорғау ережелерін қатаң сақтаған жағдайда ғана болашақ ұрпақ алдындағы борышын ақтаған болар еді.

Соңғы жылдары елімізде табиғатты қорғау мәселесіне үлкен мән берілуде.

1997 жылы 15 шілдеде «Қоршаған ортаны қорғау туралы»,

1997 жылы 6 тамызда «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңдар қабылданып, оларды жүзеге асыру жөніндегі игі істер атқарылуда. Осы аталған экологиялық мәселелердің жеке-жеке шешілер жолдарын іздестіре отырып, кең көлемді түрде қамтыған жөн. Үлкен өртке қанатымен су тасып құйған қарлығаштай, Отанымыздың әрбір саналы азаматтары шешілуі қиын осы мәселелерге кішкене болса да өз үлестерін қосар болса, онда экологиялық мәселелерді толықтай жоймасақта, ары қарай өршуіне тосқауыл бола білер едік. Еліміздегі ерекше қорғалатын аумақтарға: мемлекеттік қорықтар, мемлекеттік ұлттық саябақтар, республикалық мәні бар табиғат ескерткіштері, табиғи қорықшалар, халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар, зоологиялық, ботаникалық, дендрологиялық бақтар, экологиялық тұрғыдан ғылыми, мәдени және тарихи құнды табиғи нысандар жатады. Міне, осы бөлімдер арқылы өтілген сабақтарды экология саласымен байланыстыру арқылы, білімдерін толықтыра отырып тәрбиеге баулыса, болашақта оқушыларымыздың өздері де қоршаған ортаның қамқошысына айналары хақ. Туған жеріміздің табиғатын қорғау-баршамыздың ортақ ісіміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ. Р. Экологиялық кодексі. Алматы 2007.
2. Экология. Ә.Бейсенова, Ж.Шілдебаев.
3. Экологиялық білім мен тәрбие беру. Г.Орынбекова. Алматы 2001.
4. Физикалық география оқулығы.
5. Биология оқулығы.
6. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Ә.Бейсенова, А.Самақова. Алматы. 2004

ӘОЖ

#### ҚАЗАҚТЫҢ ҰСАҚ ШОҚЫСЫНДАҒЫ ҚАРА ҚАНДЫАҒАШ ШОҚ ОРМАНДАРЫНЫҢ ТИПТЕРІ

Д.Қ. ЕЛЕМЕСОВ

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қанды қара ағаш ылғалды топырақтарда - өзен, бұлақ бойымен, дымқыл шалғынды және батпақты жерлерде, сонымен қатар грунт суларына жақын жерлерде өседі. Қанды қара ағаш көбінесе орманды және дала зоналарында көп кездесіп, өзен бйында, батпақты жүйеде көп өседі. Артүрлі грунтты сулардағы топырақтарда да өсе береді. Батпақты жерлерде қандыағашпен бұталылар (мойыл, итшомұрт, шөңкіш) қатарласып қалың орманды құрайды. Жер бетін шөптесіндер ішінен қалақай, папоротниктер алып жатыр. Жабысқақ қанды қара ағаш – тез өсетін және орманды қалыпына келтіретін негізгі тұқымдас болып табылады. Ол – деңгейі төмен батпақтарда, өзен жағасында өседі. Көбінесе дымқыл және оттегісі аз топырақтарда, дымқылды жаға жаңында, сонымен қатар бұлақ, батпақ, көл манында, өзен ортасында да өсе береді.

Қандыағаш (*Alnus*) – қайың тұқымдасына жататын, қара қандыағаш түрі. Табиғи кең таралған ареалы солтүстік жарты шар және Анд және Чили тауларымен оңтүстік Америкаға дейін созылып жатыр. Ең көп таралған жерлері: Белоруссия мен Украина жолақтарында, оңтүстік Балтық жағалауларында және Ресейдің Европалық орталық бөлігінде. Щучье көлінің солтүстік жағалауында қанды қара ағаштың өсетіні барлығына белгілі.

Қазақстанда Құсмұрында, Ақтөбеде (Мөртүк бекет, Ілек өзенінде), Ерейментау тауларында, Қарқаралы, Баянауыл аудандарында өздігінен өссе ал, Алматыда екпе ретінде өсіріледі.

Баянауыл ұлттық мемлекеттік табиғи паркінде өсетін көптеген өсімдік қауымдастығының ішіндегі сирек кездесетін қызыл кітаптық еңген түр – жабысқақ немесе қара қандыағаш (*Alnus glutinosa*). Осында өсетін қара қандыағаш басқа ағаш түрлерімен араласып, өзіне тән екпелерді құрайды. Олар келесідей топтарға бөлінеді:

- Шалғынды, дөңді-дақылды - өртүрлі шөптесінді қандыағаш;
- Қайыңды-талды-шалғынды қандыағаш;
- Қалақайлы-бұталы қандыағаш
- Өртүрлі шөптесінді қандыағаш

**Қандыағаш шалғынды – дөңді-дақылды - өртүрлі шөптесіндер.** Қандыағаш шалғынды – дөңді-дақылды - өртүрлі шөптесіндер Еспе өзенінің бойында таралып өседі. Еспе өзенінің гидрологиялық режимі интенсивті мал жайылымы барысында антропогендік трансформацияға қатты ұшырайды.

Жабысқақ қандыағаш сүректі ярустарда қайыңдарда өседі және олардың иілуі 0,7-0,8 м-ді құрайды.

Қандыағашты сипаттағанда биіктігі 12-15 м., діңнің шайқалу диаметрі 26 дан 40 см (орташа диаметрі 30 см). Қандыағаш онша көп емес. Қандыағаш трутовикімен (саңырауқұлақ) және массалық дамудағы жапырақ кеміргіш жәндіктермен зақымдалған. Қайыңдар бұнда 8-9 м биіктікте және дің диаметрі 7 - 17 см-ге шейін қысылып өскен.



Сурет 1 – Еспе өзенінің бойындағы шалғынды – дөңді-дақылды - өртүрлі шөптесінді қандыағаш орманы

**Қайыңды-талды-шалғынды қандыағаш.** Бұл қауымдастық «Рыбный Ключ» (500 46'04,1" солтүстік ендік және 075°39'53,0" шығыс бойлығында) өзен сағасының бойындағы тау қара топырағында таралған. Орманда ірі қара малдың жайылуының байқалуы Бұл қауымдастық күрделі структураны құрайды мозайкалық түрде өскен жабысқақ қандыағаш (*Alnus glutinosa*), салбыранқы қайың (*Betula pendula*) және ақ тал (*Salix alba*).



Сурет 2 – Қандыағаш қайыңды-талды-шалғынды

**Қалақайлы-бұталы қандыағаш** атауы жоқ бұлақтар бойымен өскен, «Экологиялық соқпақта» экологиялық және ботаникалық экскурсия өткен (50°49'579" солтүстік ендік және 75°39'722" шығыс бойлықта). Сүректі ярус жабысқақ қандыағаш (*Alnus glutinosa*) ұштасып және жақсы жағдайдағы ағаштың иілгіш желегі 0,7 балл, биіктігі 6-8 метрде. Қауымдастықты зерттеу кезінде екіүйлі қалақайдың қаулап, таралып өсуі байқалып, бұған дейінгі жүргізілген бақылаулар бойынша олардың таралуы біршама төмен болған еді.

**Қандыағашты өртүрлі шөптесінді.** Баянауыл елдімекенінің бұлақ бойында, Сабындыкөлден алыс емес қара топырақты жерде қалыптасқан. Сүректі таза қандыағашты тек қандыағаштан (*Alnus glutinosa*) тұрады, биіктігі 17 метрге, дің диаметрі 12 ден 22 см-дейін барады. Орталық және ауыспалы орман аумағында жас үйенкі (*Aser pegundo*) биіктігі 1-1,2 м ағаштары белгіленген. Сонымен қатар орман шетінде қайың (*Betula pendula*) биіктігі 3-8 м. топтары өскен. Негізгі жас жалғыз болып ақ тал (*Salix alba*) белгіленген, биіктігі 2 м-ге жетеді. Биіктігі 30 дан 70 см-ді құрайтын әр жастағы қандыағаш бар.

Қарастырылған жұмысты қорға келсек. Қара қандыағаш шоқ орманы тек қана ағынды тұщы сулар бойында өсетінін байқадық. Осы ормандарды дамыту үшін ең бастысы жеткілікті ылғалдылығы және тамыр жүйесіне оттегінін жақсы жетуі болып табылады. Сондықтан БМҰТП бұл ағаш түрі кішігірім өзен, бұлақтардың бойында өскендіктен, сол ағынды сулардың көзін жақсылап ашып, антропогендік әсерлерден қорғауымыз керек. Ағаш – өміріміздің мәні мен сәні.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Давидов, М.В. Оляха. -М.: Лесн. пром-ть, 1979. -78 с.
2. Быкова Б.А. Красная книга Казахской ССР. Редкие и находящиеся под угрозой исчезновения виды животных и растений. Часть 2. Растения – Алма-Ата: Наука, 1981.
3. Гульбе Я.И. Функциональное разнообразие ольховых экосистем мира. Биологическое разнообразие лесных экосистем. Материалы всероссийского совещания. М., ноябрь 1995. -М., 1995. С. 187-189.
4. Долгова Л.Н., Кречетова Н.В. Ольха активный накопитель азота. Плодоводство, семеноводство,



интродукция древесных растений. Материалы V Международной научной конференции, октябрь 2002, - Красноярск: СибГТУ, 2002. - С. 19-20.

5. Каденова А.Б., Камкин В.А., Ержанов Н.Т., Камкина Е.В. Флора и растительность Баянаульского государственного национального природного парка. – Павлодар: ПГУ им. С.Торайгырова изд-во «Кереку», 2008. – 383 с.

6. Гульбе Я.И. Функциональное разнообразие ольховых экосистем мира Биологическое разнообразие лесных экосистем. – М., 1995. С. 187-189.

7. Ермаков И.В. Отличительные особенности ольхи черной на северном пределе распространения, Анатомия, физиология и экол. лес. раст. – Петрозаводск, 1992.

8. Соколов С. Я., Стратонович А. И. Род 2. *Alnus Mill.* — Ольха. Деревья и кустарники СССР. Дикорастущие, культивируемые и перспективные для интродукции. — М.—Л.: Издательство Академии Наук СССР, 1951.

УДК 551 482.4:504(574.24/33)

## АНАЛИЗ И ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ ТЕХНОГЕНЕЗА НА ФЛОРУ И ФАУНУ БАСЕЙНА РЕКИ НУРЫ

А.А. ЖАНГУЖИНА  
магистрант, ЕНУ имени Л. Н. Гумилева

Антропогенное загрязнение наземных и водных экосистем тяжелыми металлами в последние десятилетия приобрело глобальный характер. Токсичное действие таких металлов как ртуть, медь, кадмий, свинец проявляется на всех уровнях организации живой материи - от биоценотического до молекулярного. Все эти металлы обладают широким спектром токсических эффектов в результате чего при повышенном уровне загрязнения среды нарушается половозрастная структура популяций, структура природных сообществ, что приводит, в конечном счете, к элиминации наиболее чувствительных к загрязнению видов и деградации биоценозов.

Проблема загрязнения тяжелыми металлами содержит в себе два главных аспекта: биологический и гигиенический. С одной стороны загрязнение окружающей среды приводит к неблагоприятным изменениям в организме животных и, как следствие, к нарушению в структуре природных сообществ и в биоценозах, в целом. С другой стороны, животные, используемые в питании человека, становятся потенциально опасными для здоровья.

Территории, находящиеся в зоне влияния Карагандинского промышленного комплекса, на протяжении последних десятилетий подверглись интенсивному техногенному загрязнению. Одной из наиболее серьезных проблем является повышенное загрязнение этих территорий тяжелыми металлами, в ряду которых потенциальную опасность для биоценозов и здоровья населения представляют такие металлы как ртуть, медь, цинк, свинец и кадмий.

Известно, что донные отложения играют важную роль в распределении металлов в водоемах. Так, по данным различных авторов до 97 % всей ртути, поступающей в водоем, связывается с донными отложениями. Особую опасность представляет повышенное содержание в донных отложениях ртути, так как именно здесь ртуть подвергается биотрансформации превращаясь в наиболее токсичную для живых организмов форму - метилртуть.

Ртуть закономерно накапливается в процессе миграции по трофическим цепям, становясь токсичной при концентрации выше 1мкг/кг. Именно

поэтому хищные виды рыб, в частности окунь, широко используются в Европе для определения уровня загрязнения водоемов ртутью и другими металлами. Способность окуня к биоаккумуляции ртути явилась причиной для рекомендации ВОЗ к ограниченному употреблению его в пищу.

Результаты анализа содержания металлов в органах и тканях окуня из бассейна р.Нуры свидетельствуют о повышенном содержании ряда металлов в мышечной ткани, печени и жабрах [2].

Несмотря на то, что содержание ртути в мышечной ткани окуня оказалось ниже допустимого остаточного уровня, превышение которого делает опасным употребление рыбы в пищевом рационе человека, обнаруженные нами концентрации этого металла значительно превышают концентрацию, которая считается токсичной для рыб.

Ихтиофауна Самаркандского водохранилища представлена семью видами рыб: лещ, карп, судак, серебряный карась, обыкновенный ерш, плотва, окунь речной. Из двадцати восьми обследованных экземпляров у двадцати пяти ртуть была обнаружена в пределах ниже допустимой концентрации, значения ее варьировали от 0,01 до 0,08 мг/кг. При рассмотрении уровня накопления ртути по видам рыб на всех обследованных точках, можно отметить, что наиболее интенсивными аккумуляторами являются щука и окунь. Это хищные виды, таким образом, накопление ртути в теле рыбы зависит от способа ее питания. В ряду «ранжирования» уровней накопления ртути в мышечной ткани, изученные виды рыб распределяются в следующем порядке: щука-окунь-лещ-карась-плотва-елец-ерш-судак-карп.

Максимальное значение концентрации ртути общей в мышечной ткани рыб зафиксировано на створе р. Нура 5,7 км ниже сброса сточных вод.

Полученные данные свидетельствует о том, что рыба как последнее звено в трофической цепи интенсивно накапливает в своем организме ртуть. Его концентрация в мышечной ткани рыб варьирует в широких пределах и зависит от степени загрязнения отдельных участков реки, видовых особенностей рыб и типа их питания, а также от степени накопления ртути кормовыми организмами.

Известно, что уровень накопления ртути в организме рыб сильно зависит от гидрохимических показателей загрязненных водоемов и возрастает с увеличением размеров и возраста рыб. Воздействие метилированной ртути на организм рыб выражается в снижении выживаемости самцов, снижении репродуктивного успеха и нарушении соотношения полов у потомства. Хроническое воздействие повышенных концентраций ртути снижает показатели линейно-весового роста, иммуно-физиологические и гематологические показатели, а также активность целого ряда ферментов.

Одним из важных следствий повышенного поступления ртути в организм животных и человека является ее влияние на аккумуляцию других токсических металлов. Установлено наличие взаимосвязи между уровнем накопления ртути и содержанием меди, цинка и селена.

Как было показано выше, содержание меди и кадмия в органах и тканях окуня превышает допустимую остаточную концентрацию. Медь является необходимым для позвоночных животных микроэлементом который входит в состав ряда белков, в том числе ферментов. Однако при повышенном поступлении в организм гидробионтов она является в ряде случаев более токсичной, нежели ртуть [3].

Тяжелые металлы легко мигрируют, способствуя загрязнению не только территорий, находящихся в непосредственной близости от источника загрязнения, но и на значительном удалении от него. Также при оценке состояния водных экосистем реки Нуры, Самаркандского и Интумакского водохранилищ в качестве индикаторных биообъектов были использованы: планктон, бентос, водные растения, сельхозкультуры.

Индикаторные возможности планктона можно эффективно использовать на начальных этапах поступления загрязняющих веществ в водоем, поскольку элементарный состав планктона несет информацию о загрязнении среды обитания в короткий отрезок времени, равный жизненному циклу планктонных организмов. Сообщество зоопланктонных организмов служит характеристикой состояния среды. Отдельные виды этих организмов используются при индикации качества воды. Наиболее разработанной системой оценки степени загрязнения вод по индикаторным организмам является метод Пантле и Букка в модификации Сладечека. Количественная оценка гидробионтов по этому методу учитывает относительную частоту встречаемости организмов и отношение отдельных видов к пяти известным степеням системы сапробности. Обе эти величины используются для вычисления индекса сапробности и определения класса качества воды. Сапробиологический анализ зоопланктона, проведенный за весь период исследования, указал на преобладание в пробах индикаторных организмов.

Среди них олигосапробов — 1, олиго-бетасапробов — 5, бетасапробов — 6, бетаальфасапробов — 4. Показатели сапробности варьировали, в зависимости от сезона, в следующих пределах: весной от 1,7 до 2,25, летом от 1,4 до 2,07 и осенью от 1,5 до 2,03. В среднем за весь период исследования индекс сапробности был равен 1,86. В таблице 15 показана шкала оценки качества поверхностных вод.

Наиболее загрязненными по состоянию зоопланктона являлись створы вблизи города Темиртау, расположенные ниже сброса сточных вод. На створах «п. Киевка» и «п. Коргалжын» степень сапробности снижается, благодаря процессам самоочищения появляются виды зоопланктона характерные для более чистых вод. В целом по состоянию зоопланктона качество воды соответствовало III классу, т. е. умеренно загрязненные воды. Высшие водные растения, являющиеся одним из начальных звеньев трофической цепи, способны аккумулировать значительное количество металлов, в том числе и ртуть, тем самым ускоряя самоочищение воды в водоемах. Содержание ртути в растениях определяли с помощью анализатора ртути «Hg-201».

Максимальное содержание ртути в высших водных растениях было зарегистрировано на створах г. Темиртау, 5,7 км ниже сброса сточных вод и нижнем бьефе Интумакского водохранилища и составило соответственно 1,16 мг/кг и 0,11 мг/кг [1].

По мере удаления от источника загрязнения наблюдалось снижение концентрации ртути в исследуемых растениях. Более подробно были рассмотрены особенности накопления металла в рогозе узколистном. В с. Сергиопольском и Самаркандском вдхр. ртути было наименьшее количество (0,02 мг/кг), максимум ее был на створе г. Темиртау, 5,7 км ниже сброса сточных вод (0,21 мг/кг).

Накопительная способность погруженных растений значительно выше, чем воздушно-водных. Высокие концентрации ртути в погруженных растениях указывают на то, что этот элемент поглощается растениями непосредственно из водной массы, что свидетельствует о постоянном загрязнении воды в реке.

Проведенные исследования в 2004 году свидетельствуют о том, что самые высокие концентрации ртути обнаружены в гидрофитах (погруженных водных растениях) рдесте курчавом — 3,59 мг/кг и рдесте маленьком — 1,63 мг/кг на створе г. Темиртау, 5,7 км ниже сброса ст. вод, а среди галофитов (воздушно-водных растений) — в тростнике обыкновенном — 0,22 мг/кг и рогозе узколистном — 0,21 мг/кг на этом же створе.

Культурные растения, орошаемые водами, содержащими в своем составе загрязняющие вещества, способны аккумулировать их в своих тканях.

Максимальный допустимый уровень (МДУ) ртути в зерне и зернофураже принимался в размере 0,10 мг/кг, в грубых и сочных кормах и корнеплодах — 0,05 мг/кг, согласно СанПиНа 2.1.7.573–96. По результатам анализов, сочные корма и корнеплоды не содержат в тканях ртуть, за исключением свеклы, огурцов и помидоров в районе с. Ростовка, где зафиксированы минимальные концентрации этого элемента, не превышающие максимально допустимый уровень. Основным источником влаги на полях совхоза им. Гагарина, поселков Айхан и Тегизжол является орошение водами реки Нуры во время весеннего паводка, чем объясняется наличие ртути в почве и соответственно в злаковых культурах на этих полях. Степень содержания ртути в пшенице зависит от накопления ее в почве. Поэтому концентрация ртути в подземной части была больше, чем в надземной. По данным химических анализов, содержание ртути в этой части растений не превышает максимально допустимого уровня, за исключением проб свх. им. Гагарина, где отмечено превышение ее концентрации в 1,12 раза [4].

В целом, можно сделать следующие выводы:

1. Концентрация ртути, цинка, меди кадмия и свинца в воде бассейна реки Нура в июне 2011 г. соответствовала санитарно-токсикологическим нормативам однако в донных отложениях обнаружено повышенное содержание всех тяжелых металлов. Концентрация меди и кадмия в органах и тканях окуня из бассейна р.Нуры превышает максимально допустимые уровни, а концентрация ртути является токсичной для рыб. В ткани скелетных мышц и почках лесных и домовых мышей из различных районов побережья реки Нура и прибрежной зоны Самаркандского водохранилища обнаружены все тяжелые металлы, в том числе повышенные концентрации кадмия.
2. Планктонное сообщество исследуемого участка не разнообразно, наблюдаются элементы биологического регресса (уменьшение численности, видового разнообразия).
3. Ртуть обнаружена в теле большинства исследуемых водных организмов.
4. Водные растения, извлекая и накапливая ртуть в своих тканях, тем самым понижают концентрацию растворенных соединений и снижают их токсичность.
5. Чем больше растение погружено в воду, тем интенсивнее оно накапливает ртуть в своих тканях.
6. Донные беспозвоночные интенсивно поглощают ртуть, содержащуюся в воде и илах. Максимальное количество ртути отмечено в теле брюхоногих моллюсков (от 0,22 до 0,39 мг/кг).
7. Анализ содержания ртути в мышечной ткани рыбы свидетельствуют о наличии тенденции к увеличению ртути у особей, обитающих в реке Нуре на участке ниже сброса сточных вод, а также в Интумаком водохранилище.
8. Наибольшие концентрации ртути найдены в тканях окуня и щуки, вне зависимости от района их обитания.
9. Бионты реки Нуры принимают активное участие в процессах трансформации форм нахождения ртути. Ионы ртути, попадая в водоемы, взаимодействуют с живыми организмами: ассимилируются растениями, трансформируются микроорганизмами, аккумулируются в тканях беспозвоночных и рыбы, в конечном итоге передаются по трофической цепи человеку.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Абраменков В.Т. Экологические проблемы Карагандинской области и методы их решения // Современные проблемы экологии Центрального Казахстана.- Караганда, 1996.-С.6-13
2. Жаров С.В.Аспекты загрязнения бассейна реки Нуры: научное издание/С.В. Жаров// Индустрия Казахстана. - 2005. - №7. - С.45-46
3. Идрисова, А. Вода для людей, вода для жизни // Индустриальная Караганда. - 2004.- 3 июня. - С. Петухов В.И., Касымбеков Б.К. Сохраним Нуру или взгляд геологов на проблему// Казахстанская правда.- 2004. - №5. -С.6-7.
4. О состоянии окружающей среды бассейна реки Нура. Министерство ООС, РГП Казгидромет. - Бюллетень. - 2012. – № 1(5).– С.1-24.

УДК 504.4.054

### АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ РЕКИ КИГАЧ

А.Ф. СОКОЛЬСКИЙ

заведующий кафедрой Астраханского инженерно-строительного института, г. Астрахань  
А.Ш. КАНБЕТОВ, А.К. МУХТАРОВ, Г.А. КУАНЫШЕВА, Г.Г. ДЖУНУСОВА  
преподаватели, Атырауский институт нефти и газа

Река Кигач и его взморье имеют ряд гидролого-гидрохимических особенностей по сравнению с рекой Урал: высокое содержание легкоокисляющейся органики в грунте и воде, другой тип грунтов. Гидрологические условия водоема особенно в период паводка имеют большое значение для формирования биоресурсов. Хотя, благоприятные условия формируются уже зимой, но в течении паводкового периода изменение погодных условий и периодичность наступления нерестовых температур в водоеме, определяют условия воспроизводства биоты.

Анализ гидрологических условий реки приводился по материалам Атырауского Гидрометцентра и собственным данным. Гидрохимические анализы воды выполнялись по стандартной сетке станций на одном

горизонте (поверхность) в соответствии с методикой Лурье Ю.Ю., 1971 [1], Алекина О.А., 1959 [2], которые включали в себя исследования следующих параметров: концентрация биогенных элементов (хлориды, сульфаты, фосфаты, аммоний солевой, нитриты, нитраты), содержание кислорода и БПК5, концентрация тяжелых металлов (Zn, Pb, Cd, Cu, Ni, Cr, Mn), общее содержание фенолов и нефтепродуктов.

Максимальный уровень воды по у в/п. Котьявка (р. Кигач) поднялся в марте до 91 см, в апреле до 95 см (в среднем 50 см), в мае – до 237 см ( в среднем 211 см), что было намного ниже прошлогодних показателей. При таком малом объеме стока р. Волга эффективность размножения полупроходных рыб резко ухудшается в дельте, отрицательно маловодье сказывается и на кормовой базе в Северном Каспии.

Весной пробы воды отбирались на р. Кигач в 4-х точках. Изменение важного параметра - температуры воды, т.е. своевременный и равномерный прогрев водоема, является важнейшим фактором в ряду благоприятных условий для нереста. Прогрев воды в Восточной части дельты Волги в реке Кигач был равномерный. Так, температура воды во время исследований была равна в среднем 10,6 оС, глубина варьировала от 0,6 до 4,0 м. Изменения кислородного режима р. Кигач характеризуется значениями 7,8 - 8,8 мг/дм3. (таблица 1).

Таблица 1 - Гидрологические показатели р. Кигач весной 2011 г.

Í àçááí è à ñòáí ðà	Àëóáéí à, í	Òáí í àðàóððà, <sup>1</sup> Ñ	Í ðí çðà=í í ñòó, í	È è ñéí ðí à ðàñçáí ðéí ù é, í à/áí <sup>3</sup>
Í í áí è è ð áááÿ	4,0	10,6	1,0	7,8
Àáí áá	0,6	10,5	0,5	8,8
È àí ù ø éí è à	1,5	10,7	1,0	-
Óðáðè í ñè è è è áí àë	4,0	10,8	1,0	-

Гидрохимический и токсикологический режим р. Кигач отражен в таблицах 2, 3.

Таблица 2 – Содержание гидрохимических веществ в р. Кигач весной 2011 г.

Ààðà	Ñòáí øè è è ññè ááí ááí è è	ðí	Àéí ááí í ù à ñí ááéí áí è ÿ, í à/áí <sup>3</sup>			Ñòé ù ð àóù	Óéí ðè à ù
			NH <sub>4</sub>	NO <sub>2</sub>	NO <sub>3</sub>		
03.05.	Í í áí è è ð áááÿ	7.0	0,16	0,047	2,8	85,0	28,2
03.05.	Àáí áá	7.2	0,1	0,038	2,6	80,0	29,0
03.05.	È àí ù ø éí è à	7.2	0,19	0,045	3,1	64,0	29,0
03.05.	Óðáðè í .è áí àë	7.1	0,1	0,012	3,5	70,0	28,2

Таблица 3 – Содержание токсикологических веществ в р. Кигач весной 2011 г.

Ààðà	Ñòáí øè è è ññè ááí ááí è è	Óÿæ áé ù à í à ðà è è ù						Óáí í è ù, í à/áí <sup>3</sup>	Í áó óáí ð í à øé ð ù, í à/áí <sup>3</sup>
		Zn	Cu	Cd	Pb	Cr+6	Mn		
03.05.	Í í áí è è ð áááÿ	0,001	0,0006	0,0005	0,0003	0,005	0,005	0,0005	0,005
03.05.	Àáí áá	0,001	0,001	0,0005	0,0002	0,005	0,005	0,0005	0,005
03.05.	È àí ù ø éí è à	0,0021	0,0006	0,0005	0,0005	0,005	0,005	0,0005	0,005
03.05.	Óðáðè í .è áí àë	0,0025	0,0006	0,005	0,0006	0,005	0,005	0,0005	0,005

Превышения содержания гидрохимических веществ в воде р. Кигач не наблюдается. Нефтяные углеводороды и фенолы весной находились ниже нормативных концентраций (рисунок 1).




Рисунок 1 – Концентрации загрязняющих веществ в воде р. Кигач в 2011 г.



Из ряда тяжелых металлов, только содержание меди на станции «Дамба», было на уровне предельно – допустимых концентраций – 0,001 мг/дм<sup>3</sup>. Присутствие других видов металлов в воде не превышало нормативных показателей.

Таким образом, гидрологическая обстановка в р. Кигач была в удовлетворительном состоянии. Содержание кислорода в воде всех исследованных водоемов было достаточным для жизнедеятельности гидробионтов. Концентрации токсикологических веществ не превышали предельных норм.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Лурье Ю.Ю. Унифицированные методы анализа вод. – М.: Химия, 1971. – 356 с.
2. Алекин О.А. Методы исследования органических свойств и химического состава воды. Жизнь пресных вод СССР.- М.: АН СССР, 1959. – Т.4 – С.213 – 298.

УДК 658.567.1

### ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БАСТЫ ЖОЛЫ

А.М. МАДИЕВА

магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Соңғы жылдардағы Қазақстан экономикасының дамуының қорытындыларын талдаған кезде, ресурстарды тиімсіз қолдану механизмі тоқтатылып қана қоймай, айналымының одан сайын көбейгені анық, себебі өнім шығарудың бөсеңсуі шикізат пен материалдар қолданудың қысқаруынан озып келеді. Ғылым мен техника прогресі материалдық ресурстарды одан да тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Қор сақтау қызметінің ең маңызды бағыттарының бірі – өндіріс қалдықтарын тиімді қолдану болып табылады.

Қазақстанның 2003-2015 жылдарына индустриалды-инновациялық даму стратегиясы басқарудың жаңа тәсілдерін анықтады: бірінші орынға экологиялық мәселелер шықса, екінші орынға өнеркәсіп қалдықтары мен тасталындыларын кәдеге жарату тиімділігінің экономикалық-нарықтық критерийлері шығады [1]. Қоршаған ортаға түсетін қалдықтар мен тасталындылар көлемінің өсу динамикасы қазіргі заманғы кәсіпорындардан, өндірістің прогрессивті қалдықсыз технологияларын қолдануды талап етеді. Мұндай жүйелер мен басқаруды қамтамасыз ету үшін, күрделілігі жағынан халықаралық принциптерге сәйкес келетін жаңа әдістер, Қазақстан Республикасының жаңа заңнамалық-нормативтік актілері қажет. Басқарудағы жаңа бағыт – кәсіпорында, қоршаған ортаға түсетін қалдықтарды барынша азайтуды қамтамасыз ететін экологиялық таза өндірістің қалыптасуы болып табылады.

Қазақстанда қатты қалдықтардың, ең алдымен өнеркәсіптік қалдықтардың, жиналуы, қауіпті қалдықтардың едәуір көлемімен және оларды тасымалдаудың қажеттілігімен қоса жүретін өнеркәсіптік кешеннің қоржынау мен қайта өңдеуге байланысты мамандырылуы ерекше алаңдатады.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша, 2011 ж. республикада 100 млн.т. аса қатты тұрмыс қалдықтары, 22 млрд.т. аса өнеркәсіп қалдықтары жиналған, соның ішінде – 6 млрд.т. шамасында қауіпті қалдықтар мен 16 млрд.т. аса техногенді минерал туындылары. Сонда да, қалдықтарды қайталама шикізат ретінде қолдану көлемі болар-болмас: шаруашылық айналымына тек қара және түсті металдар сынықтары, макулатураның жоғарысұрыпты маркалары түріндегі жоғары өтімді және пайдалы қалдықтар, тоқыма, полимер және ағаш қалдықтары салынады. Орта есеппен жылына қалдықтардың тек 20 %-ы ғана кәдеге жаратылады, ал шамамен 700 млн.т. қалдық жинақталған көлемдерде қалады. Мұндай үрдіспен 2020 ж. қарай елімізде 28 млрд.т. қалдық жиналады [2]. Бұл жағымсыз болжамға қарамастан, республикада қалдықтарды өңдеу өте төмен деңгейде қалып отыр.

Ластанудың тарихи көздеріне: мұнай-газ, жылуэнергетика, тау-кен, өңдеуші өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының бұрынғы жұмысының қалдықтары; қазіргі кездегі шаруашылықсыз тұрған объектілер: жұмыс істемейтін мұнай-газ скважиналары, шахталар, кеніштер, ағынды сулар жинақтауыштары, әскери-сынақ полигондары жатады. Тарихи ластанулар мемлекет үшін үлкен проблемаға айналды: қаржы көздерінің, қалдықтарды кәдеге жаратудың жаңа технологияларының, менеджмент пен құқықтық өрістің жоқтығы мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігінің күшеюіне әкелді. Улы қалдықтарды жеткілікті дәрежеде бақылау мен басқарудың жүйесі жоқ. Қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында, су объектілерінде атмосфераның қарқынды ластануы жалғасып келеді, бұл – ескі технологиялар мен стандарттардың, сапасыз шикізат пен отынның қолданылуымен түсіндіріледі.

Өрине, өнеркәсіптегі экологиялық жағдайдың нашарлануының басты себептері – негізгі қорлардың, соның ішінде тазартқыш қорлардың, тозуы мен ескіруі, механизация мен автоматизацияның кешенді емес сипаты, қауіпсіздік техникасының төмен деңгейі, технологиялық және өндірістік тәртіптің төмендеуі, қажетті техникалық базаның жоқтығы болып табылады.

Ғылыми және заңнамалық-нормативтік актілерді зерттеу бойынша, Қазақстанда негізгі заңдар жасалғанымен, олардың көптеген заңасты талаптары жоқ.

Сонымен бірге, қоршаған ортаны басқару жүйелерінің халықаралық стандарттары заңды түрде регламенттелмейді. Экономикалық субъектілердің дербестігі, оларға ИСО сериялы халықаралық стандарттарды ендіруге мүмкіндік берді, қазіргі таңда бұл іс ерікті болып саналады. Экологиялық субъектілер, өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін бақылай отырып, экономикалық тиімділікке жетуге одан да көп қызығушылық танытады.

ИСО 9000 сериялы сапа менеджмент жүйесі қазір 20-дан астам экономикалық субъектілерде енгізілген. Одан басқа, ИСО 14001 экологиялық менеджмент жүйесі мен қауіпсіздік мен денсаулықтың 18001 стандарттары енгізілуде.

Мемлекетте бұрынғыдай жылу электр станцияларының күлдері мен қоқыстары, пайдалы қазбаларды өндіру мен байыту қалдықтары аз қолданылады. Қазақстанда минералды шикізатты өңдеудің тау қалдықтарын қайталама шығарумен айналыспайды.

Мамандардың бағалауы бойынша, тау-металлургия өнеркәсібі қалдықтары, құрамындағы түсті және асыл металдар, сирек әрі шашыранды элементтердің мөлшеріне қарай, белгілі құндылықты көрсетеді және потенциалды шикізат қызметін атқара алады. Түсті металлургия қалдықтарында 2 млн.т. шамасында мыс, 1,4 млн.т. қорғасын, 27,7 млн.т. цинк, 3,4 мың т. күміс бар. Осыған орай, қалдықтарды пайдаланудың экономикалық жағынан ең тиімді тәсілі – оларды өнеркәсіптік өндіріске ендіру болып табылады. Мемлекетте түсті металдар (мыс пен қорғасыннан басқа) сынықтары өңделмейді. Жапония сияқты кейбір елдерде металдарды қайта қолдану 98%-ды, қоқыстарды (шлактарды) қайта қолдану 75%-ды, күлдерді қайта қолдану 45%-ды құрайды. Республикада электр станцияларының күл-қоқыс қалдықтарын кәдеге жарату мен қолдану 1-3%-дан аспайды, ал Еуропада бұл көрсеткіш орта шамамен 60%-ды құрайды. Ресейдің ірі өнеркәсіптік аймағы – Свердловск облысында қара металлургия қоқыстарын өңдеу қуаты, осы қалдықтардың туындауының жылдық көлемінен екі есе үлкен, яғни іске өндірістің қоқыстары ғана емес, сонымен бірге үйінділерде бұрыннан жиналған қалдықтар да салынады. Мұнда жыл сайын 5,5 т. дейін қоқыстар кәдеге жаратылады [3].

Өнеркәсіптік қатты қалдықтардың басты көлемдері түсті металлургия кәсіпорындарында шоғырланған. Мемлекетте олардың саны 5,2 млрд.т. асады, соның ішінде 4 млрд.т. тау өндірісінің үйінділері, 1,1 млрд.т. аса байыту қалдықтары мен 105 млн.т. металлургиялық қайта өңдеу қалдықтары. Олардың басты орналасу жерлері Қарағанды (29,4%), Шығыс Қазақстан (25,7%), Қостанай (17%), Павлодар (14,6%) облыстары. Республикада улы қалдықтардың пайда болуының жылдық көлемі 84,4 млн.т. құрайды, оның 63%-ы – түсті металлургия қалдықтары. Түсті металлургия қалдықтарының жинақтаушы 15 мың га шамалы ауданды алады [2].

Қарастырылған экологиялық-экономикалық мәселелер, сонымен бірге республика аумағындағы табиғи орталардың геохимиялық қауіпін бағалануы, оларды кәдеге жаратудың негіздемесі бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. БҰҰ Конференциясында (Рио-де-Жанейро, 1992 ж.) қабылданған Қоршаған орта мен тұрақты даму бойынша Декларациясымен бекітілген "тұрақты даму" концепциясына сәйкес, қазіргі заманғы қоғам дамуының басты мақсаты – бүгінде тұрып жатқан адамдардың да, адамдардың болашақ ұрпағының да қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау [4]. Экология тұрғысынан тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді қолдануға бағытталған шаралардың кең өрісін ұйғарады. Ең маңызды экологиялық міндеттердің бірі – өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратудың мәселесін шешу болып табылады. Берілген мәселені зерттеуге көптеген әдебиет арналған, бірақ әлі күнге дейін ғылыми жағынан да, басқару жағынан да негізді мәнге ие болатын көп сұрақтар шешілмеген.

Қазіргі таңда бұл мәселенің негізгі екі экологиялық-экономикалық шешімі бар:

- Қоқыстарды өңдеу зауыттарын салу;
- Қалдықтарды полигондарда көму.

Жыл сайын қатты тұрмыстық қалдықтардың тек 3%-ын ғана өнеркәсіптік әдістермен өңдейді, қалғанын полигондарға шығарады және жағады. Қоқысжағу зауыттарын салу, негізінен, аймақтар мен ірі қалаларда тиімді. Жеке жағдайларда кішігірім кәсіпорындарды ерекше қалдықтарды жандыру үшін эксплуатациялау тиімді болып саналады, бірақ бұл – қалдықтарды жинау мен тасымалдаудың, оларды өңдеу технологияларының әртараптандырылуын (диверсификациясын) білдіреді. Қоқысжандырғыш зауыттардың технологиялық циклінің кемшіліктеріне – атмосфераға тасталатын құрамында ауыр металдар мен диоксидері бар газдар мен күлдердің тазартылуының жоқтығын жатқызуға болады.

Ескі өнеркәсіптік қалдықтардың ең үлкен көлемдері Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе облыстарында жиналған [2].

Республикада қалдықтарды көмудің ерекшелігі – олардың мамандандырылуының жоқтығы. Қалдықтарды көму, қоршаған ортаны қорғау стандарттарының минималды талаптарына да сәйкес келмейтін жерлерде орналасқан алаңдарда жүзеге асырылады. Нәтижесінде, қалдықтарды көму полигондары, табиғи ортаның барлық дерлік компоненттеріне (атмосфералық ауа, топырақ, өсімдік, жер үсті және жер асты сулары, су түбіндегі шөгінділер, тау жыныстары) және сәйкесінше адам денсаулығына әсер ететін едәуір техногенді жүктеме көздері болады. Полигондарға тасталатын қалдықтар санын төмендету үшін, заңнамалық, ұйымдық, техникалық, қаржылық және ақпараттық жабықтауды жасап іске асыру керек. Қазіргі таңда республиканың көптеген қалаларында қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды қолдану, залалсыздандыру, көму мен кәдеге жарату саласында аса күрделі жағдай туындап отыр.

Осыған орай, қалдықтарды басқару жүйесін құру проблемасы өзекті мәселеге айналды, бұл жүйе келесілерді қамтамасыз ету керек:

• қауіпті қалдықтарды экология жағынан дәйектей отырып қолдану: адам денсаулығы мен қоршаған орта, қалдықтарды қайта өңдеу процесінің кері әсерінен қорғалатындай шаралар қолдану;

• қалдықтарды кәдеге жарату кезінде қоршаған ортаны қорғау: қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтірудің қауіп-қатерін төмендетуді қамтамасыз ететін шаралар жүйесі;

• қалдықтарды жою кезіндегі қауіпсіздік.

Қалдықтарды басқару жүйесін құру келесі мақсаттарға ие:

• Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес, тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету;

• Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына сәйкес, әр түрлі қалдықтардың қалыптасуы, жойылуы мен залалсыздандырылуы процестерін жүйеге келтіру.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы қалдықтарды басқару тәсілдерін ұтымды іздеудің жолында тұр. Бұл секторға едәуір инвестициялар салынады.

Қалдықтарды пайдалану мен басқару мәселесін, Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жолымен шешу жеткіліксіз. Біздің ойымызша, қалдықтарды кешенді басқарудың бірыңғай концепциясын құрастыру қажет. Бұдан басқа, жобалық бағдарламаны жүзеге асыру барысында төмендегілер қажет:

- Тарихи қорлар қарқындылығын және мемлекет аймағында тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың ағымда пайда болуын бағалау;
- Қалдықтар бойынша нормативтік-құқықтық құжаттарды түгендеу;
- Мемлекетте және бүкіл әлемде қалдықтарды кәдеге жаратудың заманауи экологиялық таза технологиялары бойынша мәліметтер қорын ұйымдастыру;
- Қалдықтарды қысқарту, қайталама қолдану мен өндеудің экономикалық ынталандыру жүйесін құру;
- Мемлекеттің тікелей қолдауымен қайталама қорлар нарығын дамыту;
- Мамандарды қалдықтарды кәдеге жаратудың ілгерімелі әдістеріне оқыту, кәсіпорындарда экологиялық таза технологиялық өндірістерді енгізу.

Адамзат қолданатын технологиялар, ең алдымен, қалпына келмейтін ресурстарды қолдануға бағытталған. Бұл, өз кезегінде, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтардың ірі спектрін береді. Жинала отырып қалдықтар барлық дерлік мемлекеттер үшін ауыртпалыққа айналады. Көптеген ел үкіметтері қалдықтарды кәдеге жарату мен өндеу технологияларының дамуын қолдай отырып, бұл мәселеге одан да көп көңіл бөліп отыр.

Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату мен қайта өндеудің ауқымды индустриясының қалыптасуы – ең маңызды міндет болып саналады, оның шешімі қайта өндеудің экономикалық жүйесінің дамуына, яғни экономикалық жағдайдың жақсаруына, шағын және орта бизнес кәсіпорындар санының өсуіне, жана жұмыс орындарының құрылуына, Қазақстанның табиғи және энергия ресурстарының сақталуына әкеледі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарына индустриялық-инновациялық даму стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігі материалдары. "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі.
3. <http://zakon.znate.ru/docs/index-16254.html>.
4. [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/riodecl.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/riodecl.shtml) Қоршаған орта мен тұрақты даму бойынша Рио-де-Жанейролық Декларация (Рио-де-Жанейро, 1992 ж.).
5. Гринин А.С., Новиков В.Н. Промышленные и бытовые отходы: Хранение, утилизация, переработка: [Учеб. пособие] / А.С Гринин, В.Н.Новиков. - М.: ГРАНД: Фаир-Пресс, 2002. - 330 с.
6. Бобович Б.Б., Деткин В.В. Переработка отходов производства и потребления. М.: Интермент-Инжиниринг, 2000. - 496 с.
7. Юсфин Ю.С., Леонтьев Л.И., Черноусов П.И. Промышленность и окружающая среда. М.: Академкнига, 2002. - 469 с.
8. [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz) Қазақстан Республикасы Заңдары мен Қаулылары.

УДК 621.311

### ВЛИЯНИЕ ВЫБРОСОВ ОТ БАЛХАШСКОЙ ТЕПЛОЙ ЭЛЕКТРОСТАНЦИИ НА АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ

Н.Р. МАЖРЕНОВА  
преподаватель, КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы  
А.О. НУГЫМАНОВА  
магистр, КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы

Промышленное производство электрической и тепловой энергии сопровождается крупномасштабным материальным и энергетическим обменом с окружающей средой, имеющим своим следствием вредное

воздействие на нее. Сжигание топлива — важнейший поставщик в окружающую среду загрязняющих веществ. Тепловые электростанции в наибольшей степени «ответственны» за усиливающийся парниковый эффект и выпадение кислотных осадков. Серьезную проблему вблизи ТЭС представляет складирование золы и шлаков, а также тепловое загрязнение. Экологическая обстановка, складывающаяся вокруг ТЭС в настоящее время, вызывает серьезную озабоченность общественности и требует внимательного изучения, контроля и анализа. В связи с этим актуально экологическое обоснование снижения негативного воздействия тепловых электростанций на окружающую среду.

Жоғарыда аталған стратегиялық бағытқа сүйене отырып, Арал мәселесін көтеріп отырмыз. 60- жылдардан бастап Арал теңізінің ауданы кеми бастайды. Суды ауыл шаруашылық дақылдарының суару үшін қолдану Тянь-Шань тауларымен ағып келетін табиғи су ағысын 90% - дан астам қысқартып жібереді. Теңіз ауданы 2,6 млн. га-ға кеміп, өзінің 60% көлемін жоғалтты. Судың деңгейі 12-ден 2 м ге түсіп кетті, тұздылығы 2 еседен астам артты. Күн сайын 200 тонна тұз бен күм желмен 300 км ара қашықтыққа таралды. Шөлдену, топырақтың тұздануы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің кедейленуі, климатың өзгеруі одан әрі жалғасуда. Халықтың денсаулығы күрт төмендеп кетті.

Арал аймағының экологиялық жағдайы экономиканың дәстүрлі бағыттарының дамуының мүмкін болмауына әкеліп, бірқатар әлеуметтік және саяси мәселелерді туғызады. Қоршаған ортаны бұза отырып, кез келген қазіргі заманғы қоғам өзінің болашағын жояды. Болашақ ұрпақтардың дамуы үшін экологиялық тұрақтылықты сақтап қалу қажет. Экологиялық тұрақтылық болашақты сақтау үшін табиғи ортаның жағдайын бақылап, өнеркәсіптік қалдықтарды нормалау мен алдын алу, қалдықсыз және ресурстарды тиімді пайданатын технологияларды жасап, іске қосу керек.

60- жылдардан бастап суармалы жерлердің кеңейіне байланысты Арал теңізіне келетін өзендердің суы күрт кеміп кеткен: 1970 жылы 35,2 км, ал 1980 жылы – 10 км. 1986 жылы Амудария мен Сырдария өзендері теңізге жетпеген. Барлық су суармалы жерлерге жұмсалды.

Арал теңізі табиғи температура реттеуші ретінде ауа райына үнемі әсер 300-400 км ара қашықта байқалды. Бұл Хорезм облысында мақта өсірудің ең солтүстік белдеуін жасауға мүмкіндік берді. Қазір ауа райының континенталдылығы артты. Ең салқын айдың раташа айлық темпиратурасы 1,5- 2 С- ға төмендесе, маусымда 2С – ға артқан. Ауа райының қаталдығы Арал теңізінің тартылуына байланысты одан да қаталдана береді. Аясыз кезеңін 170-180 күнге қысқаруы мақта өсіруді қиындатады (мақтаның өсіуіне 200-220 күн оң темпиратура қажет). Бұрын өзен суының минералдығы 0,3-0,5 г\л болса, қазір ол 2,5 г\л жеткен.

Судың сапасының нашарлауы мен оның жетіспеуі өсімдіктер жабынына ерекше әсер етті. Бағалы орман, қамыс, өнімді жайылымдар мен шалғындық жойыла бастады. Олар сортаң жерлерге айналған. 50 көл кеуіп кеткен. Сырдария грунт сулардың деңгейі төмендеп кеткен. Барсакелмеске ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттеу XIX ғасырдың орта тұсына қарай басталды. Алғаш 1831 жылы орыс ғалымы Р. Левшин Арал теңізінде осындай аралдың бар екенін анықтап, картаға сызбасын түсіреді. Патша үкіметі 1848 жылы Арал теңізінің аумағын зерттеуге бірінші экспедиция шығарып, оған басшы етіп әскери теңізші Алексей Бутаковты тағайындай-ды. Сол жылғы мамырдың ортасында Ор бекінісінен шыққан керуен айдан аса мерзімде Арал теңізінің жағасына жетеді. Жаз ортасында теңізге бет қойған саяхатшылар әуелі Көкаралға аялдап, содан сон оның арғы жағындағы Барсакелмеске жүзіп барады. Осыдан кейін бұл жерге зерттеуші Л. Бергтің табаны тиеді. Міне, Барсакелместің ашылу тарихы осындай.

Айдынды арал зерттеушілерді өзінің керемет табиғатымен таңғалдырады. Оның табанын түгел жасыл желек жапқан. Тұщы суы бар көлдер көп. Мұндағы өсімдіктердің көпшілігі басқа жерде мүлдем кездеспейді. Экспедиция жетекшісі аралда құстардың 200 түрі бар екенін жазады. Жыландар мен кесірткелер, шаяндар мен бүйілер өріп жүрген. Сексеуілді паналаған жайрандар мен ақбөкендер тіпті адамнан үрікпейтін болған. Сол кездері бұл жер шынында таңғажайып қойнау болғанға ұқсайды.

Бүгінде құрылғанына жетпіс жылға жуық уақыт болған Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы осындай жаратқанның өзі жарқыратып жасап берген жалпақ жайуаттан жай тапқан. Қорықта бүгінде өсімдіктің 165 түрі өседі. Олардың арасында бұйырғын, жусан, адыраспан, рауғаш, итсигек, сексеуіл секілді сортаң шөптер бар. Жануарлар әлемінен құлан, ақбөкен, қарақұйрық, ор қоян сынды арал табиғатына бейім хайуанаттар түрлері кездеседі. Заманында еліміздің жазық даласында зыр қағып жүрген “қазақ құланы” деп аталған аң да болыпты. Оның ең соңғы тұяғы 1936 жылы оспадар оқтың құрбаны болғанға ұқсайды. Сосын 1953 жылдың қысында Түркіменстанның Бадхыз мемлекеттік қорығынан 14 құлан жеткізілді. Әкелінген жануарлар жаңа мекенді бірден жерсініп, ұрпақ жая бастады. Қорықта ұлы көш басталған 1982 жылға дейін олардың саны 300-ге жеткен екен.

Өкінішке қарай, 1997-1999 жылдары Барсакелместің арал болудан қалып, тұщы су көздерінің жоғалуы бұл жануарлардың жарамдыларын түгел басқа жақтарға жөнелтуге мәжбүр етті. Сол уақыттан бастап бұл жерден ұзын-саны 250 қаралы құлан көшіріліп әкетіліп, негізгі бөлігі Алматы маңындағы Алтынмемел ұлттық паркіне жіберілсе, тағы бір тобы Маңғыстау маңындағы Үстірт жоталарына аттандырылды. Ал қорықтың өз басында алыс жолға шығуға жарамайтын, көрі-құртаң елу шақты құлан алып қалынған еді. Аралдың шығыс бөлігінің үлкен материкпен жалғасып жатуы бір жағынан жазықсыз жануарлардың аман қалуына себепші болды. Ащы судың аранында қалған олар осы арқылы үлкен жерге шығып, өз нәпақаларын теріп жей алатын жағдайға жетті. Қорықтың директоры Мағжан Тұрсынбаевтың айтуынша, осы кезге дейін біраз киік пен қарақұйрық ішетін таза судың жоқтығынан қапысыз қырылып қалған екен. Екі араға өткел түскесін барып, бұл жерден 1500 киік пен 350 қарақұйрық сыртқа аман шығып үлгіріпті. Оқшау аралдағы ауыз судың тапшылығы, міне, аң-құстарды осындай халге дейін душар етті. Енді Барсакелмес қорығының бүгінгі бет-бейнесіне келсек, соңғы екі жылдан бері оның көлемі бұрынғысынан 10 есеге артты. Сөйтіп, осы кезге дейін 16 795 гектар жерді алып келген аумақ

160 795 гектарға ұлғайды. Бұл Үкіметтің 2005 жылғы 25 қарашадағы №1162 қаулысының негізінде мүмкін болды. Оған еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынысы ықпал етті. Ал қорық жеріне ғылыми-техникалық сараптама жасауға Аралдың құтқару қорының президенті Алмабек Нұрышев қаржылай көмек көрсетті. Осылай қорық жері Қасқақұлан аралына дейін жалғасты. Жайылымның кеңейіп түсуі өз кезегінде Барсакелмес аралында тұралап қалған жануарлардың көбеюі үдерісін жеделдетті. Қорықта 2005 жылғы қазан айында жүргізілген санақ аң-құстар дүниесінің динамикалық табиғи өсуін қанағаттанарлық деп тапты. Мекеменің штаттық кестесі ұлғайып, жаңадан көп құрал-жабдық, техника алынды. Жабайы аң-құстарды сақтау үшін олардың еркін өсуіне қолайлы кеңістік қажет, Қорықтың екінші екпін, тың тыныс алуына 2005 жылғы 27 сәуірде Арал өңіріне Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ат басын бұруы үлкен серпін берді. Мемлекет басшысы сол жолы қала орталығында қорық жөніндегі анықтамалық стендтерді қарап тұрып, аймақтың табиғатында әлі де сақталып, өсіп-өнген эндемикалық жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне қызығушылық білдірген еді. Елбасының сол сапарынан кейін Сырдария өзені арнасын реттеу және Арал теңізінің терістік бөлігін сақтап қалу жөніндегі ғасырлық салмағы бар жобаға жан кірді. Көп ұзамай сол жылдың күзінде Көкарал бөгеті қалпына келтірілді. Осынау ғаламат құрылыстың сапалы да тез бітуіне Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Есімовтің көп еңбегі сінді. Бұл нысанды әлемнің сегізінші кереметі атауға болады. Себебі, жердің жағрафиялық картасынан жоғалған Солтүстік Арал теңізінің қайта қатарға қосылуы тіршіліктің жаңадан жандануына әсер етті. Осыдан кейін бұрынғы балықшылар отбасы қайықтарымен су айдынына шығып, ата кәсібін жалғастырды, төзімділік таныта білген елге береке келді. Солтүстік Арал акваториясы содан бергі бар-жоғы екі жылдан сәл астам уақыт ішінде мамандар күткен мөлшердегіден әлдеқайда тез және мол суға толып, түстіктегі қорық аумағына да өзінің оң ықпалын тигізе бастады.

Ендігі айтылатын жәйт, Аралды оңтүстік пен солтүстікке бөлмей, оның табиғатының тұтастығын толықтай сақтағанымыз абзал. Алайда оңтүстік теңіздің кепкен 4,0 млн га. астам тіршіліксіз тақыр табаны бүгінде нағыз апат ошағына айналып, жылына жүз миллиондаған тонна тұзды шаң жер бетіне таралып жатыр. Жылдар өте келе оңтүстік Арал теңізінің қалған батыс бөлігіндегі су мүлдем жойылса, экологиялық ахуал бүгінгіден әлдеқайда нашарлай түседі. Қазіргі таңда сол жердегі шаңды тозаң желмен көтерілгенде 3-5 метрдегі ағаштарды ақ түтек тұзды шаңға орайды, осы құбылыстың салдарынан адамның көзі қызарады, бет-аузы тұзды топырақтан ашиды, тыныс алуы қиындайды. Алайда, бұл құбылысты тоқтатудың өзіндік жолдары да бар. Ол, жоғарыда айтқанымыздай, теңіздің құрғаған табанын көк өскіндермен жауып, осында орман алқабын өсіру. Қызылорда облысында қоршаған ортаны қорғауға немесе орманды алқапты ұлғайтуға арналған жобада қаралған 35 млн. АҚШ долларының 8 миллионы Аралдың кепкен табанына 59 мың га. жерді алып жататын сексеуіл отырғызуға жаратылады. Алты жылға жоспарланған бұл жұмыстардың барысында теңіздің кепкен табанынан жер асты суын ұнғыма арқылы шығарған жағдайда сексеуіл де, жыңғыл да өздігінен өсу дәрежесіне жетеді. Мұнда Оңтүстік Аралдың қалпына келтіруге қарастырылған қаржының 5-10 пайызы ғана бөлінсе, жер асты суларын бұрғылап шығаруға болар еді.

Айдың бір бөлігі қараңғы болғанымен, екінші бетінің жарық болатыны сияқты, теңіздің Сырдария мен Әмудария өзендерінің Аралдың түстік бөлігіне көп жылдардан бері су тастамауынан бүгінде ұлы теңіздің жағалауы жылдан жылға 300 метрден 500 метрге дейін тартылууда. Мұнда Сыр өзенінен біраз да болса түстікке қарай су жіберіледі, ал Әмудің бұл жақты “ұмытқанына” ондаған жылдар өтті. Осылай жалғаса берсе, Барсакелмес аралының батыс бөлігі де 5-10 жыл шамасында құрлықпен жалғасып кетері анық. Сол кезде бұрынғы Аралдың батысы мен шығысындағы тұяқты аңдардың миграциялық жолының өзгеруі әбден мүмкін. Ол осы жердегі табиғи орта құбылысына бұрынғыдан да кері әсер ететіні сөзсіз. Тұзды шаң бүгінгіден де көп мөлшерде әлемге тарайды. Сондықтан мемлекет тарапынан алдын-ала сақтық шараларды бүгіннен бастап қолға алмасақ, экологиялық апат ошағының аумағы бірнеше есеге ұлғаймақ.

Жылына 10 мың гектар жерге қолдан орман отырғызғанда, өзiрге 4 млн. га аумаққа жетiп отырған теңiздiң құрғаған табанын қашан көктеп шығуға болады? Ұлы ойшыл Әл-Фараби бабамыз айтқандай: “Табиғаттағы тіршіліктің барлығы да босқа өмір сүрмейді”. Осыдан жүз жыл бұрын Арал өңірінде құстың 319 түрі болса, бүгінде бұл көрсеткіш екі есеге азайған. Міне, экологиялық апат ошағының бір белгісі деген осы.

Қандай қиындықпен оралған Кіші теңіздің табиғи байлығы ретсіз ысырап болуда десеңізші. Мұны қорық инспекторлары бейнетаспаға да түсіріп алған екен. Бұл осылай бола берсе, 4-5 жылда балықтың қоры таусылуы мүмкін. Аталмыш аймақтар ерекше қорғалатын батпақты өңір болып есептеледі. Орман және аңшылық комитеті Сырдарияның теңізге құяр осы сағасындағы жыл құстарының ұя салып, балапан басатын қалың қамысты қолайлы жерлерін келешекте сақтап қалу шараларын жасау қажеттігін ескертіп отыр.

Қорық аумағына жаңадан қосылған жерлерге қардон салу, табиғат қорғау инспекторлары мен ғылыми қызметкерлерді соңғы құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету күн тәртібіне енгізілді. Жуырда сондай-ақ қорықтың жаңа ауқымына бақылау мұнарасын орнату және осы екі кластерлік аймаққа аншлаптар ілу, тиісті жерлерге шлагбаум қою секілді жұмыстар да жоспарланған.

Табиғат – тұнған байлық деп текке айтылмаса керек. Оның ойы- қырында жатқан аң- құсы, сыңсыған орман- қоғасы, өзен – көлі, шалғынды шөбі, саф ауасы- бәрі адам өмірі, оның тіршілік игілік көзі табиғаттан алынады. Сондықтан да оны қорғап, қамқорлыққа алу? Тиімді пайдалану бүгінгі күнгі өзекті өртер өткір мәселе.

«Сулы жер- нулы жер» деген, судың үлкен байлық екені осы бір халық нақылынан айқын көріп тұрған жоқ па?

Амал не, су көздері мен қоймаларын сақтау, ортайтпау жөнінде батыл шаралар қолданылып отырған жоқ.

Арал тағдыры тәуелсіздікке қол жеткізген халықпен бірге үкімет пен қоғам қайраткерлерін сан мәрте

ойлантты, түйыктан шығудың жолдары іздестірілді. әлемдік ғалымдармен бірлесе отырып, теңіздің бұрынғы кемерін толтырудың сан қилы жобалары ұсынылды. Солардың ішінде Әмурдария мен Сырдария өзендерінің суын егістік үшін бөгемдеуді, оған жер асты суларын пайдалануды, Арал теңізіне Памир мен Тянь-Шань тауларынан ағатын бастау – бұлақтардың суын жіберуді; Каспий теңізінен Аралға дейін канал қазуды; тіпті Сібір өзендерін бұрып, Обь пен Ертіс өзенін аралға қарай ағызуды ұсынғандыр да болды. Бірақ мұның бірде-бірі аралды құтқарып қаларлық нақты байлам, дұрыс шешім емес еді.

Міне, осылайша Арал теңізіндегі тұрмыс-тіршілік бірте-бірте қалпына келе бастады. Бірақ, 1957-1960 жылдардағы кезеңмен салыстыруға әсте келмейді. Өйткені ол кездерде Арал балықшылары жыл сайын 80-100 мың тоннаға дейін балық аулап тұрған екен.

Сол әлем қартасынан жоғала бастап, қайта тірілген Арал қазір аумағы біршама кеңейтті. Қазір мұнда кіші және үлкен Арал аралығына 13 шақырымдық бөгесін тұрғызылды. Сырдария құйылатын су дәл осы арна арқылы құмға сіңіп жоғалатын. Бөгесін тұрғызылғаннан бергі бес жыл ішінде су деңгейі 42 метрге жоғарылап, солтүстік арал аумағы бұрынғы 2414 шаршы километрден 3288 шаршы километрге ұлғайды. Оның үстіне тіршілік атаулыны құрта бастаған тұз мөлшері де кеміп, қазір бір литр судағы оның мөлшері бұрынғы 23 грамның орнына 17 грамға кеміді. Ақлақ пен Айтек су тараптары өзен суларының өтімділігінің арттырды, ал Көк –Арал бөгеті суға қайта тола бастаған кемерді Үлкен Аралдан бөліп тастады. Бұл бірінші кезекте атқарылған жұмыстар. Қазір оның екінші кезеңі талданып жасалуда. Сол кезде тағы да 10 гидротехникалық қондырғылыа іске қосылмақшы.

Сонымен қолдан құртып ала жаздаған Арал теңізіне қайтадан жан кірді. Болашақта қазақ халқының басқа су қоймаларымен қатар Арал теңізін де тұтары сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Атамекен газеті 13 ақпан 1993 жыл.
2. Атамекен газеті 1993 жыл 24 желтоқсан.
3. Арал теңізінің экологиялық мәселелері. Экология оқулық. Г. С. Оспанова. Г. Т. Бозшатаева

#### 15 Секция. Юриспруденция және құқық 15 Секция. Юриспруденция и право

ӘОЖ 343.1

#### СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

А.Т. АХМАДИЕВА  
аға оқытушысы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық ережелерінің мәселелеріне кеңес дәуірінде, бұрынғы кеңестік кеністіктегі, және қазіргі ТМД елдерінде де аз көңіл аударылған жоқ. Әрі көптеген зерттеушілермен аталған мәселелер құқықтық қатынастардың түрлі жазықтықтарында қарастырылды.

Егеменді Қазақстанда осы мәселе жөнінде ғылыми басылымдардың жеткілікті санын және қарастырылып отырған құқықтық қатынастар жөнінде ғылыми көзқарастың карама-қарсылығын кездестіруге болады. Аталған азаматтардың санаттарында құқықтық ережесінің мәселелері неігінде халықаралық шарттар мен келісімдер тұрғысында қарастырылады және халықаралық құқық, конституциялық құқық, әкімшілік құқық, мемлекет және құқық теориясы немесе аталған салалардың түйіскен жерінде дербес зерттеулерде неғұрлым жиі зерттеледі.

Дәстүрлі түрде зерттеуді «шетел азаматы» ұғымынан бастаған жөн.

Сонымен, С.И. Ожеговтың орыс тілі сөздігінде «шетел азаматы» бір мағыналы - басқа елге қатысты қандай-да бір елдің азаматы.

Мағынасы бойынша жақын сөз «шетелдік», яғни басқа елге қатыстылығын білдіреді. Сөздердің арасындағы тәжірибелі ұқсастығына карамастан, олардың арасында әжептәуір айырмашылық бар. Алғашқы жағдайда азаматтыққа қатысты ажырамас элементі болып табылады, басқасында – қандай да бір елге формальді жататындығы.

Шетелдердің нормативтік актілерінің, ұлттық заңдардың және арнайы заң әдебиеттерінің талдауы, дүниежүзінің көптеген елдерінде «шетел азаматы» термині басым қолданылатындығы байқалып отыр.

Бұл термин 1985 ж. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының Адам құқықтары туралы Декларациясында да қолданылады, тұрғылықты мемлекетінің азаматы емес тұлғаларға қатысты: «...шетел азаматы» термині төмендегі баптардың ережелерін дұрыс есепке алу дегенді білдіреді, өзі бола тұрған мемлекетінде азаматы болып саналмайтын кез-келген тұлға».

Осы декларацияны әзірлеуге қатысқан жұмыс топтары үкіметтердің ескертулерін ескерді және «шетел азаматы» термині БҰҰ мемлекеттер -мүшелері үшін қабылдауға лайық және олардың ішкі заңдарының қажеттігіне жауап береді деген қорытындыға келді.

Сондықтан «шетел азаматы» ұғымының өзі адам құқықтары саласында қазіргі халықаралық-құқықтық теориясын дамытудағы жана тенденциялармен және олардың ұлттық-құқықтық жүйелерде жүзеге асуымен байланысты.

Сонымен қатар, «азаматтар емес» дефинициясын енгізу мәселесі бойынша оқтын-оқтын пікірталастар туындайды, себебі осындай ұғым кейбір халықаралық құжаттарда қолданылған. Көбінесе осындай пікірталас РФ-да осылай болып келеді.

Сонымен, «шетел азаматы» санатына жатады:

- өзге мемлекеттердің азаматы;
- қандай да бір мемлекеттің азаматтығын алмаған тұлғалар;
- қандай да бір мемлекеттің формальді азаматтығын алған, бірақ олармен байланысын жоғалтқан босқындар;
- өз елінен саяси себептер бойынша кетуге мәжбүр болған саяси эмигранттар және т.б.

Егер Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңына сүйенетін болсақ, онда заңның 2 бабы нақты белгілейді: Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттік азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер болып танылады. Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі жоқ адамдар азаматтығы жоқ адамдар болып танылады.

Жалпы ереже бойынша, қылмыстық іс жүргізу құқық теориясында құқықтық мәртебе оның екі құрамдас бөлігінің бірлестігімен байқалады. Субъект субъективтік құқықтарды және субъективтік міндеттерді қатар қолдаушы болып табылады. Сол сияқты пікірді өзге де құқық саласының кеңес ғалымдары ұстанды. А. Н. Ақпанов және Ш.К. Құсайыновтың пікірі бойынша қылмыстық процестегі азаматтың мәртебесі үшінші элементті де қосады - өзінің құқығын асыра пайдаланғаны, өзінің міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін

кылмыстық іс жүргізу жауапкершілігі шаралары (санкциялар). Әрі қарай авторлармен кылмыс жасағандағы айыпталушының құқықтық мәртебесінің құрылымы толығымен қарастырылған. Аталған авторлардың берілген ұсыныстарын қолдау қажет, өйткені шынында да, кылмыстық іс жүргізу жауапкершілік шараларынсыз кылмыстық процестің бірде-бір қызметін жүзеге асыру мүмкін емес.

Д. Қайназарованың пікірі бойынша: «Шет мемлекеттеріндегі шетел азаматтары туралы олардың белгілі бір мемлекетке кіруі және шығуы, орналасуы және жүріп-тұру мәселелерін реттеуге айтарлықтай шамада ғана саятын қолданыстағы заңдарына қарама-қарсы, Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы заңы ең алдымен мемлекеттегі адамдардың экономикалық және әлеуметтік құқықтары мен бостандықтары секілді шынайы жағдайын белгілейтін маңызды қатынастар саласын қамтиды».

Осыған байланысты адамзаттың қазіргі даму кезеңінде кеңес дәуірінің жеке топтары авторларының пікірлері маңыздылығын жоғалтады, себебі жеке тұлғада халықаралық құқық субъектілігі болмайтындығы туралы ойлар айтып келді. Шетел азаматтарының құқықтық режимі, негізінде толық деңгейде ішкі мемлекеттік құқыққа және сондай-ақ иммунитеттер мен артықшылықтарға байланысты болады. Иммунитеттер мен артықшылықтарды ұсыну мемлекет тарапынан халықаралық-құқықтық міндетте-мелерді орындауы болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының азаматы емес ерекше тұлғалардың санатын белгілейді - бұл оралмандар. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көш-қоны туралы» № 204-І Заңына сәйкес - шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ қазақ ұлты, Қазақстан Республикасы егемендік алған уақытта оның аумағынан тыс болғандар және тұрақты тұру мақсатында Қазақстанға көшіп келгендер.

Аталған заңның талдауы (Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көш-қоны туралы» № 204-І Заңы) оралмандардың мәртебесін анықтауда, этникалық қазақтар болып саналмайтын шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалармен салыстырғанда олардың артықшылықтанған құқықтық жағдайы бар деген қорытындыға әкеліп саяды, бірақ олардың жағдайы әлеуметтік-экономикалық сипаттас және оларға ҚР-ның кылмыстық сот ісін жүргізудегі ерекше құқықтық режимді қолдану көзделмейді.

Осыған орай, авторлардың пікірі бойынша «шетел азаматтарының мекендеген жерлерінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету тәжірибесіне қарасты, кей жағдайларда халықаралық құқықтық нормалар мен біздің ішкі заңнамалар арасында нақты тәжірибелік мәселелердің шешілуін қиындататын белгілі-бір «вакуум» (бос кеңістік) пайда болады». Әрі бұндай пікір жекелеген ғана емес және әлі күнге дейін осылай қалып отыр және де нақ қазіргі мемлекеттік құрылыс пен жүргізіліп жатқан идеологияға байланысты деген ойдамыз. Бұндай жағдай мысалы үшін, әлі күнге дейін адам және азамат құқықтарын халықаралық стандарттарға елемеуге шейін жеке тұлғаның халықаралық құқық субъектілігін теріске шығару социалистік Қытайда болып жатыр.

Азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық ережесінде шетел азаматтарымен көп ортақтық бар, бірақ та біз жоғарыда атағандай айырмашылықтарыда бар. Сонымен, шетел мемлекеттерінің азаматтары орналасқан елінің құқықтық тәртібіне ғана бағынып қана қоймай, сонымен қатар өз мемлекетіне қарасты құқықтар мен міндеттерді де сақтайды, ал азаматтығы жоқ тұлғалардың өздері тұратын аумақтағы мемлекетпен ғана құқықтық байланысы болады. Шетел азаматтарының құқықтық мәртебесін сипаттайтын халықаралық-құқықтық принциптер А. А. Сабитованың монографиялық жұмысында анық қарастырылған.

Жалпы Қазақстан бойынша жыл сайын 1500-2000 жуықтай шетел азаматтары кылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Шетел азаматтарымен жасалған кылмыстар туралы істер бойынша сот ісін жүргізу, жалпы тәртіп бойынша, ҚР-да ұлттық заңмен жүргізіледі. Жәбірленуші немесе куә ретінде шетел азаматының процеске қатысуы іс қараудың жалпы тәртібіне де өзгерістер әкелген жоқ. Дипломатиялық иммунитеттері бар тұлғалар ғана ерекшелік құрайды. Дипломаттарға қатысты іс-жүргізу әрекеттері тек олардың өтінішімен немесе келісімімен ғана жасалады, Келісім Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі арқылы сұратылады (ҚР ҚДЖК 504 бап., 5, 6 б.). ҚР-ның соттары, прокурорлары, тергеушілері, анықтау органдары кылмысты ашуға, кінәліларды әшкерелеуге және заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге жұмылдырылады. Заңмен белгіленген негіздер мен тәртіптен басқа жағдайда, ешкімде айыпталушы ретінде тартылуы мүмкін емес. Егерде іске қатысушы адам іс қағаз жүргізіліп жатқан тілді білмеген жағдайда (ал шетелдіктер бұл тілді біле бермейді), оған айғақ беруге және өз тілінде ұсыныс жасауға аудармашының көмегін алу құқығы қамтамасыз етілуі қажет. Айыпталушы не үшін айыпталатынын білуге және түсінік беруге, дәлелдер беруге, ұсыныс жасауға, құжаттармен танысуға, қорғаушы алуға, сот талқылауына қатысуға, сот және басқа да лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне шағымдануға құқығы бар. Қорғаушылар тек қана адвокат болмайды. Қылмыстық істі жүргізуші сот, кәсіпқой қорғаушы - адвокатпен бірге қорғаушылар ретінде іс жүргізуге айыпталушының жақын туыстарын немесе басқа тұлғаларды 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 26 ҚР-сы Жоғары сотының «Қорғану құқығын реттейтін кылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» нормативтік қаулының 4 тарауының талаптарын сақтаған кезде рұқсат етеді.

ҚР-ның ұлттық кылмыстық іс жүргізу заңымен жалпы ережеден ерекшелік ретінде шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері мен өзге де азаматтардың кылмыстық жауапкершілігі туралы қазақстандық соттардың кылмыстық істері бойынша қолданыстағы заңдар мен халықаралық шарттарға сәйкес иммунитет мәселесі қарастырылған. Осы тұлғалармен ҚР-ның аумағында кылмыс жасалған жағдайда, дипломатиялық жолмен шешіледі.

ҚР-ның заңнамасы біздің мемлекетіміздің аумағында жүрген кез келген шетел азаматына және азаматтығы жоқ тұлғаға өз басы, мүліктік, отбасылық және өзге де құқықтарын қорғау үшін сотқа және басқа да мемлекеттік

органдарға шағымдануға құқық береді. Заң алдында барлық азаматтардың теңдігінің конституциялық ережесін баяндай отыра, ҚР-ның кылмыстық заңы кылмыс жасалғаны үшін ҚР-сы азаматтарына қалай, солай шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғалар үшін де кылмыстық жауапкершіліктің бірыңғай принципі белгілейді. Осы қағи-тадан ерекшелікті шетел мемлекеттерінің жеке тұлғалары құрайды, олардың кылмыстық жауапкершілігі туралы мәселесі ҚР-сы аумағында халықаралық құқық нормаларына сай шешіледі. Сондай-ақ құқыққа қайшы және жазаланушылық әрекеттер емес, ал тек қазақстандық сотпен тиісті мемлекеттің келісімінсіз істі қарау мүмкіндігі алып тасталады. Осы ереже алдын ала тергеу сатысына да таралады. Сондықтан кылмыстық істерді тергеу кезінде шетел азаматтарының құқықтық мәртебесі ҚР-ның кылмыстық юрисдикциясынан тұлғаның иммунитеті бар немесе жоқтығы көзқарасынан талдануы қажет. Осыған байланысты кылмыстық сот ісін жүргізу үшін ҚР-ның заңды құзырына бағыныштылық дәрежесі бойынша шетел азаматтарын топтастыру үлкен маңызға ие болады.

Қазақстанның кылмыстық процесіндегі шетел азаматтарының құқықтық ережесінің ерекшеліктеріне қатысты жалғыз ескертпе. Бұл шетел азаматтарының кылмыстық құқықтық және кылмыстық іс жүргізу ережесін реттейтін құқықтық нормалардың шеңберін анықтаумен байланысты. Қазақстандағы шетел азаматтарының кылмыстық жауапкершілігінің мәселелері қолданыстағы Қазақстанның заңдарымен және халықаралық шарттарымен реттеледі. Бұл шетел азаматтарының құқыққа қайшылық және жазаланушылық әрекеттерін анықтау кезінде ең алдымен, кылмыстық және отандық құқықтың өзге де салаларының жалпы ережелерін басшылыққа алған жөн (кылмыстық заңның бланкеттік нормасының мазмұнын анықтау кезінде) дәл шетел азаматтарына осы құқық салаларында көзделген «тыйым салулар» дегенді білдіреді.

Демек, шетел азаматтарының кылмыстық іс жүргізу мәртебесіне келетін болсақ, онда ең алдымен, жалпы ережеге сүйене отыра, оған сәйкес «шетел азаматтарымен» жасалған кылмыстар туралы іс бойынша сот ісін жүргізу ҚР-сы ҚДЖК-нің ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Осы жалпы ережеге қатысты шетел азаматтары кылмыстық процесте қазақстандық азаматтар сияқты іс жүргізушілік құқықтарды пайдаланады және тиісті міндеттерді орындайды, ал кейбір жағдайларда әрі үлкен құқықтарға ие болады (мысалы үшін, шетел адвокатының көмегін берген жағдайда).

ӘОЖ 343.2.01

## ҚЫЛМЫСҚЕРДІ ЖАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ( ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚ АСПЕКТІ)

О.С. БАИМАГАМБЕТОВ

1 курс магистранты, Қазақ гуманитарлық заң университеті

Кеңес уақыты кезінде кылмысқерді жазалау және оны түзету мәселелері устірт зерттелген болатын. Бұл мақалада біз ХХ ғасырдың 20 жылдары кезіндегі кылмыстық заңға және еңбекпен түзеу кодексіне (ЕТК) талдау жасаймыз.

1922 жылы РСФСР Қылмыстық кодексі қабылданғаннан кейін РСФСР бірінші ЕТК жобасы әзірленген болатын. Бір жыл ішінде бұл жоба көптеген кәсіпорындар мен ұйымдарда, бұған қоса 1923жылы Мәскеу қаласында өткен пенитенциарлық іс қызметкерлерінің бірінші Бүкілресейлік съезінде талқыланған.

РСФСР ЕТК жобасын талқылау барысында ғалымдар мен практиктердің арасында жазаның мақсаты туралы тағы да пікірталастар мен даулар пайда болды. Практикалық қызметкерлер мен ғалымдардың айтарлықтай бөлігі, мысалы, А.А. Белобородов, Е.Г. Ширвиндт, Б.С. Утевский қызметкерлерді олардың әлеуметтік, таптық шығу тегіне қарамастан түзетудің мүмкіндігі мен қажеттілігі туралы айтқан. Басқалары, мысалы, Н.В. Крыленко таптық күрес жағдайында- оқшаулау және ықпал етудің басқа шаралары арқылы мемлекет пен қоғамның орнығуын қорғау басты міндет деп санаған.

1924 жылы әділет қызметкерлерінің V съезінде жасаған баяндамасында Н.В. Крыленко Кеңес өкіметінің таптық жауларын түзетудің мүмкін еместігі туралы өзінің тұжырымдамасын дамыта түскен, оның баяндамасы бойынша таптық жеккөрушілік, таптық психология немесе таптық дағдылар негізінде кылмыс жасаған адамға қатысты еңбекпен түзеушілік ықпал ету шаралары орын алуы мүмкін емес деген ереже резолюцияға негіз болып қаланған.[1, 77 б.].

Осыған қарамастан барлығына ортақ түзеу теориясының жақтастары берілмеген. Мысалы, профессор С.В. Познышев өзінің көзқарасын дәлелдей отырып, сол 1924 жылы былай деп жазған: «Түзелмейтіндер туралы мәселе кылмыстық құқық ғылымында күн тәртібінен алынып тасталуы тиіс. Қылмыстық құқық түзелмейтіндерді білмейді, тек түзетілмегендерді біледі» [2, 36 б.].

Профессор С.В. Познышевтің 1924 жылғы РСФСР ЕТК жобасын әзірлеу бойынша комиссияның кеңесшісі болғандығын атап өткеніміз жөн және оның пікірі аталған кодекстің негізгі ережелерін әзірлеуде белгілі бір рөл ойнаған. РСФСР ЕТК жобасын әзірлеу бойынша комиссияны РСФСР ІХХ ҚҰОББ бастығы Е.Г. Ширвиндт басқарған.

Осылайша, 1924 жылғы РСФСР ЕТК күтшті пікірталас пен дау барысында қабылданған болатын және жазаның мақсаты туралы қарама-қарсы тұжырымдаманы ұстанған ғалымдар мен практиктердің әр алуан тобы арасындағы белгілі бір өзара түсіністікті білдіреді.

РСФСР ЕТК 1924 жылғы 16-қазандағы БОАК екінші сессиясының XI шақырылымында бекітілген болатын және белгілі бір өзгерістермен толықтырулар енгізу арқылы жеті жыл бойы қолданылған [3].

1924 жылғы РСФСР ЕТК кіріспе бөлімінде Кеңес мемлекетінің түзеу-еңбек саясатының негізгі принциптері айтылған. Бірнеше тараулардан тұратын 1924 жылғы ЕТК тоғызыншы бөлімінде қамауда ұстау орындары басқармасының орталық және жергілікті органдарын ұйымдастыру; қамауда ұстау орындарының түрлері; жазаны өтеу режимі мәселелері; сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру және қамауда ұстау орындарының өндірістік-шаруашылық қызметі; мәдени-тәрбиелеу жұмысы, бұған қоса сотталғандардың қашуына қатысты тәртіптік шаралар мен сұрақтар, қамауда ұстау орындарындағы қызметкерлердің қару қолдануы толығымен реттелінген болатын. Бұдан басқа бас бостандығынан айырысу мәжбүрлеу жұмыстары мәселесі реттелінген.

1924 жылғы РСФСР ЕТК қамауда ұстау орындарының жабық типтерін: қамауда ұстау үйі, түзеу-еңбек үйлері және арнайы тағайындалған изоляторларды құруды қарастырғандығын атап өткен жөн.

1924 жылғы РСФСР ЕТК нормаларына сәйкес қамауда ұстау үйлері тергеуде отырған және алты айға дейін бас бостандығынан айыруға үкім шығарылған адамдарды ұстау үшін арналған.

Түзеу-еңбек үйлері алты айдан он жылға дейін бас бостандығынан айыруға үкім шығарылған адамдарды ұстау үшін арналған.

Арнайы тағайындалған изоляторлар үш категориядағы, яғни еңбекші табына жатпайтын және таптық әдеттері, көзқарастары немесе таптық мүддесі жағынан адамдар; еңбекші табына жататын, бірақ Республика үшін аса қауіпті болып танылған адамдарды; тәртіптік жазалау ретінде ауыстырылған адамдарды қатаң оқшаулаумен бас бостандығынан айыруға үкім шығарылғандарды ұстау үшін арналған болатын. 1924 жылғы ЕТК нормаларына сәйкес аталған мекемелерде сотталғандарды камералар, топтар бойынша ұстау қарастырылғандығы фактісін атап өтпеуге болмайды.

Сотталғандарды ұстау режимі 1924 жылғы РСФСР ЕТК нормаларында қарастырылған жазаны өтеудің прогрессивті жүйесі туралы ережеге негізделген болатын. Оның мәнісі сонда, сотталған қамауда ұстау орнында жазасын өтей жүріп, бірнеше кезеңнен өтуге тиісті болатын, оның өзін-өзі ұстауы мен жазаны өтеу мерзіміне байланысты оны ұстау жағдайы да өзгеруге тиісті болатын. Мәселен, ЕТК 100-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарында үш разрядты: бастапқы, ортаңғы және жоғарғы құру талап етілген болатын. Ал сотталғандарды үш категорияға бөлу қажет болатын:

- бірінші категория - қатаң оқшаулаумен бас бостандығынан айыруға жататын адамдар;

- екінші категория - кәсіби қылмыскерлер, сондай-ақ еңбекшілер табына жатпайтын, өзінің таптық әдет-салты және қозғалысы немесе мүддесі салдарынан қылмыс жасаған сотталғандар;

- үшінші категория - не бірінші категорияға, не екінші категорияға жатпайтын барлық қалған сотталғандар.

Бірінші және екінші категориядағы сотталғандар ЕТМ түскен кезде бастапқы разрядқа жатқызылуға тиіс болатын, онда бірінші категориядағы сотталғандар ЕТК 103-бабына сәйкес мерзімнің кем дегенде жартысын өтеуге, ал екінші категориядағы сотталғандар сот тағайындаған мерзімінің үштен бірін өтеуге, тіпті болмағанда кем дегенде онда алты ай отыруға тиіс.

Жоғарғыдан басқа барлық разрядтағы сотталғандардың камералары тәулік бойы жабық болуға тиісті. Ал жоғарғы разрядтағы сотталғандардың камералары таңертеңнен кешкі тексеруге дейін ашық болуға тиіс болатын.

Қамауда ұстау жағдайын төмендегідей түрде өзгерту қарастырылған:

1. Бастапқы разрядтағы сотталғандарға ЕТК 130-бабы талаптарына сәйкес екі аптада бір рет кездесу және шығу, аптасына бір рет беріп жіберу алуына, сондай-ақ олар өздерінің есебіндегі бар ақшасының үштен бірін жұмсай алатын.

2. Орташа разрядтағы сотталғандар ЕТК 131-бабының талаптарына сәйкес аптасына бір рет кездесу, шығу және беріп жіберу алуына болатын. Олар өздерінің есебіндегі ақшасының үштен екісін жұмсауына болатын.

3. Жоғарғы разрядтағы сотталғандарға ЕТК 132- бабына сәйкес күні бойы олар үшін арнайы бөлінген жер аумағында еркін жүріп тұруына рұқсат берілген; аптасына екі рет кездесу, шығу және беріп жіберу алуына рұқсат етілген, ал өздерінің есебіндегі ақшаның төрттен үшін жұмсауына болатын.

Бұдан басқа ЕТК 143- бабына сәйкес қадағалау комиссиясының қаулысы бойынша орта және жоғарғы разрядтағы сотталғандарға бір апталық және екі апталық демалыс беру қарастырылған болатын.

Арнайы тағайындалған изоляторларда ЕТК 167- бабына сәйкес тек бір ғана бастапқы разрядтағы сотталғандарды ұстау қарастырылғандығын атап өткен жөн. Изоляторлардағы ұстау жағдайы басқа бас бостандығынан айыру орындарымен салыстырғанда барынша қатаң болған. Атап айтқанда, сотталғандарды изолятор территориясынан тыс жердегі жұмысқа пайдалануға мүлдем тиым салынған. Демалыс беруге және іссапарға жіберуге рұқсат берілмеген. Кездесу, хат- хабар және беріп жіберу алуға екі аптада бір рет ғана рұқсат берілген, ондағы сотталғандар тапқан ақшаларының үштен бірін ғана қажетіне жарата алған. Изоляторда отырған сотталғандарды бөліп таратушы комиссияның қаулысы бойынша орта разрядқа ауыстыру арқылы еңбекпен түзеу үйлеріне ауыстыруға рұқсат берілген.

Бұған қоса ЕТК 121- бабына сәйкес мекеменің түріне және разрядына қарамастан қамауда отырғандарға өздерінің киімдерін киіп жүруге және егер заттардың мөлшері мен түрі рұқсат етілген заттардың тізіміне сәйкес келетін болса, онда камерада өздерімен бірге қажетті заттарын қалдыруға рұқсат етілген. Ал тесетін және кесетін заттарға мекеме бастығының тек жазбаша рұқсатымен ғана рұқсат берілген.

Сол сияқты барлық мекемелер мен разрядтарда қамауда отырғандарға қатысты бұғау салуға, қол кісенін

қолдануға, оларды карцерге, қатаң бір кісілік орынға жабуға, тамақ бергізуге мүлдем тиым салынған. Арнайы тағайындалған изоляторлардан басқа жерлерде қамауда отырғандарға темір шарбақ арқылы кездесу беруге тиым салынған.

ЕТК 115- бабына сәйкес әйел жынысты қамауда отырғандарды және тергеуде жүрген қамаудағыларды, сондай-ақ басқа жақтан жіберілген қамауда отырғандарды өзгелерден жеке ұстау қарастырылғандығын атап айтпаққа болмайды.

Аталған кодекс нормасы талаптарына сәйкес қамаудағылардың карантинде болған кезінде кітапханаға баруына, газет, журнал оқуына, шахмат ойнауына және т.б. рұқсат берілген. Осы кодекс бойынша тергеуде жүргендерге және сотталушыларға жұмыс істеу түрін өздерінің таңдау құқығын сақтаумен оларды жұмысқа тарту қарастырылған.

Қамауда ұстау орындары басқармасы ЕТК 11- бабына сәйкес РСФСР қамауда ұстау орындарының бас Басқармасына, жекелеген автономиялық республикалардың қамауда ұстау орындарының бас инспекциясы мен басқармаларына жұмылдырылған. Губерниялардағы (облыстардағы) қамауда ұстау орындары басқармасының жергілікті органдары ретінде қамауда ұстаудың губерниялық (облыстық) инспекциясы болып табылған. Соңғысының құрылымында құрамдағы бөліп таратушы комиссияны құру көзделген болатын: қамауда ұстау орынының губерниялық (облыстық) инспекторы; губерниялық (облыстық) соттың мүшесі; қамауда ұстау орындарында отырғандарға және одан босатылғандарға көмек көрсету комитетінің мүшесі болған.

Осыған ұқсас қызметпен қатар еңбекпен түзеу мекемелерінде құрамында қамауда ұстау орынының бастығы, халық соты және кәсіби одақ бюросының төрағасы болатын қадағалаушы комиссияны құру көзделген болатын.

Жазасын өтеудің прогрессивті жүйесі бойынша туындаған көптеген мәселені шешу дәл осы органдарға жүктелгендігін айту керек. Атап айтқанда, бөліп таратушы комиссияға төмендегідей міндеттер жүктелген болатын:

1. Бас бостандығынан айыруға үкім шығарылғандарды қамауда ұстау орындарына бөлу және оларды бір еңбек-түзеу мекемесінен екінші орынға губерния (облыс) аумағында ауыстыру.

2. Екінші және үшінші категориядағы қамауда отырғандарды бір разрядтан басқа разрядқа ауыстыру және қамаудағыларды бірінші категорияларды бұндай ауыстыру туралы қамауда ұстау орнының Бас Басқармасы алдында ұсыныс жасау;

3. Кәмелеттік жасқа толмағандардың жаза мерзімін өтеудің соңында жеткілікті түзелуін анықтаған анықтаған оларға қатысты қамауда ұстау мерзімін ұзарту туралы соттың алдында ұсыныс жасау.

4. Бөліп таратушы комиссия мүшелерінің пікірі бойынша басқа бұлтартпау шарасын қолдануға болатын адамдарды қамауда ұстауды ауыстыру туралы тиісті органдардың алдында ұсыныс жасау.

5. Қамаудағыларды және қамауда ұстаусыз мәжбүрлеу жұмыстарын өтеуші адамдарды шартты және шартсыз жедел босату.

6. Екі жұмыс істеген күнін бас бостандығынан айырудың үш күніне есептеуді қолдану;

7. Губерниялық (облыстық) атқарудың комитетінің келісімі бойынша қамауда ұстау орнының губерниялық инспекциясы арқылы губернияда жаңа еңбекпен түзеу мекемесін ашу және бұған дейін бар мекемелерді жетілдіру қамауда ұстау орнының Бас Басқармасы алдында мәселе көтеру және ұсыныс жасау.

Көріп отырғанымыздай, бөліп таратушы комиссия түріндегі жұртшылық өкілдеріне қамауда ұстау орнының әр алуан проблемасын шешуде кең көлемдегі өкілеттілік берілген.

РСФСР-дің 1924 жылғы ЕТК 3- тарауында қамауда ұстау орындарында мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру көзделгендігін атап көрсету керек. Мәселен, 82-бапқа сәйкес әрбір мекемеде сотталғандармен мектептегі және мектептен тыс мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Жалпы, РСФСР-дің 1924 жылғы ЕТК барлығы 231 бап болған. Талдау жасау көрсеткендей, қамаудағыларды түзеу идеясы еңбекпен түзеу кодексінің бүкіл өн бойынан байқалған және нарықты экономика кезінде қабылданған ең бір жақсы кодекс болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шапошников А. и др. Криминология. Исправительно-трудовое право. История юридической науки. Монография.- М: Наука, 1977.-191 б

2. Познышев С.В. Основы пенитенциарной науки.-М., 1924.-342 б.

3. Исправительно-трудовой кодекс РСФСР 1924// Сборник нормативных актов по советскому исправительно-трудовому праву. М.: Госюриздателство, 1959.-б. 127-170

УДК 325.1 (574)

## МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В РК: ПУТИ ИХ РЕГУЛИРОВАНИЯ

А.Б. БАТТАЛОВ  
директор, Павлодарский гуманитарный колледж  
С.А. САБИТОВ



преподаватель, Павлодарский гуманитарный колледж  
Д.М. РАХЫМГОЖИНА  
преподаватель, Кадетская школа, г. Павлодар

С момента обретения Республикой Казахстан суверенитета и независимости вследствие распада Советского Союза и образования новых государств, кардинально изменилась и миграционная ситуация на территории постсоветского пространства. Казахстан и многие другие страны бывшего СССР столкнулись с интенсивными миграционными потоками в условиях, когда отсутствовала необходимая информационная база, была слабо развита социальная инфраструктура, не было нормального рынка труда. Приобретая в последние годы ярко выраженный этносоциальный и этнополитический характер, миграция вносит коррективы в жизнь местного населения, влияет на проводимую суверенными государствами политику, а главное, изменяет личностные характеристики тех, кто вынужден перемещаться на другие территории в поисках более стабильной обстановки и в надежде на лучшее будущее.

Все это требует новых подходов к проблематике миграционных процессов, которые обусловлены следующими причинами:

- притеснением представителей некоренных наций в бывших союзных республиках;
- введение в действие закона, ущемляющих гражданские и политические права некоренных жителей;
- вооруженные конфликты в ряде регионов;
- ухудшение криминогенной обстановки;
- резкое снижение уровня благосостояния людей;
- желание переехать на историческую родину.

На постсоветском пространстве Казахстан, являясь активным сторонником обеспечения стабильности и безопасности в регионе, стал полноправным участником процесса взаимодействия и сотрудничества государств-партнеров, других заинтересованных стран и международных организаций, а также НПО по реализации вопросов миграционной политики.

В силу специфики своего географического положения Казахстан выполняет роль геополитического центра, соединяющего Европейские страны с государствами Центральной Азии, вследствие чего приток иностранцев в нашу республику неизбежное явление, которому также способствует наблюдаемый в стране экономический рост и сохраняющаяся стабильная» внутриполитическая обстановка[1].

Республикой Казахстан были предприняты последовательные шаги для создания четкой системы миграционного контроля, создания законодательной базы, отвечающей международным стандартам и достижения наибольшего благоприятствования для пребывающих в нашей стране иностранцев.

Одним из основных направлений деятельности государственных органов в области миграции является, прежде всего, координация миграционного законодательства, обеспечение решения задач по защите прав и интересов человека, уважение государственного суверенитета и борьба с незаконной миграцией.

В сфере миграции в Казахстане создана в целом отвечающая международным стандартам законодательная база, позволяющая развивать туризм, привлечение иностранной рабочей силы, возвращение на историческую родину оралманов [2].

Условия взаимных поездок граждан оговариваются межправительственным соглашением в формате ЕврАзЭС между Республикой Казахстан, Российской Федерацией, Республикой Беларусь, Кыргызской Республикой и Республикой Таджикистан. Двусторонние Соглашения о порядке въезда и пребывания заключены с Азербайджаном, Молдовой, Узбекистаном, Украиной, Турцией, Индией, Китаем, Венгрией, Словакией, Румынией и рядом других стран.

Казахстаном в рамках ЕврАзЭС проводится согласованная социальная политика по гармонизации и унификации национального законодательства в социально-гуманитарной сфере.

В рамках таможенного союза разработан ряд соглашений, регулирующих правовые отношения Сторон.

Взаимодействие органов внутренних дел Казахстана с правоохранительными органами стран СНГ на двустороннем уровне регламентировано рядом международных договоров и соглашений и осуществляется по следующим основным направлениям: борьба с преступлениями против жизни, здоровья, свободы, достоинства личности и собственности; борьба с организованной преступностью и коррупцией, бандитизмом, терроризмом и международной преступностью; борьба с незаконной миграцией и трафиком людей; борьба с незаконными операциями с оружием, боеприпасами, взрывчатыми, ядовитыми веществами и радиоактивными материалами, незаконным оборотом наркотических и психотропных веществ.

Сотрудничество органов внутренних дел Республики Казахстан с правоохранительными органами приграничных регионов осуществляется на основе двусторонних соглашений. Подписаны «Соглашения о приграничном сотрудничестве» между МВД Республики Казахстан и МВД Российской Федерации, Кыргызстана и Узбекистана[3].

Соглашениями предусмотрены: обмен оперативно-розыскной, криминалистической и иной информацией, представляющей взаимный интерес; проведение рабочих встреч по обмену опытом в сфере борьбы с незаконной миграцией, организованной преступностью и охраны общественного правопорядка; разработка планов совместных действий на случай возникновения чрезвычайных ситуаций.

Важным шагом в развитии и укреплении отношений приграничных стран является заключение

двухсторонних межправительственных соглашений о порядке пересечения государственной границы жителями приграничных территорий.

Основой в борьбе с незаконной миграцией является «Соглашение о сотрудничестве в борьбе с-нелегальной миграцией», принятое государствами-участниками Содружества Независимых Государств в 1998 году.

Соглашения по борьбе с незаконной заключены также на уровне органов внутренних дел приграничных регионов Республики Казахстан, Российской Федерации, Кыргызской Республики и Республики Узбекистан.

На постоянной основе проводятся оперативно-профилактические мероприятия по выявлению и пресечению каналов незаконной миграции. В ходе которых, решаются задачи взаимодействия в выявлении каналов незаконной миграции, организации выдворения лиц, нарушающих порядок пребывания через территорию сопредельного государства, выявления лиц, использующих для въезда поддельные документы, а также лиц, находящихся в розыске.

В соответствии с Программой сотрудничества государств- участников СНГ ежегодно проводится совместная операция «Граница» с участием сил и средств МВД и КНБ по противодействию незаконной миграции через Государственную границу и территорию Республики Казахстан.

МВД совместно с МИД и КНБ на территории республики и государств-членов ОДКБ ежегодно проводится операция «Нелегал», целью которой является борьба с незаконной миграцией граждан из третьих стран.

Основным принципом миграционного права является свобода передвижения. Около этого понятия на протяжении столетий базируются имманентно присущие миграционному праву такие категориальные дефиниции как: въезд и выезд, статус иностранца, убежище.

Формирование понятия миграционного права и определение его места в общей системе международного права и внутригосударственном праве отдельных стран имеет продолжительную историю. В древнем мире пришельцы- иностранцы не владели никакими правами. Расширение торговли и международных отношений вызвали насущную потребность урегулирования правового статуса чужаков. Постепенно, с развитие общественных отношении, иностранцам стали предоставлять защиту согласно закона. И наиболее весомым событием в становлении норм миграционного права касающегося иностранцев была замена после французской революции термина и понятия «подданство» на «гражданство». Для личности понятие «гражданство» обозначало принадлежность государству, а не правящей власти, и «право иметь права» внутри страны [4].

Рассматривая проблему взаимодействия и соотношения национального и международного миграционного права, следует выделить то, что само гражданство является принципиально важным, особым звеном, которое связывает внутригосударственную и международную правовые системы. Большинство стран, особенно со значительным опытом регулирования миграционных процессов, базируют национальное миграционное (эмиграционное) законодательство на собственных законах про гражданство. Различные принципы, на которых базируется законодательство о гражданстве разных национальных правовых систем, обуславливают необходимость непосредственно оговаривать отличия и особенности национального миграционного права в этих странах. Понимание принципов гражданства является основным условием сравнительного анализа миграционного законодательства.

Общепризнанный международный стандарт прав человека - право на свободу передвижения, на наш взгляд, следует рассматривать как специальный принцип миграционного права. Согласно предмету миграционного права к принципиальным правам граждан, связанных с миграционными процессами относятся: право на гражданство; право свободно оставлять любую страну, включая собственную; право возвращаться в свою страну; право оставаться в своей стране.

Согласно закону, регулирование миграции населения основывается на следующих принципах:

- обеспечении закрепленных в Конституции Республики Казахстан прав человека на свободный выбор места проживания, свободу труда, свободный выбор рода деятельности и профессии, свободу выезда, свободу передвижения;
- недопустимости какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или любым иным обстоятельствам;
- обеспечении соответствия миграционного законодательства Республики Казахстан международным нормам и рекомендациям Международной организации по миграции с учетом современного социально-экономического положения республики, ее исторического прошлого и традиций, перспектив развития;
- всестороннем содействии репатриации казахов на свою историческую родину, организация их расселения, создание рабочих мест и осуществление комплекса других мер обеспечения адресной помощи и социальной защиты переселенцев коренной национальности;
- упреждении стихийных и неупорядоченных процессов как внутри страны, так и за ее пределами на основе выработки социально-экономических стимулов в среднесрочных и долгосрочных программах действий, базирующихся на прогнозе потенциальной миграции и направлений миграционных потоков в связи с изменениями социально-экономической и общественно- политической ситуации;
- участия соответствующих государственных органов в организации упорядочения процессов миграции;
- личном участии мигрантов в обустройстве на новом месте проживания при адресной государственной поддержке инициативы и самостоятельности каждого, в первую очередь - переселенцев из зон экологического и стихийного бедствий;

- запрещении высылки или принудительного возвращения беженцев в страны, откуда они прибыли, кроме случаев, предусмотренных международными договорами;

- сотрудничестве с другими странами, особенно принимающими иммигрантов, в области снижения нелегальной миграции, в виде учебного образования, профессиональной подготовки, трудовой миграции[5].

